

**СЫРЛЫТАС**

Досбол ИСЛАМ

Досбол ИСЛАМ

**СЫРЛЫТАС**



Досбол ИСЛАМ

# СЫРЛЫТАС

Өлеңдер



АЛМАТЫ  
«ДӘСТҮР»  
2016

**ӘОЖ 821.512.122.1-1**

**КБЖ 84(5 қаз) -5**

**И 28**

**«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсеке-лестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді»**

**И 28 Ислам Д.**  
**Сырлытас:** Өлеңдер./Досбол Ислам. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС: Дәстүр., 2014. – 320 б.

ISBN 978-601-7505-27-1

Ақын Д.Исламның «Сырлытас» жинағындағы өлеңдері идеялық ерекшеліктеріне орай «Ай Абыз дертті қозғайды», «Сезімнің сау-сақтары жүзкісіз», «Махаббат та ертегі тыңдай білсең/Қиялыңды құндақтар бір шындығы» атты үш бөлімге бөлініп беріліп отыр. Тәуелсіз елдің бақыты, әлеуметтің көңіл күйі, қоғам психологиясының ішкі иірімдері, шынайы сезімнің нәзік әуендері ұлттық дүниетаным тереңдіктерімен бейнеленуі – ақын өлеңдерінің философиялық толғаныстар мен концептуальды шешімдер орамына бай келетіндігін көрсетеді.

«Сырлытас» өмірді сүйетін, өміртануға, адамтанымға ұмтылған жүрек көзі-ақыл сөзі бар шаң қауымға арналды.

**ӘОЖ 821.512.122.1-1**

**КБЖ 84(5 қаз) -5**


ISBN 978-601-7505-27-1

© Ислам Д., 2016.

© «Дәстүр», 2016.

© «Қаратау КБ» ЖШС, 2016.

БІРІНШІ БӨЛІМ



*АҮ АБЫЗ ДЕРМТІ  
ҚОЗҒАҮДЫ*



## **СӨЗ АНАСЫ ЕСЕНДІК**

Сөз анасы есендік,  
Сұрастым жұртым әуелі.  
Ой төгілсе шешендік,  
Сөйлесін рухтың әуені.  
Егемен елдің баласы,  
Ата жолын шолар ма?  
Момынға тәңір арашы,  
Бүгінге көңіл толар ма?  
Даламның- ұлы иманы,  
Аяттарыммен тербелген.  
Адамның иман жиғаны,  
Асады алуан өр белден.  
Солардың бірі пайғамбар,  
Адамзаттағы ардақты.  
Алланың сырын жайған бар,  
Өнеге ісі салмақты.  
Қазақпын мен де әу бастан,  
Тегі де демі мұсылман.  
Өлгені де бір әу-дастан,  
Аллаға жанын ұшырған.  
Отаны- Қазақиясы,  
Иманы шексіз сүйдірген.  
Қастерлі ұшқан ұясы,  
Атадан жеткен күйді ілген.  
Аманат ұл қыз бойында,  
Шымырлап қанда аққандай.  
Туған жер тауың, ойың да  
Тұмар ғой анам таққандай.  
Тілімнен адам баласы,



Қазақ деп мені таныды.  
Шатысса сөзің қарашы,  
Көзқамандығың анығы.  
Тәрбие баққан өскіндер,  
Дәстүрді аттап жүрместі.  
Салттарым қайда көштіңдер,  
Не заман келіп үндесті...  
Іздемек ғылым күнінде,  
Нәпсімен кеттің достасып.  
Құрдымға тастар түбінде,  
Қалмасаң ерте қоштасып.

Ғұламалардың ойына,  
Селт етті әлем Абайға.  
Соларды тыңда тойына,  
Шомылып нұрлы арайға.  
Бүгінге сөзі өсиет,  
Аларсың жанға керегін.  
Жүректе қалса ес ниет,  
Өткеннің ұғын дерегін.  
Азаттық үшін жан берген,  
Ойына ерлер малтыппын.  
Ұйқысыз жүріп таң көрген,  
Солардан деме артықпын.  
Не жақсы ненің жаманын,  
Ескерер таным болмаса.  
Хикметін тыңда дананың,  
Не дейін ол да қонбаса.  
Шарапат тұрар түрінде,  
Шаңдатып әрне емінбе,  
Желікке түсіп бүлінбе.  
Қасиет жылар көзінде,



Ертеңің бүгін сорласа.  
Ойланшы қалай өзің де  
Құрметсіз қалса ата-ана,  
Мұсылмандығың бес тиын.  
Жүрмесен әр сәт бата ала,  
Түзеле қоймас көш күйің.  
Бойыңнан жұртқа төгілер,  
Жақсылық көркем мінезде.  
Әйтпесе түбі сөгілер,  
Өмір ғой ауған лезде.  
Жүректің көзі ашылар,  
Хикметтің сырын ұқсаңыз.  
Нәпсінің жыны басылар,  
Намазға басты жықсаңыз.

Күнелттің аят тыңдамай,  
Қызығы құрғыр арбаса.  
Түсінер мұны кім қалай,  
Жүрексіз өмір далбаса.







Сырлытастарға қашап жазылған –  
тарихы терең тұлғалар,  
Ұрпағым күйі қалай деп?  
алаңдап жатсың білемін.  
Ескертіп өлім құлға бар...  
Таппаса болмай торыққан,  
құлдықты Ес-тің бір емін...  
Аспаннан атып жібердің  
ойлы да сойлы бір хабар,  
Ұғып-ұрпақтың сауын тілегін.

Сырлытастарға қашап жазылар –  
хандықты еске алған жыл,  
Тәуелсіз елдің айбынын медиандардан асырып.  
Осылай рухты жалғап жүр.  
Қағанат солай қорғалған,  
соқтыққан елдің құтын қашырып.  
Өлеңім баян етеді  
өзегімдегі арман-гүл,  
Бұзып-тар соқпақтарды тасынып.

Сырлытастарға қашап жазылған  
құран сөздері сыртында –  
аманат тұрған,  
– Беу менің Әзірет Сұлтан кесенем,  
Дүние сенің ырқыңда.  
Сабалақ бала жолына....  
Алланың нұрын төгіп төсеген.  
Даламда аққан қан-өзен,  
заманның сол бір сұрқында,  
Қайырым кәне кеткен еседен?



**ҚАЗАҚ, ҚАЗАҚ БІР ҰЛЫ СӨЗ ЕРКІН ҰЛ**


КөкТәңірдің дауысынан селк етіп,  
Рухтың тілі оятты от кеуделі намысты.  
Ұлұғ бектер болжап бақты алысты,  
Ел жиналып тұғырынан ер кетіп.  
Басып қалған бір қадамы шалысты,  
Тақ үстінде қанша тағдыр қан ішті...

Ары-тарт та бері тартқан билікті,  
Көп төрелер күпір іске бармақшы.  
Жеке соғып елді бөліп алмақшы,  
Ұрұс ханның ұрпақтары килікті.  
Ырың-жырың көбейгенде хан бақсы –  
Тартар елге енді не күй салмақшы.

Сауын айтып Алты Алашқа сабылған,  
Жаушыларға түн бөрісі жол бастап.  
Бір Ұлы сөз тарай берді қонбастан,  
Ел боламыз түп қазығы қағылған.  
Ақ үмітке жұтынды жұрт тоңбастан,  
Керегенді аулаққа сал болмастан...

Қазақ,қазақ бір Ұлы сөз, еркін ұл,  
Ойы түзу көңілі аспан арманды.  
Жағаласып жылататын жалғанды,  
Алаш атам табыстаған сертін бұл.  
Ат тұяғы дүбірлетіп бар маңды,  
Әз Жәнібек,Керей еске салғанды.

Керей хан мен Әз Жәнібек ойымен,  
Мәңгілік ел аманатын мұраттап.



Ұлыс көшті Ақ Ордадан жырақтап,  
Мойынкұм мен Қозыбасы бойымен.  
Шу алқабын етті мекен тұрақтап,  
Жаугершілік тағдыр тағы сынатпақ.

Керей ханмен ӘзЖәнібек бір туды,  
Көтерді де бір ұл болып бірігіп.  
Жүргеніміз жетер табан тілініп.  
Дұшпан жоқ па бізді ойлар құртуды.  
Алаш жұрты тусын қайта тіріліп,  
Ру тайпаны қосты, неткен ірілік.

Таңбалы тас тарих тілі қашалған,  
Бедерленген рулы елдің бірлігі.  
Сенде жатыр Ұлы дала тірлігі,  
Оған куә атылған оқ тасаңнан.  
Талай ғасыр тілім-тілім түңлігі,  
Қанша ұрпақтың кесілмеді кіндігі...

## **ТҮРКІСТАН ТҮРІК АНАСЫ**

Бұл ғасыр сірә, асылы,  
Түрік әлемі ғасыры.  
Тіктедік ойды алысқа,  
Күндердің семіп жасығы.

Бірлігі түрік туыста,  
Туыстың екен ту ұста.  
Біріңнің қамын бірің жеп,  
Береке кіргіз ұлысқа.

Ортақ бір туың қаныңда,  
Түріктік ұлттық танымда.



Түркістандай бар анасы,  
Түрік боп туған бағыңда.

Дәстүрдің ұлттық жолында,  
Аманаттарын орында.  
Түркістандай бар әкесі,  
Баласы қазақ қолында.

Қазақ бауырың иелі,  
Тарихың айтқан жүйелі.  
Түркістан түрік туысқа,  
Қара шаңырақ киелі.

Тіліңді ата ұлықта,  
Дініңді ұста құрықта.  
Түркістан қара шаңырақ,  
Тегіңді шыққан ұмытпа.

Ясауи түрік тілінде,  
Жеткізген Алла үнін де.  
Түрікке ана Түркістан,  
Астана болар түбінде.



## **СЫЙЛАҒАЙ КҮНГЕ ТЫНЫШТЫҚ**

Өмірдің өзін өксітіп жіберіп күнә таланға,  
Құдайын әркім арқалап -қақты бір сына алаңға.  
Құдайға айтып баратын сәби өлімі көбейіп,  
Температура қалыпты болмай тұр мына ғаламда.

Не болар деп ертеңім уайымдамас бар ма адам,  
Надан жыртқышқа айналды әлсізге ауыз қандаған.  
Алыптар есер боп шықты қауіптер миды сыздатып,  
Мазалар үрей ғасырда не тиер бізге Алладан.

Ұлы даланың ұрпағы болғаным үшін кішімін,  
Кеудемде намыс бұрқағы құбылған өмір түсі мың.  
Тәуекел қайық есек те көңілде нендей алаң бар,  
Жиырма бірінші ғасыр- сомдайды қалай мүсінін.

Мәңгілік елдік сананы азық ет аздау ұлыс құт,  
Секілді түрік қағаны Алладан адал ырыс құт.  
Керегі бізге қашанда қанағат, шүкір ниеті,  
Жиырма бірінші ғасыр- сыйлағай күнге тыныштық.



## ТҮРКІСТАН СӨЗ АНАСЫ ТҮРІК ҮШІН

Түркістан – түрік рухы шұғыласы,  
Кешегі ата тарих мұңы, басы.  
Алланы танытпаққа Ясауидің,  
Түріктің көзін ашқан құбыласы.

Біле ме исі түрік шежіресін,  
Білгенің адамзатпен тең жүресің.  
Түркістан нұры жетер әр жүрекке,  
Әр түрік Түркістан деп елжіресін.

Түркістан бойындағы ыстық қаның,  
Алладан жәрдем тіле қыстыққаның.  
Жаз ғұмыр өтпейтіндей көрінсе де,  
Пенде өзі жасау керек қыстық қамын.

Түркістан күллі түрік көз қабағы,  
Болмысын аман сақтау өз қалауы.  
Ғасырлар, жылдар, айлар көшкен сайын,  
Өткеннен адам қалмас сөз қалады.

Түркістан – сөз анасы түрік үшін,  
Айтылған өз тілінде ұлы күшің.  
Түрік халқы баласы кіндік кескен-  
Ата жұрттан ұшырар көңіл құсын.



## ШЫҢҒЫСХАННЫҢ ШЫНДЫҒЫ

*(Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ түрік университеті президенті, Уәлихан Абдибековпен сұхбаттан кейінгі ойтолғау)*

### АЛТЫН ТАМЫР

#### БҰЛАҚ КӨЗІ

1

Бөрте-Шина Ұмай ана,  
Қали-Корчи сынай қара.  
Добу-соқыр, Добу-Баян,  
Алун-Гуа – Нұр айнала.

Нұрдан туған Қамбар батыр,  
Десе тарих таң қалма құр.  
Боданчардан Бұқатайлар,  
Шындық сөйлер аңғар да тұр!

Дотым Мәнен-Қоңыршұнақ,  
Еліне бас шоң ұл сұрап.  
Сегіз ұлын өлтірген дау-  
Қалай қиған тобыр шыдап.

Тірі қалған жетім малай,  
Қанмен жуған бетін талай.  
Нышан, Қайду кетті жүріп,  
Өгем тауға көшін қамай.

Керуланнан ығып келген,  
Дарлакинді жығып берген.  
Нышан батыр Қайдуды хан,  
Көтергені ұлық төрден.



Сол Нышаннан Барлас тарар,  
Тар кезеңде қандас жарар.  
Бір заманда осы тектен,  
Шыққан Темір хан басқарар.

Қайду ханның Байсұңқарын,  
Тұмбіне хан тай тұлпарын.  
Семсешұлдың түсі берген,  
Әлем билер сай сұлтанын.

Тәңірлік дін дауа дескен,  
Шықпас Ислам діні естен.  
Бір заманда сенім үшін,  
Түрік-монғол ауа көшкен.

Ислам дінін қабылдаған,  
Көшпегені дамылдаған.  
Жүрегімен құдай танып,  
Жоққа,пұтқа табынбаған.

## **ҚАҒАҒАҒДАР МЕН ҚАЙМАНА**

### **2**

Орхон,Онон қаражұрты,  
Сұра!- айтар дала бұлты.  
«Көк шежіре» сөйлер солай,  
Алдырмаған сана құлпы.

Көшпелі Ел арынымен,  
Қабыл ханның дарынымен,  
Аспан Елі алым берген,  
Заман өткен зор үнімен.





Ханбақай хан қыз ұзатып,  
Жолға шықты тізгін батып.  
Сұр ат өлді, қазан құлап,  
Ажал күлді мұз уатып.

Хан келгенін жаяр ішке,  
Сеніп зәлім даяр күшке.  
Татар құда сатып кетті,  
Қалай барған аяр іске.

Алтын ханмен жымы бірге,  
Салды татар күні ірге.  
Көркем-Бархат,Қадан батыр,  
Тағылады құны кімге?

Әке бармас қыз артынан,  
Содан қалды із аңқыған.  
Бүгінде бар дәстүр бізде,  
Жеткен бабам тұз антынан.

## **ХАН ӘКЕ**

### **3**

Онон судың етегінде,  
Түрік-монғол от елінде.  
Оолун сұлу кете барды,  
Есекейдің жетегінде.

Меркіт жігіт қуылуы,  
Куә Онон суы-нуы  
Күллі түрік бағы шығар,  
Темүжиннің туылуы.

Оолун ана қоңыраттық,  
Жуған жазмыш қолын ақ құт.



Темүжиндей перзентіне,  
Ұлы дала жолын арттық.

Есекеймен өлке байып,  
Төресіне көрпе жайып.  
Темүжинге қыз айттырды,  
Қоңыраттан Бөрте лайық.

Тай шешеннің көрген түсі,  
Бөрте қызын берген кісі.  
Бүре ұстап Ай мен Күнді,  
Ақ сұңқар құс желден күші.

Құдалардан паң бұл азбан,  
Қайтқанында тағдыр жазған.  
У қосылған қымыз берді,  
Татарлардан жан бір азған.

Заманда сол ерлік қымбат,  
Ауды бастан кергіп бір бақ.  
Үлгеріпті Есекейдің,  
Аманатын Меңлік тыңдап.

Оолунды жар қылындар,  
Ошағымды жандырыңдар.  
Темүжинді өскенінше,  
Нағашыда қалдырыңдар.

Ұлы дала бір бегінен,  
Айрылғандай дүрмегінен.  
Есекейдің өліміне,  
Ел жылады шын берілген.



## ТӘҢІРІНЕН СҰРАУ

### 4

«Көлеңкеден басқа дос жоқ,  
Аруақтан басқа ес жоқ».  
Оолун ана көп ширықты,  
Ұрпағынан басқа көш жоқ.

Жейтін ас жоқ отта тұрған,  
Болмады ана жоққа құрбан.  
Ұлдарына қонған ақыл,  
Жеміс-жидек шөп тамырдан.

Түршігеді жаурап денең,  
Қайраңдаса аунап кемең.  
Темүжиндер балық ұстап,  
Тараққұйрық аулап жеген.

Ана жасы күн-түн ақты,  
Күн көрсетпей құл тымақты.  
Таласып бір нән балыққа,  
Бұзды бауыр ынтымақты.

Жан түршігіп үркіп ақ таң,  
Атылған оқ ырқын баққан.  
Алғаш жүрек жазалады,  
Бектер қанын құлқын атқан.

Күндер өтті түтін көшкен,  
Жамауды бір бүтіндескен.  
Қан шеңгелдеп туылған ұл,  
Тура бише үкім кескен.



Тағдыр иті ырылдап та,  
Қапты жастай ұрындап та.  
Билік менен кетпесін деп,  
Тарғатайдай –қырылдақ та.

Бақталастық төне ілген,  
Тасып зорлық кемерінен.  
Құтылды ол алғаш ордан,  
Сорхан-шардың көмегімен.

Орақшын ат қос танауы,  
Желден ықпас төс-табаны.  
Барымтамен бақ қайтарып,  
Бауыршыдай дос табады.

Қайын жұртқа бір күн түсіп,  
Ата салттан тұрдың кішік.  
Киттің басын әкеп жаптың,  
Тоғрыл ханға бұлғын ішік.

Кеткен кек деп ант ұрғаны,  
Тыншу көрмей ар құлады.  
Бөрте ана Шашыгүлді,  
Меркіттер кеп тартып алды.

Ойламастан өзге қамды,  
Жалғыздығын сөзге таңды.  
Терісіне намыс сыймай,  
Жүрек оты көзде жанды.

Сабыр сақтап зор шыдамы,  
Жана ма деп жөн шырағы.



Бұрхан таудың киесінен,  
Зар еңіреп жол сұрады.

Бұршақ басып ашу уын,  
Білмей қалай басылуын.  
Тіледі көп билік тұста,  
Бақ-жолының ашылуын.

Бауыр етіп қандас құлды,  
Тек елдікті қамдастырды.  
Ата жолмен рәсім жасап,  
Көк Тәңірге ақ шаштырды.

## **АЛТЫН ТӘЖ**

### **5**

Сірә тілеу қабыл болды,  
Бірлік аттап дабыл жолды.  
Татар, меркіт басын иіп,  
Жеңіс атты бақ-нұр қонды.

Қорғамаққа от мекенін,  
Қайтармаққа жоқ өтеуін.  
Ұқты бірлік тұрған жерде,  
Жеңілмес жау жоқ екенін.

Кім ойлаған салқын төгер,  
Анда-достан шалт үн келер.  
Ауыстырып анттасқан дос,  
Белдіктерін алтын кемер.

Жамуханы мықты тостың,  
Ол сенімін жықты қостың.



Көк аспаннан оқып өмір,  
Сатқындығын ұқтың достың.

Жұмылған ел қандай жақсы,  
Бірлігінен кінә тапшы.  
Қызғаныштан бұзды соны,  
Көктәңірлік Кәкчу бақсы.

Құт жайлаған төрін ізгі,  
Сақтамаққа ебін түзді.  
Отжиғанмен алыстырып,  
Үш палуан белін үзді.

Жалғастырды ісін аман,  
Теңестіріп күшін қаған.  
Кәкчу ханға қарсы шығып,  
Қаһарына ұшыраған.

Сатқынға іш жылымайды,  
Жамылады күні қайғы.  
Әскер басы етті қаған,  
Сеніп батыр Құбылайды.

Берген серті ұнағасын:  
«Тіккен туым құламасын,  
Құласа да тұтам денем»-  
Тәңір қолдап сынаған шын.

Таян ханның тағын қосып,  
Таңғұт-Қытай тәнін жосып.  
Күміс керсен ер салынған,  
Тұлпар мінді бағын тосып.



Кекті қалай аңдамасын,  
Цзин болып таңдамасы.  
Пекин құлап- қытай қашып,  
Атанғанды «Хан қаласы».

Жау жүрегін жара шайнар,  
Сұңғылалы дара қайнар.  
Үгедей мен Сүбетейлер,  
Жебе, Жошы, Шағатайлар.

Текті тамыр бұтағына,  
Сеніп алда ұтарына.  
Билікті бас беріп қойды,  
Жарты патша Мұқалыға.

Атқа батып ер тұрманы,  
Кері желді өр тұлғалы.  
Ұлы Жібек жолы түскен,  
Ұлы дала қол бұлғады.

Сыйласпақты хош көрумен,  
Ақ жолына дос ерумен.  
Шахқа арнап хат жаздырды,  
Атғандырып көш керуен.

Тарихтың көп жайған сыры,  
Қалай болған қайран шыны.  
Елшілерді қырып салған,  
Отырардың Айналшығы.

Хорезм шах есірді деп,  
Жаратқаннан кесім тілеп.

Топыраққа бетін басты,  
«Алтын арқан» кесілді деп.

Сонда қаһан жылады да,  
Шыннан шындық сұрады да.  
Әділетсіз іске тойып,  
Шықты қарсы сынағына.

Жағамын деп ел шырағын,  
Әділдікті тең сұрадың.  
Ол да патша бола тұра,  
Неге бұзған елші заңын.

Мұны айтар дара ізі,  
Болған қанша пана түзі.  
Мұхаммед шах ниеті де,  
Қылыштың бір қара жүзі.

Тұмшалаған түсі күнді,  
Ашу ыза күші құнды.  
Басқа шара қалдырмаған,  
Ақ білектің ісі тұрды.

Ұлы дала ары буды,  
Желбіретіп таңы туды.  
Шыңғыс ханның ақ қылышын,  
Жауларының қаны жуды.

Сілтегенде оннан кесіп,  
Қадағанда қолдан кесіп.  
Шах көзіне көрінді ол,  
Көктен төнген орман көшіп.





Шуға бітті түз құлағы,  
Жебесінен жүз құлады.  
Сол сәттерде ақпай тұрды,  
Қаһарынан түз бұлағы.

Домалады паң ұл басы,  
Қашты ісі һәм ұрғашы.  
Сыздап жатты дүбірінен,  
Қамалда ел қабырғасы.

Бодандықтан Тұран жұртын,  
Құтқармаққа құмарлы тым.  
Хорезм шах тізе бүкті,  
Көшті бастан мұнарлы күн.

Соғыс барда қаза барын,  
Жанмен ұқтың азаладың.  
Ата қоныс Отырарды,  
Жат биліктен тазаладың.

Тұрған кезде ұрыс күйіп,  
Көңіліне бір іс түйіп.  
Айналшықты ел алдында,  
Жазалады күміс құйып.

Бағындырды күш келісті,  
Соғысуда білген істі.  
Темір-Мәлік Бұхараны,  
Самарқанды, Үргенішті.

Қарапайым елге құттың,  
Дәнін сеуіп үммет ұттың.



Жеңген жерде пірәдармен,  
Диханшыны құрмет тұттың.

Талай тағын...жат алдырды.  
Қағанатқа батаң нұрлы.  
Бірлік, жосық құраның боп,  
«Үжин қас хан» атандырды.

## **МҰРАГЕР**

### **6**

Ел жүрекпен кешті сезді,  
Қимақ емес ескі көзді.  
Бірде ханға айтты батыл,  
Есүй ханым есті сөзді.

Шаршамас па шағың өрлі,  
Сағынбас па тағың зерлі.  
Тәнің солар гүлің оңар,  
Кім билейді қалың елді?

Жат тегіңнен туыспайды,  
Жақсы сөзді қуыспайды.  
Алтын ерден ауар болсаң,  
Ақ туыңды кім ұстайды?

Көшер бұттай жүз өндіден,  
Бермей тулар күз енді рең.  
Абайсызда жығылғандай,  
Аяқ шығар үзеңгіден.

Есүйіне қауым сынын,  
Айтқанына тау ұл шынын.



Риза болды, айтпап еді,  
Мұқалы мен Бауыршыным.

Хан ойланды қамықпады,  
Өтер дәурен бар ұққаны.  
Ұлы жолға шықты қанша,  
Соның бәрі халық қамы.

Асу бар ма алынбаған,  
Ұлыс бар ма жағынбаған.,  
Адамның бар жеңісіне,  
Уақыт қана бағынбаған.

Әзір соны ойлап тұрды,  
Ұзатып сап оймақ күнді.  
Өмір жайлы айтқан дана,  
Ойларына бойлап кірді.

Өмір бар ма мәңгілікті,  
Санада ой жаңғырыпты.  
Жоқ дегенмен жағаласты,  
Сейілтпекке хан күдікті.

Өмір мәнін іздемекке,  
Бекінді бір із дерекке.  
Сопы-ұстаз Чан-Чунь ойы,  
Келді жетіп бір көмекке.

Чан-Чунь айтқан тоба жаны,  
Өмірді көп толғанады.  
Ұзартудың айласы бар,  
Ал өлімнің жоқ амалы.



Соған бекіп ойы тосын,  
Жазды тоқып заңын «Жосын».  
Ел деп өмір сүргені де,  
Көтерді көп көңіл хошын.

Есүй атқан мұрагерлік,  
Көрсетті ол сұрап ерлік.  
Қаһан аздап ойға шомды,  
Ойы жүйрік құлагерлік.

Бауырларын сыйлы жанын,  
Балаларын күйлі таңын.  
Түменбасы-нояндармен,  
Сенген достың жыйды бәрін.

Кетер күн бар тайып бағы,  
Бәріміз бір қайықтағы.  
Жошы сөзді бастамақта,  
Шағатайы айыптады.

Қаһан сонда тілегіне,  
Тілек қосып үдеді де.  
Бірің енді қаяу салма,  
Бөрте ана жүрегіне.

Сақтап қаһан оттан жанды,  
Көрмейін деп шоқ салғанды.  
Бәрінің бір қалауымен,  
Үгедейге тоқталғанды...

## ТҮЙІН

7

Шыңғысханға атақ артып,  
Шарпысамыз шата тартып.  
Бүгінгідей осал емес,  
Орнатқан ол қатал тәртіп.

Отырған құл нұр – тағына,  
Көнбей хандар бұлқағына.  
Әділдікті әмір етті,  
Аманаттап ұрпағына!

## АСҚАҚ ЕЛДІҢ ТІЛЕГІ

Асқақ елдің тілегі,  
Байтақ жердің жүрегі- сен Астана.  
Көңілімде Күн лебі,  
Ақ жүректің дүрмегі-сен Астана.

Астана – алуан тағдыр жиі сені,  
Армандап кеп түйіседі.  
Бәйтеректей тербетілген,  
Жас көңілдер сүйіседі-төріңде.  
Астана- сағат сайын абаттанып,  
Өсе бер сен қабаттанып.  
Ұша берсін Ұлы арман,  
Тас түлектей қанат қағып-көгіңде.

От ұлдарын қайратты,  
Желпілдетіп байрақты-сен Астана.  
Бұлбұлдарын сайратты,  
Кім-кімнен де қайратты-сен Астана.



## АСПАН СҮЙІП ЖЕРДІ

Алтын уақыт алқымнан-ап,  
Танытпа сен салқын қабақ.  
Жақсылықтың туын көтер,  
Алғаннан соң халқың қалап.

Күн айналып түндей,  
Түн ойланып күндей.  
Жүрсе адамзат шіркін,  
Өкпе назды білмей.  
Аспан сүйіп жерді,  
Жер көкжиек керді.  
Жақсы көрсін адам –  
Анасындай елді.

Шамың өшпей шырайлансын,  
Басыңда бақ шыр айналсын.  
Кім боп өмір сүргеніңді,  
Кейінгі ұрпақ сұрай барсын.

## ЖЫЛҒА ТІЛЕК...

Мешін...

Саған да берген кім екен есімін жылдың,  
Сен қай бабамнан артып -  
Тылсымның шешімін қылдың...  
Өрмелегеніңді ағашта биіктік тұтқан,  
Бір замандардағы данышпан кеш ұлын құлдың.

Ұқсатты бәлкім көзіне кие көріне,  
Ышқынатының бір бар еді түйе тебіне...  
Жер шары дейтін мекеннің-  
Өз мешіндері...  
Қарсы алса жақсы түркмендей ие төріне...  
Жыл бастап келіп жылатпа адам баласын,  
Мұсылман, кәуір- жүрекке күйе теліме.

Он екі тілі сағаттың...  
Ой құмалақтар,  
Санамнан ағып...  
Маймылша қой домалап қал.  
Жүректің бәрі жердегі қазақша соқса...  
Соғыстың орнын басады той томалақтар...

Мешінді бірі маймыл дер, жұлдыз дер бірі,  
Жұлдыздар түнге жарасқан күндізден гөрі...  
Жұлдыз дегенің жүрекке жақын келеді  
Менің бабам һәм ғалым күн тізген бөрі...



**ЖАУЫНЫҢМЫН...**

Жауыныңмын алғашқы көрген...  
Алақайлап алақан тосып жуынған,  
Тамшы жаныммен жылытам бойды суынған.  
Бүркіп өтемін шаңдақты жерді суырған,  
Құшам аптапты қандырам таңдай қуырған.

Жауыныңмын сен ұзақ күткен...  
Жуындырам тозақ-құт тағдыр тәнінді,  
Саласың қалқам айта алмай жүрген әнінді.  
Жаныңды бояп кемпірқосақпен кәдімгі,  
Жүрекке салам тазалығымнан сан үлгі.

Жауыныңмын жаусын деп тілер...  
Жер тамыры ішсін деп сусын тойғанша,  
Көктеуді аңсап телмірген Көкке ой қанша.  
Жауа беремін жауыздығын жұрт қойғанша,  
Не болар мүлде жаумай кетерін ойланса.

Жауыныңмын серпілтіп алып...  
Түнерген күндей айналар соңы бұршаққа,  
Тына ма қырттар төбеден ойып ұрсақ та.  
Тәубасыз ұрық түспесе деймін құрсаққа,  
Миллион болып миллиардқа жетпей тұрсақ та.

Жауыныңмын ниеті нұрдан...  
Төпелеп құям жұлдыз қанатты қар боп та,  
Арзан да қымбат былғанбасыншы ар боққа.  
Тамшы ғұмырдың қадірін білер жан жоқ па,  
Күймей де күндей табынғанымдай таң-отқа.





## **НАМЫССЫЗДАР ОҚЫМАСЫН**

Бірі сандалып келді...  
Жүзі қамданып келді... Алаңға  
Мыңы танданып келді, таң жарып келді жаман ба?  
Қарызбыз әлі өтемек түгіл парызды  
Желтоқсан салған жауып тастадық дәлізді.

Қайраттың сөзі...  
Ләззаттың көзі... Туыңда ұшқан бүркіттің  
Көзіне қара!  
Қарап тұр саған үркіттің  
Тағзым етер деп жыл күтті...  
Қанымен келген жастардың-еркіндігім-ай  
Тойлаймын қалай мерекем еді деп бұл құтты.

Өлімнің отын бүріккен бетке  
Ісінен кәуір үріккен Көк те... бұл күні  
Медальдар тағып біреулер,  
Ордендер алып тіреулі ер.  
Қайғыға шампан араластырып,  
Азаға мейрам араластырып,  
Күн сәулелі намысты есік алдындағы қардай күреуде.

Қой дендер қойғызыңдар.  
Аталы Сөзге тойғызыңдар.  
Кешегі өткен Әбіштің соңынан –  
айбының көшпей тұрғанда,  
Құран оқылсын бұл күні,  
Құран тыңдалсын бұл маңда.



Туыңда ұшқан бүркіттің көзіне қара,  
Ұялсаң аздап адамдай өзіңе қара.  
Не дейді жүрек тыңдашы қосыла ма екен?  
Тәуелсіздіктің қанмен келгенін сезіне дара.

### **ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТОҒЫЗ...**

Сызып түсті ауа тәнін бір жұлдыз,  
Қара ала Көк демін тартып алқынды.  
Өмір құнын өтемекке құмбылмыз,  
Көз суаттап сағымынан сарқынды.

Жұтып болмай жезтырнақ ой жұртыңды,  
Қой дейтұғын құлық ауру Сөз өлік.  
Саусағымен түртіп өткен қыр Күнді,  
Қонағындай күтпей қойды безеріп.

Суық ақыл билеп әлем санасын,  
Аяарлықтың тілі соғыс бастаған.  
Адамдар мен адамзаттың арасын,  
Қорқыныштың қолы бөліп тастаған.

Жүрегі мұз қаны салқын көзқарас,  
Қалындатып қарт ғасырдың ұятын.  
Саясатқа билет сатып бөз талас,  
Жанкештілер шықты өмір қиятын.

Сығалайды боз ала таң үреймен,  
Адамзаттың не сыйы бар бүгін деп.  
Қорқа қорқа адам атты сүлейден,  
Жер жылады... Кәрі жүрек дірілдеп.



## **ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ... СІЗ ДЕ ӨТТІҢІЗ**

Әбішім-ай...

Шыңырау мен шыңның арасын

Ағартам деп пейіл қарасын

Жүрекке сөз тұздығын қосып

Емдеген жан мыңның жарасын

Сіз де кеттіңіз...

Түсініп ел соры күйгенін,

...ақырынан жолын түйредің.

Халқын Бір-ге тапсырып тұрып,

Ұғындық па қолын сүйгенін.

Сіз де жеттіңіз...

Елең-алаң... Дүние ғапыл.

Жаралысқа Бір ие мақұл.

Түйсінбеуге-Өмір Құдайын,

Керек екен адамға ақыл...

Сіз де өттіңіз...



**НҮРМҰҚАН ОРАЗБЕКОВ ҚАЗАСЫНА...**

Баталы көкем үйіме түсіп,  
Сөз малын жайған төрімде.  
Әппақ ниетін иіле құсып,  
Бақ тілеп еді өрімге.

Сол тілек әлі ілулі көкем,  
Шаңырағымда нұр төгіп.  
Шақырып кеше мәңгілік мекен,  
Алып кетті деп бір көлік...

Естідім Серік оқыдым жырын,  
Балама қайда? Көретін ата.  
Жолаушы жұрттың тоқыған сырын,  
Санама қайда? Беретін бата.

Көңілімізбен құлай құт баққа,  
Қадірін білмей тасалау келдік.  
Нұр-Мұқан дейтін құдайлық атқа,  
Мін еді кеше жасамау ерлік...



## **БЕРЕР ДӘНІ...**

Қақ айырып түн кеудесін  
Ай қылыш...  
Сермелгенде жүрегіңе салмақ сап...  
Жауратқанда жамылғышы  
Қайқы қыс...  
Жылытарсың тамшы үзілсе жан қақсап...

Күн сәулелі көңіліңнен су іштім  
Ақыры не болады екен бұл істің  
Сұр сауырлы бұлт сауытын ұрғылап  
Арғы беттен өте алмай жүр нұр ұшқын.

Шапағатын сезінем мен жаныңның  
Жүрегімді өртеп жатыр жалын-мұң  
Бағбаны кім болғанына тәуелді  
Берер дәні адам атты бағыңның.



## БАЛБАЛ АБЫЗЫМ ДАЛАММЕН МҰҢДАС

Сырлытастарым, құлпытастарым  
Бедері ойлы сыр бүккен.  
Түсінбес тілі жұрты басқаның  
Даламда тұрған жыр-нүктем.

Бәдіздерім-ай! қағанмен құрдас  
Тірлігі түскен сыналап.  
Балбал Абызым даламен мұңдас,  
Алмады-ма бөтен мұралап.

Таңбаңнан тарих тілі шығады,  
Және аманаттарың да.  
Қазақиямның тірі шырағы,  
Рухты аман-ап қалуда.

Тесіле қарап тереңге тартар,  
Ғасырдан ғасыр шегініп.  
Азаттық биік шерің де тарқар,  
Күлтегін жырға емініп.

Сырлытастарым, құлпытастарым,  
Мерейін бастың тұрқы басқаның.  
Алтыннан қымбат тұрарын тастың,  
Тарихпен тұнған өзің растадың.

Сырлытастарым, құлпытастарым,  
Рухыңмен биік нұрлы аспаным.  
Ұрпағың болып тағзым еттім де,  
Таусылмас сыры жырды бастадым.



## **ҚҰДАЙҒА МЫНА ХАЛЫҚ ҚҰЛ!**

Жетпіс жыл билеп, жекіріп,  
Сүйектен өтті қанауы.  
Азамат өлді өкініп,  
Жүректе мұңы жамауы.  
Қиын-ақ екен бәрінен,  
Ерінді малға санауы.  
Қорықпай құдай кәрінен,  
Дінсіз бір ойға қамауы.  
Сонда да Тәңір қалауы,  
Жығылмай жанның жалауы.  
Ұлысымды дүр сілкінтті,  
Желтоқсанымның алауы.  
Саясат дейтін сайқалдың,  
Сақалын ұстар қол бар ма?  
Үстінде мұздың шайқалдың  
Аяқты тірер жол бар ма?  
Қалмады ма деп қамықтың,  
Көшіңді тартар оңды арба.  
Есігін ашып тамұқтың,  
Тұрғандай болып тоңды ар да!  
Құдайым көрмес деймісің,  
Көз жасқа біткен ер берер.  
Қашаннан қайғы жеймісің,  
Сол бір ер елді теңгерер.  
Саясат соққан кей мүсін,  
Тұғырдан таяр жөнделер.  
Халықтың алып енді ісін,  
Қоғамның тәні емделер.  
Арманы өлмес ерлердің –  
жасынан туған сол бір ұл.



Арынын басар өрлердің,  
Бағдарын тыңда оң бұрыл.  
Хандарға ісін тең көргін,  
Жібітер болса тоңды бір.  
Өткен күнге ен бергін,  
Күн тымырсық, жол дүбір.  
Жолына түсіп ізгінің,  
Бақытқа бастар мұң құсы.  
Қара пейіл құзғынын,  
Көңілден қуды мың күші.  
Алаңдамай мызғыдың,  
Оң кабак беріп Күн түсі.  
Тәуелсіздіктің тізгігін,  
Үстаған ердің Тұңғышы.  
Ақ үмітіңнен жаратты,  
Тарихтың өзі толғатып.  
Құдайға бетті қаратты,  
Мұсылман болу бір бақыт.  
Тәуелсіз күйің абатты,  
Елбасың әне үн қатып.  
Қатарға қосса санатты,  
Әлемге сені тыңдатып.  
Қыраның күннің астында,  
Тұлпарың шауып жел керген.  
Мұнайдан қойнау аштың да,  
Алдың ғой орын ен төрден.  
Ақылмен мысын бастың ба,  
Алпауыт елдер тең көрген.  
Танытып күшті қас құлға,  
Бергіздің хабар ертеңнен.  
Жоқ мұның бәрі көреген,  
Саясатыңның мәнінде.





Төрдегі ықпай төреден,  
Халықтық сендің тәлімге.  
Кеудені сыры бөлеген,  
Құлақты түріп әр үнге.  
Ғибратын алып көнеден,  
Көп тоқығаның мәлім де.  
Арманнан туған туымды,  
Сайладың елдік рәмізді.  
Тәуелсіз таңмен жуынды,  
Қазағым момын жаны ізгі.  
Уақытқа көшін буынды,  
Нарыққа терін тамызды.  
Тәуелсіздігімнің тұғырлы,  
Тарихы бар-ау аңызды!  
Заңына ата бағынып,  
Түзейік дедік бесікті.  
Жүрген бір кез-ді сабылып.  
Заводтар жапқан есікті,  
Нарықтың күйі қағынып.  
Пенсия, айлық кешікті,  
Нар ұлдан ақыл табылып.  
Мерейің содан өсіпті.  
Ақшасын орыс тарылтты,  
Әлеует күйін қысымдап.  
Жұмысын алып сарылтты,  
Кез еді жаның қысылмақ.  
Қаңғытып сенген бар ұлтты,  
Аға ел тұрды ысылдап.  
Бастаған сонда халықты,  
Жолыңа жұртың тұшынбақ.  
Жасаттың елдің теңгесін,  
Алпауыттарға жұтылмай.



Дәлдікке есеп сенгесін,  
Капиталистен ұтылмай.  
Қорлаған елді өнбесін,  
Палигон жасап құтырды-ай,  
Жаптырдың Күнім сөнбесін,  
Кінәм бар қайсы нұқырдай?  
Құрылтай ашып бауырды,  
Шақырдың кеткен қиырға.  
Қазаққа жаның ауырды,  
Ол да бір тағдыр сыйы да.  
Бастадың жиып қауымды,  
Бірлікпен жасап ұйырға.  
Көтердің дана тау ұлды,  
Абайсыз бақ та бұйырма!  
Амалдап тілді өлтірмей,  
Мемлекеттікке жеткіздің.  
Басқаға ұят келтірмей,  
Ананың тілін өпкіздің.  
Көп ұлтты жерде жең түрмей,  
Саңылаудан сақ өткіздің.  
Өмірді тамұқ өртіндей,  
Жолына салдың текті іздің.  
Дініммен қайта қауышып,  
Салауат айттық өткенге.  
Жетпіс жыл иман тауысып,  
Кенеземіз де кепкен бе?  
Басқа да діндер ауысып,  
Жүрекке тәлім сепкенге.  
Қайдан білейік жауысып,  
Жүрерін дінде көп пенде.  
Оны да бүгін түзедің,  
Исламды бетке ұстатып.



Жарым ойларды күзедін,  
Басқалай жоқты нұсқа түк.  
Өкілін жиып Сіз емін,  
Тауып бердіңіз іс татып.  
Тіл тапты бәрі, ізі едің  
Хандарға туған құсатып.  
Әуелі құдай оңдапты,  
Ғасырда жаңа қолдапты.  
Төріне Сарыарқаның,  
Астанам барып орнапты.  
Президенттен Тұңғышың  
Қолымен жасап ол бақты.  
Түзелер деп тұрмысың,  
Болашағыңды болжапты.  
Елбасы саясатымен-  
Инвесторлық қор да ақты.  
Астанам сырлы атымен,  
Көңілде күйді толғатты.  
Атадан қалған Есілім  
Күмістей ағып ол жатты.  
Президентім есімің,  
Қазаққа Қызыр болмақты.  
Ақ жүрегімен сомдаған,  
Елбасының өзі еді.  
Астанам бақыт орнаған,  
Ғасырдың жаңа көзі еді.  
Баласындай- Елбасы,  
Жанының дерті өзегі.  
Сәулетшісі әр тасының,  
Еңбегінді ел сезеді.  
Қазақты әлем таныған  
Тарихи өрлеу кезеңі.



Жүректі әрбір жаныған,  
Астанам арман сөзі еді.  
Авторға кәрі жасыңыз,  
Алғысын айтсын өз елі.  
Нұрсұлтан- Елбасымыз,  
Ақылдың алып өзені.  
Төраға болдық әлемге,  
Мойындап жақын алысы.  
Елші де болдық сан елге,  
Бейне бір ескі танысы.  
Дағдарысты да жыққызды,  
Реформалық әр ісі.  
Атомды алып ұтқызды,  
Саясаттағы шалысы,  
Нұрсұлтан берген қазаққа,  
Мойында пенде Жар ісі.  
Әйтпесе салар азапқа,  
Пендешіліктің жарысы.  
Халқымды жөнге бастаған,  
Кемел ойлардың барысы.  
Елдік істерден қашпаған,  
Ғасырдың жаңа Арысы.  
Ақ Орда елдің жүрегі.  
Елшіні талай қабылдар.  
Тәж Махалдан артық реңі,  
Қабырға біткен лағылдар.  
Осындай сарай салдырған,  
Жаһаннан ерді табыңдар.  
Көргенді естен тандырған.  
Қазағым сенің бағың бар.  
Ескерткіш біткен қаланың,  
Сәніндей құрмет халыққа.



Түсіріп еске даланың,  
Жетелер рухы «Аныққа»  
Бәйтерек көкте тербеліп,  
Тұрғандай билеп алып бір.  
Аквариумға теңделіп,  
Жүзгендей теңіз балық кіл.  
Ханшатыр, пирамидасы,  
Көркімен көзді қарып тұр.  
Зәулімді тағы сыйлашы,  
Бағаңды білер халық бұл.  
Рахмет саған Елбасы!  
Ісінді Алла бағып тұр.  
Періштелері қағып тұр,  
Себебі ерен ақылмен,  
Қызметің елге жағып тұр.  
Өзіңмен бірге мұсылман,  
Құдайға мына халық құл!



**ҚҰЛДЫ ДА ТЫҢДА БІР РЕТ...**

Бақытты жұртым таңы азат,  
Еркіндікпенен түлесе.  
Астанасындай бағы озат,  
Шаһарыменен дүр өсе.  
Қолың да тимей тұрмыстан,  
Тіршілігіндегі жыр есе.  
Керуен көшке бір мыстан,  
Жүрмісің бәрің ілесе.  
Құзырлы бағың бір кетпес,  
Жүректе иман түнесе.  
Ажалың бар ма бір жетпес,  
Қаларсың келсе сіресе.  
Пайғамбарларды ақтатып,  
Өмір ғой өткен күні өсе.  
Тамұқ тірлікке таптатып,  
Жұмаққа сүйреп біресе.  
Әдептің суы отыңнан,  
Қанып бір ішсін ұл өсе.  
Тараңған артық тотыңнан  
Қызың да кірпік тіресе  
Ойлантар мұның бәрі де,  
Арқанды бейнет іресе.  
Көретін зейнет нәрі де,  
Ұрпағың ұшып түлесе.  
Санама сонда кәріге,  
Қартайып атаң жүдесе.  
Жаныңа шипа дәрі де,  
Қызметін анаң біл есе.  
Бауырдың орнын қадірле,  
Барыңды беріп үлесе.



Ясауи панаң қазір де,  
Тағдырдың желі үдесе.  
Өмір дейтін бір бесік,  
Алланың қолы тербеген.  
Адамға қызыл тіл несіп,  
Тыңдатып аят ерлеген.  
Жиғаны иман ұлт өсіп,  
Ұрпағы бүгін өрлеген.  
Кетеді түбі бір көшіп,  
Құдайдың сөзін ембеген.  
Отанын сатып азса ұл,  
Заманға адам тоқтығы.  
Некесіз жатып ашса гүл,  
Көбейтіп жетім «боқтығы».  
Біріне бірі кектеніп,  
Атуға дайын оқтығы.  
Топ құрып бірі ептеніп,  
Көрініп қалды-ау көп міні.  
Қарсы біткен бұтақтай,  
Әкеге қайшы отты үні.  
Жағада күйген құрақтай,  
Ұл-қыз туды боқ тіні.  
Қайдан пайда болды екен,  
Әкімдер келді соқтылы.  
Ғалымнан залым оңды екен  
Сөзі өтірік «шоқ түрі».  
Неше бір кесір шыққаны,  
Жер бетіне оттылы.  
Есерден елдің ыққаны,  
Етекте қалды көп мұңы.  
Әліптің артын бағайын,  
Менің де күнім көп күні.



Осының бәрі ағайын,  
Кеудеде иман жоқтығы.  
Сақтағай бізді құдірет,  
Құраннан сөзі хикмет.  
Иманың қайтар жүрекке,  
Құлды да тыңда бір рет.

## ҚОЖАБЕРГЕН ТОЛЫБАЙҰЛЫ МОНОЛОГЫ

Болмаса тегім «көк бөрі»,  
Болар ма мекен Өтүкен.  
Қағанды ерлер өрт еді,  
Қонысы дала шеті кең.  
Ол күнде түрік бегіне,  
Қытай да қызмет қылғанды.  
Ерлері елдің кегіне –  
Ұшында жебе тұрғанды.  
Тоныкөк бабам кеңесін,  
Қағаны тыңдап асырған.  
Батыстың алып ел есін,  
Түнекті түгел – бас ұрған.  
Сөз бенен істе ымыра,  
Береке жұртқа түнеген.  
Өткеннің ол да жыры ма,  
Шауып бір кеткен «күремен».  
Ордалы елім, қорғаны –  
Хан, батыр, жырау, билері.  
Аман боп қара орманы,  
Аруы ерке күймелі.  
Жазтұғын көңіл жайлауы,  
«Ел іші - өнер кеніші»





Аталар жолы байлауы,  
Оңы да солы өрісі.  
Қазақтың ғажап өткені,  
Есіме алам сүйіне.  
Қоңыраулатқан көктемі,  
Төге ме жасын күйіне?!  
Бұл күнде бірлік жығылып,  
Ас-арқау етті жауларың.  
Ай жарты түні тығылып,  
Күн астында жер аунадың.  
«Ата тек» қайда қаныңда,  
Салайын еске бір тулар.  
Жаныңнан арың – арында,  
Іште бір толқын дүмпу бар.  
Кешегі бабаң бір өлді,  
Екі өлу ер міні деп.  
Өлімнен намыс гүл өңді,  
Атыңды жүрер тірілеп.  
Бөрідей жорт та бірігіп,  
Бетпе-бет кел де жылыста.  
Еліңе келген кірігіп,  
Жауыңмен ашық ұрыспа.  
Ақылды батыр айлалы,  
Қамын жер ерген қосшының  
Кеңесе шешкен пайдалы,  
Еліңде ерге досшы- мың.  
Ер Тоңаның бек кезінде,  
Алтын айдарлы ел құрап.  
Күлтегін қаған сөзінде  
Бірлікке бастар төр тұрақ.  
Ерлікті тыңдап көнеден,  
Елдікті жырлап ұрпаққа.



Әруақ қолдап елеген,  
Ел едік ояу тіл хатқа.  
Әрбірiң үңiл iшiне,  
Намысты оят жұлқыла.  
Тәңiрден медет күшiне,  
Өлгендей анаң шырқыра!  
Қоқан, Хиуа, Бұқара  
Өртенер өзек өршiме.  
Парсы, Түрiкмен құп ала,  
Жарадым мен де елшiге.  
Қазаққа «Жетi жарғыны»,  
Дуалы ауыз ендiрдi.  
Жарғыға сиып бар мұңы,  
Жаза басқанды көндiрдi.  
Ордабасы деп көтердiң,  
Қарақалпақ, Ноғай, ұлысым.  
Тәуке хан бастап жетермiн,  
Тәуекел бұл да ұлы сын.

**«ЕЛІМ-АЙ» дастаны үйлесімімен**

Атадан қалған жер құтың,  
Бола алмас онсыз ел бүтін.

Асқақ арманды елім-ай!

Қылу ет шақта Жар қалап,  
Келесің нардай арқалап.

Басқа салғанды елім-ай!

Адамның күйі – қамыстай,  
Өрт салса өлер алыспай.

Білсе де бейқам елім-ай!

Аузынан тоба түспеген,  
Ақылы аздап піспеген.

Өмірі мейрам елім-ай!

Көңілі есіп дүрмекке,  
Қызықты қуып жүрмекке.

Ғұмырын арнар елім-ай!

Дүние сырын білгенді,  
Көңіл пердесін түргенді.

Құрығы жалмар елім-ай!

Зиянға көзі шырмалып,  
Пайдаға есі ұрланып.

Бөбектей епсіз елім-ай!

Жетімдер шала істен-ді,  
Сүйекке таңба түскенді.

Жоқ еді мұндай «енің-ай».

Запыран төксе жыраулар,  
Ісінде қазақ қылау бар.

Ойлыға жүгін елім-ай!



Келімсек керлер бұқпалап,  
Жатыр ғой дінін тықпалап.  
Қойнына гүлін елім-ай!

Сүйеміз әлі мақтанды,  
Қолқалап ісі жаққанды.  
«Табғаш қылықты» елім-ай!  
Қызметке құл боп қарайсың,  
Мәртебе көріп санайсың.  
Былғап тұнықты елім-ай!

Санаңа сәуле түскенше,  
Жүреді талай іс-кемше.  
Аман болғайсың қазағым.  
Жолында ардың күбірле,  
Шығады бар мін түбінде.  
Жаман болмайсың аз-ағым.  
Мініңді тауып жықсаңшы –  
Асқақ арманды елім-ай,  
Көрмейтініңді ұқсаңшы-  
басқа «жалғанды» елім-ай!

## КЕЙДЕ ЖАНЫМ ҚҰЛАЗИДЫ ДОСТЫ ІЗДЕП

Кейде жаным құлазиды досты іздеп,  
Қаңтарылған қайықты кім ескізбек.  
Ақ арғымақ армандарға мінгесіп,  
Қайда достар ақ жайлауға көш түзбек.

Көлеңкеме айнал менің бер сенім,  
Көзің болып соңындағы мен сенің.  
Бірімізді қолдап жүрсек біріміз  
Жұмсай алмас дұшпан қолы семсерін.

Жыр тағдырым алдымыздан бер олжа,  
Бітер істі бүтіндесіп кел қолда.  
Өзәзілмен бет жаласып қалма тек,  
Достық соты кешірмейді сені онда.



## АЙ АБЫЗ

Түн шырағын тұтатты-Мен қаласам,  
Көрге де жұлдыз ілем деп.  
Періштелердің көздеріменен-қарасаң,  
Халалсызданыпты-Ұлы еңбек.

Ібілістерге қарауыл қоймай төбеден,  
Азығы адам жүрегі.  
«ЖАРЫҚ» дейтұғын жалғанды сол күш бөгеген,  
Табылар емес бір емі.

Етсіз қолдары қорқыта алмады ажалдың,  
Қылқындырса да пенденді.  
Ібіліс бәрін құлы еткен Күндік базардың,  
Тәттісіне тіл дәмденді.

Мұң қапқан көздер ұяла қарап төменнен,  
Бұлттарға қарап боздайды.  
Үйлеспей өмір Өтежан жазған өлеңмен,  
Ай Абыз- дертті қозғайды.



## **ТЕМІРХАН МЕДЕТБЕК МЕРЕЙТОЙЫНА!**

Көңіл көзімен жырлы бұлттардан сауа мұң,  
Жетпісіңнен де Темірхандарша ауамын.  
Дұрманы басым дүниеде солар болмаса,  
Сан сұрақтардың берер-ді кімдер жауабын.

Қырттары құрттай кердең дүниені тарпып шал,  
Уламай есті тұрғанда бүкір Жантық шал.  
Темірхандардың жырынан жебе суыр да,  
Өз жүрегіңе, табарсың дауа тартып сал.

Ойлы ұлдарды Түркістан жері көп тапқан,  
Кезесе тобыр найзасын Тәңір тоқтатқан.  
Абайлар менен Темірхан сөзі тірі жүр,  
Жетесіздерді жөнге салам деп боқ қапқан.

Сырттаны өліп ұлыған қаншық қасқырша,  
Заманның дерті қайтеміз енді асқынса.  
Темірхан іздеп таба алмай жүрген-адамдық,  
Ғұмыр үшін-ақ күресейік аман бас тұрса.

Төгілсе ұят, бақылап тұрып қапы-қап,  
Құлайды жерге қайғысы қалың жапырақ.  
Сананы іздеп Темірхан шайыр сөзі жүр,  
Тыңдар болсашы қазанға бөккен атырап.

Түменбаб тұрған Түркістаным-ай сен неге,  
Ие болмайсың құрансыз көппен, пендеңе.  
Темірхандардың сомдаған темір арманы,  
Естілсе деймін Астанадағы елге де.



**ОПАЛЫ ДҮНИЕ, – адамдар не деп жылайды?**

Күлімкөз күннің сәулесін, жасырып жібек арқаға,  
Қорғасын мұнның әуресін, көтеріп бұлттар тарта ма?  
Адымдап жазға Көктем гүл көніп жылайды.

Көктем сыр- күйін төгеді, даланы шаңнан арылтып,  
Түксиген қабақ төнеді, жайдары күнді сағынтып,  
Айрылып жаздан күзде бір көңіл мұнайды.

Күз де бір көңіл құлазыр, бұлттарға суық тоналып,  
Сұрықсыз өмір жыла бір, өлгендей жаны жоғалып,  
Мәдина\* шырқар күрең Күз кімді сынайды.

Адамның бақсаң ғұмыры, Көктем, Жаз, Күз, Қыстайын,  
Арғымақ мезгіл құлыны- жалыңнан мықтап ұстайын  
Көрсінші жаным, Күзден де асыр Күн, Айды.

Күзгі мұң бұлттар мыңбасы, әскердей атып жебесін,  
Жапырып желек қыр басын, сарғайтып кеттің төбесін  
Үмітті жұртың әдіре қалып былайғы.

Күнімнің көзі сынбасын, көңілдің күзі болмасын,  
Әуенін күздің тыңдасын, өмір билейді онда шын  
Жаңбырдың даусы «Балбырауындай» ұнайды.

Аялда көктем асықпа, ғұмырын адам ұрлап қыс,  
Кәрілік алдан тосып та, кеудеден ұшар жұмбақ құс.  
Мезгілсіздіктен сақтасын ойла құдайды.

Бір-ақ туатын ақындар, өтетін зілман мұң жырлап,  
Өмір күзі-ай ақым бар, сыйлаған жанға тұнжыр бақ.  
Опалы дүние, – адамдар не деп жылайды?  
Опасыз дүние, – құнын ертең-ақ сұрайды.

**Мәдина\*-аяулы халық әншісі М.Ералиева**





## **АТТАРЫ АЛТЫ ҚЫРДА ШАҢ ҚАҒАТЫН**

Жүрегім түндегі шок жұлдыздардай,  
Тәуелсіз елге қарап шаттанады.  
Тірегім – намысы от ұл-қыздардай,  
Берік-ақ, бірлік шырқар мақтан әні.

Қазақ кім?- ол Абай мен Мағжан ақын,  
Байлаған жыр құсына таң қанатын.  
Алысқан айдаһармен Алаштықтар,  
Аттары алты қырда шаң қағатын.

Ұлы арман армандардың атасындай,  
Көтерген көп тауқымет қаса шыңдай.  
Қырғынды бірге көрген кәрі құздың,  
Ұялып қарақтайды тасасында Ай.

Қазақстан – Мұстафа, Жамбыл, Ақан,  
Иса, Тайыр, Ілияс, Ғабит, Жақан.  
Құрметіне соққанда көк қоңырау,  
Азат далам тербетер алтыбақан.

Қазақстан – Әбділдә, Сырбай, Ғали,  
Асқар, Сайын, Тахауи, Мұқағали.  
Бақытты сөз құраған кеңістіктің,  
Рухани ауасын жұтады әр үй.

Қазақстан – Жүмекен, Шәмші әні,  
Ұлттың рухын оятқан ән шуағы.  
Қасым жыры тербеген Дінмұхамед,  
Маңдайына біткен ел шамшырағы.



**ҚАРАМА БІРАҚ – ЖАЛДАНЫП КҮЛГЕН**

Өмірді өлең деп алданып жүрмін,  
Ағалар сынды алдымда өткен.  
Ұйқасты сөзге малданып бір мұң,  
Болған соң қысы, бар мұнда көктем.

Күндіз пендемін, түнде періште,  
Өлең тудырар сыбырлап іштен.  
Танылса зордай бірде ер істе,  
Айнала бағын «жыбырлап» ішкен.

Шықтай таза ма?- адамзат дейтін,  
Мақсаты қандай жер басқан.  
Көрсетпес үшін балаң жат кейпін,  
Айтпаушы ма еді ел дастан.

Сараң алданыштар қызығы мені,  
Уақытымды ұрлап шақырма.  
Көңілдің кейде бұзығы нені,  
Қалап қарайды көк шатырға.

Бақыт деп нені іздейміз аңсап,  
Салмағы тастай тәні ауа.  
Адамдық істің арқауы мансап,  
Арғымақтарды терге қамау-ә?!

Өмірді өлең деп алданып жүрген,  
Адамның не екен бас байлығы?  
Қарама бірақ – жалданып күлген,  
Түсінерсің бе сен хас қайғыны?!



**КИІКТІҢ ЗАРЫ**  
**(2015 жылы 130 мың киік қырылды.Егемен**  
**Қазақстан материалынан)**

Бетпақта туған баласы едім киіктің,  
Даламды мен де өзіндей ессіз сүйіппін.  
Кезекті келген ажалдың оғы атылмай,  
Өледі дейсің өмірді мына қиып кім.

Қорегің болып қолыңда пісер тәттің ем,  
Көздейтін келіп аңшың мен сардар сап түрен.  
Оғынан қашып жан сақтаған да бақ екен,  
Қырылып босқа жатқаным мына батты Ием.

Қырдың-ау қолдан тұяғым желмен серпілмей,  
Киікотымның сабағы қалды шертілмей.  
Ауырмай өлдім топырағыңнан у сорып,  
Жұмылды жанар қабағын сипап жел түрмей.

Бетпақтың төсі- арқада көші мекенім,  
Ақылың көп қой ақиқатына жет елім.  
Ұғыңдар бірақ тілімен айтам табиғат,  
Киіктің зары-қазақтың зары екенін.

**КҮРЕНДІ ЕРТТЕП...**

Ерттеші інім күренді таң ала кеуім жүрейін,  
Ағайындардың жағдайын алдына барып білейін.  
Үлгерсем ертең қайтармын, үлгермей жатсам өздерің,  
Күйбеңді кейіс қайтарып аларсың тыныш үрейін.

Қалада дейді қан базар қамығып барар қаралар,  
Қарауы қатқан пейілді қай есі дұрыс аралар.  
Ауылда емес мұнда да жетеді екен айрылып,  
Қызуын күннің қызыққа айырбастаған ағалар.

Көңілдің бәрі есептің көтін аңдыған заманда,  
Адамдық жүгін есектей көтерген жандар аман ба.  
Ләззатқа көзі сатылған Адам атадан бері де,  
Не болмай жатыр өмірде, не түспей жатыр таланға.

Дұшпандық жасап досың жүр түгелдеп ішкі есебін,  
Кәрі қыздардай квартал жаңғыртып жүрген төсегін.  
Насыр Қожаның ақылы өтпейді бүгін базарда,  
Көзі кеткен соң Алдардың сөзі де өлген Көсенің.

Қодарлар бүгін Қожа боп, құлдыққа түскен Қозылар,  
Қабактан таныр қалауын қасиет қалды сөз ұғар.  
Ұлтарак болып табанда әмірін тындап Ұлтанның,  
Әкесі жүр Бамсының төзімі терлеп тозық-ар.

Капитал Банк жұртыңа несие беріп еселеп,  
Құтыртты шапқан балықтай қармақтың нанын көш елеп.  
Кәсіпкер болу орнына несібелі той жасап,  
Сонан соң маңдай ақ терін отырар құйып кеселеп.



Күрмеуін шешер еркек бар дауы көп істе ел ерткен,  
Арсыздық жұтқан қоғамды арланып ұрып теңелткен.  
Ар төгіп өткен ақ бұлттай шаңдауық аспан астында,  
Ислам Әбіш аман жүр келетін бейуақ жел-өрттен.

Атың да аттас дініммен қияға баулыр қанаттым,  
Сағаты бөлек ендікте қызғана Күнге қарап Түн –  
Батады дейді өмірдің заңына сен де қарсы кеп,  
Батыраш(қа) емес күйінді серіге Ақан жараттың.

Міндет те етпес еңбегін өлеңді сүйген тереңім,  
Намыстан оғы оқталған қалыбы зерлі беренім.  
Қамырдан қылды суырар зеректік керек билікте,  
Қалтқысыз сенген қолдасын әулие Ғайып Еренім.

Күреңді іздеп шығып-ем Қасымхан мінген кешегі,  
Көрінбей кетті көрген жұрт суатқа түскен деседі...



## РАЙХАН ӘБУБӘКІРҚЫЗЫ АЛДАШОВАҒА!

Алматыға арман қуып келгенде,  
Әуелі өзің Райхан әпке дем берген.  
Қайыр болмай арқадағы елден де,  
Қала ішінде бес-алты ай сенделгем.

Өмір тұрып алатынын көлденең,  
Біліппін бе? Өлең қонған төрге мен.  
Шығамын деп талпынғаным есімде,  
Сөйтіп жүріп ұлы мектеп көрген ем.

Бека\*, Арука\* тілі шыққан балдырған,  
Рүстем\* жезде асып жүрген сан қырдан.  
Арманым да аяулы екен сол кезгі,  
Алматының көшесінде қаңғырған.

Одан бері өтті жылдар сан дұрман,  
Жас күнімнің уыз сүтін алдырған.  
Райхан әпке періште екен арман да,  
Құрбыңыздың жатағында қалдырған.

*Бека\*-Ниязбек Рүстемұлы Алдашов.*

*Арука\*-Аружан Рүстемқызы Алдашова.*

*Рүстем\*-Рүстем Ағыбайұлы Алдашов.*



## **КӨҢІЛ ЖЕТКЕН ҚҰЗДА ТҰРЫП ҰЯЛАМ**

Сырлытас Қаратаудың бел баласы,  
Қаратау баяғыдан ел анасы.  
Талапты мекендеген Ноғай жұрты,  
Қазақтың өзі тарих кең даласы.

Бастауы Күркіреуік тау өзені,  
Кептірді сағыныштан кенезені.  
Киікші, Ноғай бауыр деп айтады,  
Талмаған талай ғасыр ел өзегі.

Ноғайдың тарихы бар қатпар-қалың,  
Қазақта намысты жұрт таптар жалын.  
Хандықтың бір уығын көтерісіп,  
Сарбаздай сапта тұрды сақтар жанын.

Ноғайды дейді аңыз Орда көрген,  
Орыны болған екен сонда төрден.  
Ат үстінде ұйқы алған ол кездері,  
Батасын Қызыр бабам жолда берген.

Ноғай ел ескі... жортқан батыр ізі,  
Сырлытас қырлы пышақ көрген құзы.  
Ноғай – қазақ, әлде қазақ - Құрбан ата,  
Дәл қалай бұйырды екен өмір тұзы.

Сырлытас перзентіңмін сырын ішкен,  
Тартып-ақ келем өмір жүгін күшпен.  
Қой бағып қойнауыңда Амангелді,  
Салбосын анам қайда күбі піскен.



Сырлытас сүйір бүйрек қия маңың,  
Томпайған табиғаттың жия бағын.  
Көз артып көңіл шыққан құзға қарап,  
Етекте қап қоюға ұяламын.

## АДАМДЫҚ АСЫЛ ҰЛЫЛЫҚ

Жылымық тартқан күндерде,  
Жылылық жетпей жатады.  
Жылы сөз айтқан үндерде,  
Мұздақтар неге қатады.

Жылылық керек әкеге,  
Есейіп кеткен ұлынан.  
Мың жерден бағып мәпеле,  
Артық ол өмір құнынан.

Жылылық керек балаңа,  
Тұлғалы таудай әкеден.  
Парыз деп қана қарама,  
Әйтеуір көптей өтеген.

Ашуың мініп иыққа,  
Жарыңа сөйлеп қаласың.  
Маңыңды тіреп тұйыққа,  
Жылылық қайда барасың.

Анадан жеткен жылылық,  
Отырсың қайда тынығып.  
Өзіңмен бірге кеткен бе,  
Адамдық асыл ұлылық.





Атадан қалған жылылық,  
Әжеден алған жылылық.  
Кейде бір жетпей жатады,  
Кішкентай осы ұлылық.

### **«МЕРКІ» ШИПАЖАЙЫНДАҒЫ 527 БӨЛМЕ БАЛКОНЫНДА ТУЫНДАҒАН**

Кереметін-ай биіктен қарау,  
«Қыран жүректі» кеудеде естіп.  
Қасымхан\* ақын жолымыз тарау,  
Түйіспесе егер келер ме-ек өстіп.

Жиыпсың рухтың диханшыларын,  
Меркінің самал сорпасын іш деп.  
Күреңді міне бір қамшыладым,  
Жұрағатымның намысын тістеп.

Жер саусағындай Меркінің шыңы,  
Күн қалпақ кйген басына.  
Аспанын қара көк шатыр шыны,  
Сөйлеп тұрғандай тасы да.

Меркінің суы еліре ағып,  
Шертіп бір дастан тұрғандай.  
Айтамын бәрін еліме барып,  
Мұндағы ауа, түн қандай.

Қоңырбайлары\* «сырбазын» беріп,  
Қымызын құйған қаныма.  
Отырмын міне жырлағым келіп,  
Не керек басқа жаныма.



Сүлгі бұлттармен сүртiнiп қайтам,  
Әңгiмесiн жұтып Зекеңнiң\*  
Атып келедi түртiнiп сай таң-  
Өлеңге ендi бекеммин.

Бұрымын түннiң қыстым қолыммен,  
Уыстан сырғып ағады.  
Мықангүл\*-Меркi түстiк жолымен,  
Өмiр-салт кетiп барады.

*\*Қасымхан-ақын Қ.Бегманов*

*\*Қоңырбай-Жамбыл облысы су басқармасы басшысы*

*\*Мықангүл-Меркi аудандық су шаруашылығы  
мекемесiнiң бас есепшiсi*

*\*Зекең- ақын Зейнолла Тiлеужанұлы*



**АҚ БҰЛТТАЙ ЖАНЫМ, ЖАРАСЫМ!**  
**(Т.Айбергенов рухына)**

Күнге мінгесіп аралап жерді,  
Құбыла жақтан кеш түсіп.  
Жүрмісің аға жағалап елді,  
Жаңалықтарды естісіп.

Бәрі өзгерген, көз көрген мекен,  
Әлде сол күй шертілген.  
Айтпайсың бізге сөзмерген көкем,  
Серпілгем бәлкім кертілгем.

Иықтас таумен «Бәйтерегіме»,  
Қарашы қыран көзімен.  
Жарата берем қай керегіме,  
Жырласам ақын сөзімен.

Тәуелсіз елміз тәуелді тілде,  
Сөйлеуді жүрген ақсатып.  
Рухымды езген әуенді күнде,  
Тыңдатам кімге қақсатып.

Қайталап тарих шал келе жатыр,  
Бай менен кедей дәуірін.  
Көңіл жүр Күздей, ар құны бақыр,  
Іздейді жүрек Сәуірін.

Шүкірге келем, түбімді таптым,  
Рухымды іздер шама бар.



Жасырған не бар күнімді қақтым,  
Қалдырған бізге даналар.

Тәуір ме бүгін заманым шешем,  
Сіз өмір сүрген кезеңнен.  
Көру қиынды адамын есен,  
Біріне мылтық кезенген.

Сіздегі хатшы біздегі әкім,  
Артында кетті боқтықтың.  
Абайым айтқан қазаққа жақын,  
Ойыны қатты тоқтықтың.

Өзін жаратын зұлмауыттарды,  
Ғасырда жаңа көрдік біз.  
Жат мінез билеп, сұм қауып таңды,  
Еңіреп тұрған ендікпіз.

Осындай елмін, тосылмай келдім,  
Өздерің жүрген соқпақпен.  
Досымдай көрдім, қосымдай ендім,  
Аулына өлең тоқтап мен.



## ЖИЫРМА ЖАСТАҒЫ ЖІГІТПІН ҒАШЫҚ

Жиырма жастағы жігітпін ғашық,  
Көк теңіз кешкен Күнге де.  
Бақтағы өмірдің есігін ашып,  
Кіргізіп жібер, үндеме.

Тәуелсіз таңның пернесін басып,  
Тәңірді алып ойыма.  
Жігіттің жаны көрмесін жасып,  
Таратып жігер бойына.

Айымның толған балдай бір нұрын,  
Жалынан ұстап жұтайын.  
Сен аман болсаң жерде гүл-бұрым,  
Құдірет Күнім, құт Айым.

Жиырма жастағы жігітпін ғашық,  
Жүрегі таза, өзі дүр.  
Қырандай көкте мерейі тасып,  
Ата-бабамның сөзі жүр.

Қазақиямның бар аймағы гүл-гүл,  
Қуанып Алла үмбеті.  
Тәуелсіз елде – сайрады бұлбұл,  
Азаттығыма құрметі.

Жиырма жасыма бір құрық көрмей,  
Аспаннан түсіп толмадым.  
Тағдырды алғанда ызғырық керней,  
Төзімді мініп тоңбадым.



Зұлматты жылдардай қақпасын кілең,  
Арсыздар келіп ашпасын.  
Төрт аяқ атына жаппасын кілем,  
Аман болсыншы жас басым.

Жиырма жастағы жігітпін Әлем –  
Бесігін анам тербеткен.  
Жер жүзін кезген үміт Күн сәлем!  
Жолыңда бейбіт ержеткем.

### **ҚҰДАЙҒА ҚҰЛ АДАМҒА БЕК...**

Қазақтың арын сақтап жер бетінде,  
Жүрегін жылы әуенмен тербетуде.  
Ақиқат сәулесімен шомылдырып,  
Керемет күй орнатар келбетінде.

Тынысы бәйтеректің тамырында,  
Арыстар айтып салған ағынында.  
Өлеңсөз, Дарасөз боп Қарасөздің,  
Қайнап тұр қазақ дейтін қаны мұнда.

Сөзіңнен түзілгендей көк күмбезім,  
Тұлғаның таңбаладың отты іздерін.  
Жеті қат пердесінен өтер болса,  
Өткенге рахметімді жеткіз менің.

Қазақтың алтын ерін түгендедің,  
Түріктен түп ата сөз жүгендедің.  
Бейсекең баласы боп алты алаштың,  
Арманын аялаған түмен бегім.



## **КҮНГЕ ДҰРЫС ЖОЛ ЖҮРІП КЕЛЕМІЗ БЕ?**

Жас шыбықтай жайқалып, қылшылдаған,  
Бойжеткен ел қызығып тұрсын ғалам.  
Сенің әппақ көңіліңе бір қыл түссе,  
Өмірім де ендеше құнсыз маған.

Ержеткен ел қызыққа құмар шағың,  
Желігің жүр жаныңда гүл аршаның.  
Бақасына батыстың қарай берме,  
Ауғандай сұлу қызға жиі аңсарың.

Жөнге салған бір ел бар есіріңді,  
Жас жаңылса жарасар, несі мін-ді.  
Ақылыңды жастығың алып қашса,  
Ақсақалың бар қияр кешірімді.

Бірақ бізге жаспыз деп желпінуге,  
Сайда жатып рұқсат жоқ еңтігуге.  
Біздің ел, біздің қазақ емес пе еді,  
Жетісінде-ақ жетілген серпілуге.

Қасиетті қорытып дала тынба,  
Сүйегімен атамның ары атыңда.  
Тәуелсіздік тұғырын бергенменен,  
Азаттығың әлі арман қанатыңда.

Отты ғұндай ойлауға өремізде –  
Ойнауға отпен, болмайды неге бізге?  
Он алты жыл бар әлі от боларлық –  
Күнге дұрыс жол жүріп келеміз бе?



**ТӘУЕЛСІЗДІК ЕНШІМЕ ТИІП ЕРЕК**

Тәуелсіздік еншіме тиіп ерек,  
Өмір сүріп келеміз күйі бөлек.  
Арайлы таң атырған бабамыздың,  
Ұрпағына қалдырған сыйы дер ек.

Шүкір міне қазағым өрлегелі,  
Тамұқ тірлік сазына көнбегелі.  
Бұл да қазақ баласы деп сенімен,  
Көтеріп жүр-ау мына жер де мені.

Көңілі қырандайын алыс шолған,  
Бұл күнде батыр елміз барыс болған.  
Ұмытпаса болғаны біздің қазақ,  
Келгенді осы күнге таныс жолдан.

Күшім бар күншілдерді жығатындай,  
Күнім жоқ дінсіздерден бұғатындай.  
Рухымды билеген бір ауыз сөз,  
Тәуелсіздік өмірлік – Қуатым-ай.

Тәуелсіздік даңқымды таратады,  
Бәйтеректің басына қара тағы.  
Батыр ұл-қыз өсірер талай әлі,  
Аялап Ел-Ананың алақаны.

Өткен күн елесінің мұңы тамды,  
Еркіндік аяғына тұрып алды.  
Өтелмеген парыздай тек жүректе,  
Кешегі зұлмат жылдар құны қалды.





## **ДАЛАСЫН АЯЛАЙТЫН КҮН ҰСТАСЫН**

Қазақстаным – бақытым басымдағы,  
Бұлт ауып күнім қандай ашылғалы.  
Маған ауыр тиеді біле білсең,  
Сызат та түскен қара тасыңдағы.

Байқамай біреу басса құмырсқасын,  
Шақырам ашуланып ұрысқа шын.  
Қолынан келсе әлем қазақтардай,  
Даласын аялайтын Күн ұстасын.

Біреуді іздеп шапқан дала шаңы,  
Жетем деп жүйрік желмен таласады.  
Биіктік келдің бе сен ақыры бір,  
Орнына тұсап тастап аласаны.

Биіктік біздің елдің адамының,  
Өлшемі әрбір басқан қадамының.  
Ізгі жол бабаң салған сонда жатыр,  
Қайнардай ақ бастауы талабының.

Қазақстаным Отаным ием де сен!  
Ерлік жасай алам ба сүйенбесем.  
Мынау жақсы, жаман деп талғамайсың,  
Перзентіңнің бәрін де сүйерде сен.

**АҚ КҮМІС АҚҚАН КЕЗДЕ ТАСТЫ ЖУЫП**

Жетісуым нәр алған жеті шықтан,  
Көгертіп жатқан алып тау балағын.  
Бір мүйіске тығылып, бір иықтан,  
Еркелеп құлайды кеп аунап ағын.

Жетісу Жерұйығым бақ тынысты,  
Құстарың құйқылжытар ап тынышты.  
Жантайып осы жерге тау, белінен -  
Ағызып жібергендей ақ күмісті.

Ақ күміс аққан кезде тасты жуып,  
Аймалап Күн сәулесі бетін сүйді.  
Алатау ақ сәлдемен басты буып,  
Тартып-шертіп жіберді жетім күйді.

Тамыры иіп Алатау түлеп берді,  
Көк иісі қолқаны алып білектенді.  
Қуанып игі іске Тәңір өзі,  
Найзағай отын жақты үні өктемді.

Жетісу тал-бесігі биік арман,  
Тірліктің еміндірген бұл қай заңы.  
Алатау баурайына жиып алған,  
Тәрізді көп батырын ақ найзалы.

Жетісу тәні шалғын, жаны самал,  
Кереметі Құдайдың сыйынып көп.  
Тұрғанда тағдырыңа бар ма амал,  
Ұршығын Хан-Тәңірдей иіріп кеп.



**АЛАҚАНЫМДА АЛМАТЫМ – УЫСЫМДА**

Алақанымда Алматым – уысымда,  
Сені мекен еткен бар туысым да.  
Жылдан жылға өрмелеп бара жатыр,  
Жетісудың желіккен нуы шыңға.

Жеті өзеннің құралып басы жерде,  
Ырыс құтын төгеді асыл елге.  
Мұнда қазақ баласы менің балам,  
Деп қарайды дамылдап ғасыр өрде.

Белін таудың тасымен буған ерте,  
Бетін нұрдың суымен жуған ерке.  
Қара қазақ қамына батыры мен,  
Таңдайлы жыр ақынын туған өлке.

Жеті аталы қазақтың тәжі алтын,  
Бата беріп тұрғандай қажы халқым.  
Қысы тонды, жаз бағы гүл аймағым,  
Дүниелік сұлулыққа қазы нарқың.

Алақаныңда Алматым аяланған,  
Арманымен Алаштың тыныстаған.  
Кеше сенің көлеңкең сая болған,  
Баласына қазақтың ту ұстаған.

## БЫЛДЫРАП ТІЛІ ШЫҚҚАН БҰЛАҚ КӨРКЕМ

Жетісу, Жетісуым жұмақ өлкем,  
Жанымды жылытады құрақ көрпең.  
Әр тастың іргесінде құлдырандап,  
Былдырап тілі шыққан бұлақ көркем.

Жетісу, Жетісуым арқар кашқан,  
Төңкеріліп тұнғандай шалқар аспан.  
Жайлауыңнан іздеймін атқа мініп,  
Атамның ізі қайда мал қарасқан.

Жетісу, Жетісуым киелі жер,  
Аңқыған бал қымызға иелі бел.  
Күн ұзын қойнауыңда шаруа бағып,  
Кешкісін ақ тамақты сүйеді ме ер?!

Жетісу, Жетісуым ертегім бе,  
Санамды еліттіріп өрте күнде.  
Қарағай, шыршаларың жабайы шаш,  
Қол созып өсе берсін ерке Күнге.

Жетісу, Жетісуым ауасы бал,  
Жаныңның керегі мен дауасын ал.  
Қадіріне жетпесең осы өлкенің,  
Қабағы балбыраған тау ашынар.

Жетісу, Жетісуым құрақ көрпем,  
Шыбықтай майысады ұнап еркем.  
Әр тастың іргесінде былдырайды,  
Бесіктен жаңа шыққан бұлақ көркем.



## МҰҚАҒАЛИҒА...

### 1

Ай ерінін – тістеп алып қара аспан,  
Биіктікке таласқан.  
Көп жұлдызға жақ ашпай, қарап қапты түксііп.  
Тағдырына адасқан  
Кәрі қыздай отыр ол да бүкшиіп.  
Адам болса, ертеңіне бал ашқан

Бір жұлдызға әне бәрі жабылып,  
Лақтырды қара айдын төсінен.  
Арасына от тастаған қағынып,  
Өзі орын алды жұлдыз көшінен.

Адамдар да бірі арға жүгініп,  
Ғұмыр кешсе, бірі жүрер бүлініп.  
Әттең, әттең жұлдыздың да білмейді-ау,  
Қайта өмір сүрмейтінін тіріліп.

### 2

Сөзінде жүр...  
Шежіресі тегімнің,  
Ен даламда кеткен ені кегімнің,  
Тағдырына алаңдадың бүгіннің,  
Өткен күнде аттан ауған бегімнің.

Галстукті қызыл тарих оқытты,  
Өтіріктің өлі дәнін шоқытты.  
Сана көзі –қызыл- қара түнекті,  
Уақытта шыжғырылды ел құтты.



Жылағанның жасы болып көзінде,  
Тоғыз қабат түгесілді-ау төзім де.  
Сен еліңді жау оғынан қалқалап,  
Алысқанда жатып алды-ау езімде.

Ақ сөзіңмен қорғап бақтың дәстүрді,  
Тұлпар санап өзін жабы қас күлді.  
Таутәңірге айналғанда өр тұлғаң,  
Етік бойлы ескерткіштер пәс тұрды.

Ана тілін ақсатқанның намысын,  
Алдаспаннан өткір сөзің жанысын.  
Болашаққа арыз жазып заманның,  
Өртіне өзін лақтырған Арысым.

Діл мен діннің сөзінде жүр тағдыры,  
Сенікі жөн дей алмады ал бірі.  
Галстукті қанішерлік дәуірде,  
Мандайына біткен қазақ бақ дүрі.

### 3

О Мұха, О Муза сіз кеткелі,  
Басылған жоқ пенделік дүрмек тегі...  
Балкондарды ықтаған көк кептердей,  
Жылы күнде арымыз дірдектеді.

Сол баяғы көз көрген қазақ хәлі,  
Бедеу қоғам ішінде аз ақ әлі.  
Жетім бұрыш өшкен жоқ Алматыда,  
Бұрым кесіп атса да азат таңы.



Қәдіріне жете алған тірі ненің,  
Бір қазақ боп жүрген жоқ тірілерің.  
Қос Астана болса да құзырында,  
Пәтер іздеп жүрген де інілерің.

Бауыр біткен бұл күнде тұрқы дана,  
Ұлықтардың ұйыққан ұрты, қара.  
Өзің көрген қазағың сәл басқаша,  
Ұлып ұры болып тұр құлқы дара.

Ата сөзден сауылған сүтім тоңды,  
Дін тақымда санаға түгін толды.  
Бірікпеген үш жүздің кеше басы,  
Сыбайласып жегенде бүтін болды.

О Мұха! пейіл бөтен заманада,  
Ақылын сатпай айтар жаман аға.  
Жоқ қәзір... рухыңа мұң шағамын,  
Өзіңнен қалған мұңлы қалам ала.

#### 4

Қазақтың сорын кешкен ақын ағам,  
Сұмдықтың жолын кескен датың аман.  
Жүректі кескілейді от жырларың,  
Жас ұрпақ оқығанда сахынадан.

Шындық жаққа шақырып қыран жырың,  
Күн астында ұшып жүр құран сырың.  
Өлеңге орап жеткізген ел болмаққа,  
Бүгінге айтып кеткен ұран сының.

Сіздің ұрпақ татқанды соғыс зарын,  
Қасіретке жан берген ол іс жарым.



Бейбіт күнде көруің қиын болды-ау,  
Өтіріктің шындықпен тоғысқанын.

Зардабынан соғыстың осы еді ауыр,  
Адамзатты жұтатын өсек-ау бұл.  
Тоқтатпасаң жан беріп адам дейтін,  
Жер бетінен ақыры көшеді ауыл.

Сіздің тұста өтірік шындықпенен,  
Өмір сүрді өзгеге құлдық денем.  
Сол қалпынан айрылмай қазақ әлі,  
Шындық дейтін дос болған мұңлықпенен.

Қазақтың сорын кешкен ақын ағам,  
Сұмдықтың жолын кескен затың аман.  
Қызықты бес күн жалған қиып кеттің,  
Бір өлеңнің жолына татымаған.

Биікке таласады аласаң бар,  
Тән емес ол тойдырар қаласандар.  
Өмірдің құнын білген бүгінде де,  
Баяғы өзің жырлар қара шалдар.

Заман тыныш болғанмен сана дертті,  
Жігіт болмай жастарың салады өртті.  
Торғай ату тәрізді кісі өлтіру,  
Ұят дейтін ұмытқан қара бетті.

Қазақтың сорын кешкен ақын ағам,  
Өмірді – бір өлеңге татымаған,  
Қол сілтеп кетіп едің ғасырларға,  
Шүкір-ау, өлеңің жүр қатынаған.





## **ӨР АЛТАЙ ҮЙРЕТТІҢ СЕН БИІКТІКТІ**

Өр Алтай үйреттің бе биіктікті,  
Ел жұртың маңдайымнан сүйіп күтті.  
Тау, өзен, орман, көлің ен байлығың,  
Тәңірі бере салған үйіп құтты.

Көп моншақ Мұзтауыңда тасқа біткен,  
Бағымды сенен таптым басқа күткен.  
Жанынан кей жаманның өзің жақсы,  
Тазалық кеудесіндей тасқа тіккен.

Шығысым Күннің көкке баспалдағы,  
Айтылар адамзатқа аспанда әні.  
Табиғаты туғаннан мінезді өлкем,  
Өр түрік бауыр басып жасқанбады.

Шежіре көзі - Қатонқарағайым,  
Елжіре, өзі сары баладайын.  
Шығысты шырақ еткен сиқырлы қол,  
Адасып қалмасын деп жамағайын.

Сәніне сұлу біткен Аршалының,  
Әніне бердім сөзден жан салымын.  
Шығыстың алақаны Күнді ұшырып,  
Ашады жолын аспан моншағының.

Өр Алтай ата қоныс Тарбағатай,  
Тәніңді жаратыпты зорға матай,  
Кеуденде тұяқ қуып өрге ұмтылған,  
Қазаққа бұл әлемде бар ма жат Ай?!

**КҮМІС БЕЛБЕУЛІ ЕРТІСІМ**

Күміс белбеулі Ертісің,  
Ирелендеп белінде.  
«Күн басты» шығыс кел күшім,  
Бұлттан өтіп демің де.

Шолпысы Алтай Бұқтырма,  
Көбігі қонып жақпарға.  
Сыландап ол да ағады,  
Жақсыдайын мақтарға.

Ақ сәлделі таз шыңдарың,  
Жаһанның жиып мұңдарын.  
Сүртініп сүлгі ақ бұлтқа,  
Көрсетпес баста мін барын.

Омыраулап та жүргізбес,  
Әкеммен бойлас шалғының.  
Жұмақтың жоғын білгізбес,  
Жердегі жұпар жал нұрың.

Көрпесін аппақ жамылып,  
Жатса да шөбі көгерер.  
Жаңбыры жазда жаңылып,  
Бұршақпен ұрса көне бер.

Жетім тамшы жаудырап,  
Сайында ілбіп тұманы.  
Үйірлеп өтсе тау құлар,  
Елігі, ерке бұланы.



Шаңырақтанған мүйізі,  
Табиғат бағып бұғыны.  
Алтайым жердің киізі,  
Желектенген жас тұлымы.

Арғы бетінде Керейім,  
Бергі бетінде Қаратай.  
Сұлулықтағы мерейім,  
Самырсынды бақ өр Алтай.

### **ӨСКЕМЕН ӨСКЕН ЕЛІМ, ӨЗ КЕМЕЛІМ**

Өскемен өскен елім, өз Кемелім,  
Алады табиғатыңнан көз дерегін.  
Бауырыңда бабам кеше жыр қалдырған,  
Іздеймін сол мұрадан сөз керегін.

Өскемен өскен елім, өз Кемелім,  
Қасиетін қозғайды сөз көненің.  
Шығыстың шынарындай нұрға малған,  
Жетеді ерте күннен кешке лебің.

Өскемен өскен елім, өз Кемелім,  
Алғанбысың көшіріп Көкше белін?  
Жерінде шілде қонып қалса-дағы,  
Көлеңкелі көркіңе бек сенемін.

Өскемен өскен елім, өз Кемелім,  
Сырғалы сұлулықты хош көремін.  
Қара орман қазағымның құт мекені,  
Өлеңнен қосарым бар көшке менің.



Өскемен өскен елім, өз Кемелім,  
Бүлкілдеп сала берші хош көмейім.  
Бабамның қастерлі сөз қоржынына,  
Жаны жақын жандарды дос көремін.

Өскемен өскен елім, өз Кемелім,  
Өзіңнен аямасын дос көмегің.  
Қазақ барған ғасырға атың барсын,  
Өскен ел, өзі Кемел, Өскеменім.

### АҚҚУДЫҢ АҚ БЕСІГІ

Зайсаным Шығыстың ақ алақанында,  
Балағын орман жапқан пана қауымға.  
Көркінді көрген ұл ем көзді арбаған,  
Қыр асып кеткен кеше бала таңында.

Зайсаным Шығысымның,  
Байлығы ұлысымның.  
Тірлікте өзіңменен,  
Артады ырысым мың.

Айнасы жерімнің, ақ бұлттар таласып,  
Бой түзеп жататын бақ сәні жарасып.  
Аққуым, қаздарым күз келе қайтқанда,  
Құстарым сағыныш наз әнін ала шық.

Аққудың ақ бесігі,  
Шығыстың бақ несібі.  
Қазақтың тарихында,  
Мәңгілік бар есімі.



Зайсаным зерен ыдыс толы берекем,  
Тәңірдің сені берген қолы кең екен.  
Аққора, Екіаша, Топқайыңдардай,  
Аймағың ақ балтырлы соны кен екен.

Тарихта аты нақты,  
Жас иіс жапырақты.  
Шығысым нұрға бөле,  
Күн күткен атырапты.

### **АЛТЫН САУСАҚПЕН ҚАҚҚАНЫ**

Қараңғы басқан қақпаны,  
Алтын саусақпен қаққаны.  
Ерте оянып сұлу Күн,  
Жебедей көкке аққаны.  
Жұмысы жерге нұр шашып,  
Тіршілік беру баққаны.  
Алтын жіп өріп Шығыстың,  
Иірер ұршық ақ таңы.  
Аспанның қолы тараса,  
Шашына Күннің жаққаны.  
Куәгер осы тынысқа,  
Шығысым елдің мақтаны.  
Шығыстық қазақ тұлғасы,  
Адамдық арға құл басы,  
Оралхан Бөкей болар ма,  
Жаныңның ізгі мұңдасы,  
Кейіпкерлері солар ма,  
Заманалардың құрдасы.  
Сөйлесе адам тілінде  
Қасиет іздеп Кербұғы,



Қорқыт мұң шағар үнінде,  
Туар ма елі ерді ұлы,  
Әлібек жазған содан соң,  
Шығыстың келбет шырайын,  
Өткеннен қозғар қазаққа,  
Аманат еткен Күн, Айын,  
Осындай ұлы бар елдің,  
Сөзіне мен де тұрайын,  
Елім деп жүрген ерлердің,  
Құдайдан бағын сұрайын,  
Шығысым көкте төр бердім,  
Жүгірген күнім құмайым,  
Қартайып барып құлайын,  
Ел аман болсын ылайым.

### ӨЛЕҢ КЕШІН...

Көңіліне бір жылы сөзі қонған,  
Өмір берген – ақылға көзі толған.  
Жанашыр көкем қайда бар ма менде?  
Өзі болған жігіттей өзі зордан.

Түсірер болар күн де көлеңкесін,  
Дауыл тырнап тастайтын емен төсін.  
Інілерің жүр әлі есейген жоқ,  
Мансабыңа қимайды өлең кешін...

Өлең кешін... көтеріп өлең көшін,  
Жасамақ боп жүр оған керең кесім.  
Мипазданып үргенде милау бастық,  
Деп тұратын жігіт сол енең жесін...



## **ТАБЫС**

Табыс.

Үстеме табыс, тағы да табыс,  
Арсыз құлқын мен ар жолы алыс.  
Адамзатымның арасында жүр,  
Ақша мен алтын баяғы таныс.

Танысы көбі таразы басып,  
Ысқырып бұйрық бағады тасып.  
Теңгесіздердің терісін тесіп,  
Бейнеттің суы ағады жасып.

Табыс.

Сенің жолыңда сезім пұлданды,  
Ұят тығылып кіндікке төмен.  
Болса да кеше кезің құрбанды,  
Мұншама елім дүрлікпеген-ең.

## ШЫМКЕНТТЕГІ ӘУЕ АПАТЫ ҚҰРБАНДАРЫНА

Қабырғам сөгілді,  
Көзден қан төгілді.  
Желтоқсан тағдырлы,  
Қашаннан өлімді.

Көкте күн қорғала,  
Ай бізді есірке.  
Ажал тұр долдана,  
Қарайды ес үрке.

Ел неден жаңылды,  
Түңілткен іс қандай.  
Өрлеген таңымды  
Жезтырнақ қысқандай.

Сыбырлап дұғасын,  
Дала шал қайырды.  
Бұзылып ұнасым,  
Тұман мұң жайылды.

Жаназа. Желтоқсан  
–Мазақтап албасты,  
Дауысы құранның.  
Не күй бұл ел тосқан,  
Қып-қызыл қар басты.

Желтоқсан алауы,  
Өлімнен отыны.  
Құраннан қалауы,  
Дәметкен от ұлы.

Ұмытпа, ұлықта!  
Тілейді ғұрып та.  
Ірге сал ағынға,  
Тылсым көп тұнықта.

Желтоқсан азалы  
Қара орман қазалы.  
Көбейіп кетпесін,  
«Шейіттер» мазары.





## **КЕНТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗ ЕЛГЕ АРЫЗЫ**

Қыр астында өнсе де аты биікте,  
СОЮЗ-ыңды қара бұлттай тұртуші ем.  
Дәуренімді талқандаған түйіп не?  
Жанарымда жас ойнайды сүртінсем.

Жас күніңдей бағың қайда баяғы?  
Шебер қолдар ықыласымен шалқытқан.  
Басымызға қандай күн кеп таяды?  
Пешім қане пейішімді балқытқан.

Білем-білем байлығымды тонады,  
Мал баққан ел күні кештеу бататын.  
Сарқылған жоқ, сүйегімде тоң әлі  
Тыныс керек қан жүгіріп жататын.

Мәскеудегі Кремльдей жұлдызы,  
Азияда бағаланып жоғары.  
Қызығымды қызғанған кім қырмызы,  
Үзілмейтін төрт тараптан қонағы.

Қала едім дүкен тола тапшыға,  
Абыройы «депутаттан» кем емес,  
Сол күйімді қайтар қазақ жақсы ма,  
«Жетімдікті көп тартқан ұл», келеді өш.

«Қаратау тәжін» Күн кигізіп қолымен,  
Отырғызса «Хантағына» қайтара.  
Кентау ұлын өркендеткен жолымен,  
Сол ерлікті елім тағы қайтала!



## ҚОЖАНАСЫРДАЙ АЙТАТЫН ҚҰЛАП БАРЫП ӘН!

Кенішті қала Кентауым ертегіге еніп,  
Күніңді жырлап кешегі мен тебіреніп.  
Тұрғанда ізі сөйледі бахадүрлердің,  
Шайырдай шерлі толғанып дара түрге ендім.

«Жылаған ата» сағыныш сарқылмай жасы,  
Баласын әлі күтуде А, Құдайлашы.  
Таңбаңда тарих сайрайды орта ғасырлық,  
Құдайға сенбей оны да қорқа жасырдық.

Шыңдағы үңгір су берер құраныңды оқы,  
Тірі қалған-ды тылсыммен Тұранымның оты.  
Әулие қонған бойына Қаратауымның,  
Түріктей Тәңірі жебеген дара қауымның.

Жылатпай берген жерінен несібесін Алла,  
Тағдыр қаңтарына енді көншімесің бар ма?  
Жолы да осы жауынан Күнше ықпаудың,  
Ұлы әңгімесі сақталған Келіншектаудың.

Көк Қошқар әулие, Ер Қоян тылсымның күші,  
Ұкаша ата құдығы бір шынның ісі.  
Оғызтау жақта ел түзер сақабалардың,  
«Дін басы» емес дiнiмде атама нандым.

Исі Түріктің бір пірі Зеңгі де мұнда,  
Қотырбұлақтың суы ем, ел білер тыңда.  
Көкжөтел пірі Марқозы көр де нұр таңды,  
Бере бер ғайып Әлемдік елге шипаңды.



Бос қуыс қалып жатқанда кен шахталары,  
Әупірімменен одан да ел сақтанады.  
Қазақиям-ай қанына шуақ дарыған,  
Қожанасырдай айтатын құлап барып ән!.

## **КҮН АСТЫНДА ҚЫРАНЫМ**

Күн астында қыраның,  
Жер үстінде ұланың.  
Жүрегінде жыр-әнің,  
Тіл ұшында Құраның.  
Қазақиям байтағым,  
Шапағатқа бай таңым.  
Қазақ деген атыңды,  
Тәңірімдей айтамын.  
Ер иесі бір Аллам,  
Ел киесі көкбөрі.  
Жаратқаннан нұр алған,  
Жанға даяр тек төрі.  
Көк туың тұр тағымда,  
Ұлттық нақыш сабында.  
Тыныштықты күзеткен,  
Сарбаздарым бабында.  
Елжірейді адалдық,  
Желбірейді туымда.  
Сен бар жерде қадам нық,  
Береке бар нуымда.  
Туда өмір тынысы,  
Заманымның ұлы ісі.  
Көрініп көк төсінде,  
Түгенделген ырысы.  
Айбынымсың қорғаным,  
Айдыным ен орманым.



Анадан жеткен – мейірім,  
Атадан келген зор бағым.  
Бөрте Шене байлаған,  
Босағаға байрағым.  
Тағдыр желі айдаған,  
Жігеріме қайрағым.  
Аман жеттік бүгінге,  
Тәуба дейді ел біле.  
Енді бейбіт күнімде,  
Желбіре тек желбіре.

### **ЖАҢАҚОРҒАНЫМ**

Жаңақорғаным киелі мекен білерім,  
Топырағын шашып бала күндері түнедім.  
Интернатында қойшының қара сирақты,  
Көкөрімдері оқитын бермей гүл өңін.

Қой баққандардан ой баққан дана өсіріп,  
Шығамыз дейтін тәрбиешілер төс ұрып.  
Ұлы еңбектері шынында зая кетпепті,  
Жүгермектері өмірде шапты көсіліп.

Жаңақорғаным жаныма қымбат сонан да,  
Батпағың дәрі былшылдап жатқан соранда.  
Байлық іздемей иман түзеген абзалдар,  
«Қорасан» болып тілейді өмір -обанда.

Есімде қалған интернат үйі, арман қыз,  
Сүйеге сонда бәстесіп тың жол салғанбыз.  
Үзілістегі үздіккен істі сезіп қап,  
Уәли дос-ау шапалақ бөліп алғанбыз.

## **МЕНИҢ, СЕНИҢ ОТТЫ ЕЛДІҢ ТАҢБАСЫ**

Менің, сенің отты елдің таңбасы,  
Қай заманда болу керек ән басы.  
Онсыз елдің бет-бейнесі танылып.  
Белгілі ғой намыс оты жанбасы.

Ол таңбада сөйлеп елдік тарихың,  
Тыныштықта болу үшін әр ұйқың.  
Біздің шалдар кешегі ізді тірілтіп,  
Сөйлейтінді бойға тіктеп даритын.

Әр тайпаның белгісінен бір кезде.  
Тәлім алған жортуылшы ұл кезбе  
Сан ғасырлы уақыт шауып өтсе де  
«Бәдіз» – жыры тек сақталып тұр көзде.

Күй кешеді бергін тайпа бірігіп  
Қайтер еді, кетер еді қырылып  
Рулы елдің басын қосқан жүздердің,  
Шежіресінде жатыр сайрап ұлылық.

Сол заманның сырын оқып шертеді,  
Ол дәуірдің ерлері де өрт еді.  
Мөде, Атилла, Ер Тоңа мен Тұмардай  
Ғұн қызының ерлігі де ертегі.

Ертегінің... ел кегінің қасында,  
Шу мен Оғыз жүретұғын басында.  
Жүрді елдіктің бермеу үшін таңбасын,  
Бөрілі байрақ ту көтеріп расында.



Батырлардың ширақ ісі өнеге  
Өз бақытын қиып бекер өле ме?  
Бүгінгіге азық ерлік жырлары  
Тәуелсіздік бастауы сол көнеде.

Түркіт, Шене батыр басқан әр ізі,  
Түркілердің тарихы мен аңызы.  
Білге, Елтеріс қағанаттың тұсында  
Тонұқұқтай болған ұлы абызы.

ЕрТарғын мен Алып Бамыс қорғаған,  
Қорқыт атам кереметсіз болмаған.  
Өшпесін деп ниетім мен қамымды,  
Қобыланды, Тарғын, Қамбар қомдаған.

Әл-Фараби жасап білім қайнарын,  
Ясауи мен Жүйнеки кеп жайнадың.  
Баласағұн, Қашқарилар тұсында,  
Адамдықтың ақ сертінен таймадың.

Жаулаушы елдің болған дейді панасы  
Шыңғыс хан мен жақын қазақ арасы  
Сарайшықта «аққу көлін» салдырып,  
Салтанатын асырғанын қарашы.

Ақсақ темір, Тоқтамыс пен Едіге,  
Жәнібек пен Керей де бар беріде.  
Мұның бәрі қазақ сенің шежірең,  
Кетсе деғы кезінде іс керіге.



Жөн сілтеген ханға жырау бір заман,  
Қалай қарай құбылды деп бұл заман.  
Абылай мен хан Кененің соңынан,  
Ермеген тек ез боп туған құл жаман.

Бұқар, Асан, Сыпыра мен Шөлгездер,  
Қарағанда даламызға әр көздер.  
Жырау тілін қылыш етіп кезенді,  
Қазағыма кең дүние тар кездер.

Абайдан соң алаш өтті күйініп,  
Елдіктің бір боларына сүйініп.  
Ашаршылдық ол да қолдан жасалды,  
Халқымызды қырып салды күйі нық.

Соғыс сосын тың игеру, сұрапыл  
Шындық әлі айтылған жоқ тұра тұр.  
Елтаңба деп жанын қиған боздақтар,  
Жетпес сені жырлауға тек құр ақыл.

Елтаңбамыз көзіміздің қарасы,  
Елбасы мен елі оның панасы.  
«Ей тәкәппар дүние» біз қазақпыз  
Қазаққа енді мейіріммен қарашы.

## ОЙЫМ ОЗАТ ДЕЙІН ДЕСЕМ

Ойым озат дейін десем,  
Ол билікке басыбайлы.  
Тек өлеңмен мейірлесем,  
Көңіл сонда жасымайды.

Рухым азат дейін десем,  
Ақкөт торғай күйін кешті.  
Көк бөрімен бір іздес ем,  
Оқ сындырды, иілместі!

Тілім азат десем о да,  
Түлкі бұлаң құбылады.  
Тілің келер кәлимаға,  
Жүрек сүйсе құбыланы.

Ділім азат десем егер,  
Діңім шіріп барады.  
Ділсіз алға өсе ме ел,  
Дымым «қара ой» бағады.

Дінім азат дейін десем,  
Лақап түрі ағылды.  
Әлі талай мүйіз десем,  
Тазартам деп жанымды.

Жерім азат дейін десем,  
Толды етегі бөтенге.  
Болмай сатқан пейілге еш ем.  
Шұлғау болдық төтенге.





Азаттықты аңсаған ел,  
Тәуелсіздік ұраның.  
Талай сын бар шаршама ер,  
Өмір-өзен бір ағын.

Ей, қазақтар желген күші,  
Жарық тіле мекенге.  
Абылайдың көрген түсі  
Ойланындар бекер ме?

### **ҚАЙРАТКЕР Б.ДӘРІМБЕТ РУХЫНА!**

Қарт Арал! Кәрілік мініп тақымға-ап,  
Сіресіп сіңір, тарамыстанып тұр денең,  
Ақ тікен алқап сорларын тұздың алқымға-ап,  
Тұншығып жатыр, Күндестей күйіп күнменен.

Қос шырағыңнан қуат кеткелі құйылар,  
Жағаңның қайда қалғанын білмей тынығар,  
Толқындар ұрған жарларың құмға айналып,  
Таяқсыз қалт-құлт, ұқсадың Қартқа жығылар.

Кебір денеңде көрініп қалған көктамыр,  
Күстенген төсің кеуіп қайысқан ет-қамыр.  
Жиырып әжім, қартамыс жазып бойыңды,  
Соңғы рет мына қазаққа қарап ет дабыр!

Балықшы балаң Еламан іздеп таппаған,  
Шындықты сұра, Аяз бен ыстық қақтаған.  
Құнын да сұра, Арал атыңның тартылып,  
Қос дарияңның ернеуге толып ақпаған.



Білерсің өзің, адамзат ақыл баққаның,  
Құрлықтан келіп қойнында ажал тапқанын,  
Қорқыттың өзі әділдік таппай күйіне,  
Мәңгілік елге күңіреніп күймен қайтқанын.

Бейбіт заманда «Бақытты жан»-ның өрлігін,  
Қайталай алар туады екен енді кім?  
Сұрасын несін, ойға шомады Қарт Арал,  
Дүниеден көріп бір қазағының кемдігін.

Ақын да өзі, азамат еді сол бала,  
Ақ сөзді қорғап, бас имеп еді зорға да.  
Адамнан артық туғанды іздеп Қарт Арал,  
Құбыла қарап бетін сипайды толғана.

## ОШАҒЫҢНАН «ОТ» АЛ ДА...

Ей! Саналы жас,  
Сайлау өтіп бұл маңда  
Үміткерлер салтанатын құрғанда.  
Сен қалайша шет қаласың,  
Елбасымыз сынға түсіп тұрғанда.

Отан Анаң бауырында өсірген,  
Қандай байтақ жазиралы көсілген.  
Елбасының саясаты сол Отан,  
Қалай оны шығарасың есіңнен.

Партиялар жетіп жатыр әр түрлі,  
Отан біреу өз еліндей ауқымды.  
Отан сені „от“ етсем деп талпынды  
Бақытына жеткізем деп халқымды.

Ей, саналы жас!  
Сен Отанның жалынысың,  
Жан, алаула бағың түсін!  
Дауысыңды бер халық үшін,  
Бойында тұр Арың, күшің.

Ей, саналы жас!  
Аттылығы еремін деп дүрлікпе.  
Көңіліңді салма ешқашан кірлікке,  
Отан үшін шақыр бәрін бірлікке,  
Ынтымақты ынтазар ет тірлікте.

Ей, саналы жас!  
Тарихы бар аңызды

Күлтегін боп тасқа түскен сан ізді.  
Қастерле де қасиетті, жаны ізгі  
Дауысыңды бер, Отан үшін  
Сенің дауысың маңызды

Саналы жас!  
Ошағыңнан „от“ ал да,  
Дауысыңды бер Отанға!

## ЭЛИТА МЕН ЭПОПЕЯ

Бекжігіт қоғам жайлы бірағың мұң...  
Арнасын аңдар ма екен ұл ағынның.  
Элита емес деп жүрген білсе шіркін,  
Эпопея боларын бір әніңнің.

Арман сені сүйрейді басқа күндік,  
Бағасын сен бермейсің саспа тірлік.  
Эпопея болса деп сен жүргенде,  
Элитамын деп жүрді қасқа шындық.

Сенің әнің жаралсын жасындарда,  
Менің сөзім таралсын басым барда.  
Элитаның өмірі бүгінгілік,  
Эпопея ғұмыры ғасырларда.

## СҮҢҚАР АҚЫН СӘКЕН РУХЫНА! Қызыл ту шылауың...

КЕҢЕС айдаһарына  
Жүректі қалқан етгің де-  
жаралы болдың.

Қат іс. Қайта тағыңа  
Үмітін тырнап жетгің бе-  
қаралы жолдың.

Езіліп кеткен ерлерге бас боламын деп,  
Қан жұтқан қазақ едің.  
Айбындым-ау,  
Беріпті жазмыш ие қара жолағын көп,  
Қара ағаш төзім кетіліп, қайғырдың-ау.

Жыласаң жыла, уансаң қуан  
Сол бір қазақты есіңе алып есіл дүр.  
(Санамда сері сұлбасы сағым кешіп жүр)  
Содан бері де, түзелмей қойды-ау көшім бір.

Қара айғыр алып қашқаннан жолда ерімді  
Талай құл налып сасқаннан сонда егілді.  
Қайтарар жанға «шыбын үзілді» қияр ем,  
Сондағы кеткен кегімді.

Бар ма екен сірә бір күнің,  
Бас қуанышыңа арнаған –  
Күлкі мұң. Жауыны қанды, тағдыр бұлтының  
Жейдесін күнде жұлқыдың,  
Жұлынын үзіп алмасқа, ендігі қалған–ұлтының.

Жылай да алмай кеттің-ау. Жылата алмай,  
Қор болды-ау қорған қызыл ту.  
Тек өкініштісі, тілі құранды жұбата алмай  
Жұртыңды, соңғы сапарға –  
Қиналды құл ата бармай.

Жұлдызың бағып тұр қазір қазақты көктен,  
Ғажап мұң. Жырың билейді азапты төккен.  
Қызыл атыңның тұяғы –бәдізге жетіп,  
Даламнан қуып шығарды тозақты бөккен.

### КӨҢІЛ ЖЫЛАЙДЫ...

Көңіл жылайды жетім бүрсендеп,  
Қанша мәпеле өкін гүл сембек...  
Еркебұланның балапандарын,  
Шаршама аға жетілдірсем деп...

Оразбек кетті Маң атамыздың,  
Жолына түсіп шаңдата түздің.  
Тарихтың салған ескі сүрлеуін,  
Шындыққа қарай аңдата бұздың.

Нұсқабай тегін Асқан жалғаса,  
Маң ата қолдар аспандамаса.  
Тіріге иман тілеуден артып,  
Тағдырға кейіп қашқан далбаса.



## **ТҮРКІСТАНЫМ ЖАН ШАРАБЫМ**

Түркістаным – жан шарабым  
Шөлдегенің кел де іш.  
Қасиетіңе тамсанамын  
Берген мына елге күш.

Түркістаным – жан шарабы,  
Түбінде бір іздетер.  
Қазағымның жанса бағы  
Табылады сізге төр.

Түркістаным – жан шарабы,  
Дертті бойдан жазатын.  
Мұндай дауа жар саламын  
Таппайсың-ау таза тым.

Түркістаным – жан шарабы  
Жүрегіңнің көзін аш.  
Мұнда иман қарсы алады  
Онсыз адам сөзің аш.

Түркістаным – жан шарабым  
Неге келдің ұғасың.  
Қалды дейсің қанша жаның  
Несіне адам бұғасың.

Түркістаным – жан шарабым  
Жүрек шөлін басатын.  
Қалды дейсің қанша амалың  
Иманыңнан қашатын.

## ЖАҢААРҚА

Байдалы би, Сайдалы Сары Тоқаның,  
Үніндей кеше естілді зары ботаның.  
Гүліндей өсе тектілерім-ай, жотаның,  
Кіргізбей шөңге, қорғаған бәрі Отаның.

Иманжүсіп пен Ықылас және Шоңдарды.  
Тас түлек етіп, Тәңірі өзі оңғарды.  
Неше мың ғасыр қақпасын ашып солардан  
Қалған тіл бүгін толғанды.

Жаңаарқам балам, Түркістан атаң бөрікті,  
Текті ұлға Нұрдан, тәбәрік мейір төгіпті.  
Ісләм, Жақан, Жолдыкейлердің жолына  
Ясауи пірдің даналық дәні өніпті.

Жаңаарқа жерім саған да сынақ түсірмек,  
Кеткенді кеше саясат жасап ісін кеп,  
Далаңнан өлік табытын соғар кезінде,  
Ұлдарың тәуба, көрсетті құрыш күшін көп.

Жаңаарқа жерім тірінің көрген жұмағы,  
Жаныңа дауа аққан кіл төрден бұлағы.  
Заманның өткір ызғары миды шаққанда.  
Атамның басын қорғаған жылы тымағы.

Табиғатымның – Жаңаарқа алтын жүзігі,  
Тарихтың сенде парақталмаған үзігі.  
Жатыр-ау әлі, бала ғасырдың болашақ  
Балпаңдап басып барғанда көрер қызығы.



Жаңаарқа жерім – жүрегі байтақ даламның  
Қазақиямның құтындай толған алаңның –  
Тағдырына да алаңмын.  
Мейірім сенен еседі  
Құшақтағанындай анамның!

### АЛЛАҒА ДЕГЕН...

Аллаға деген махаббат ғана тұрақты,  
Адамға деген махаббат келер тұрақсыз.  
Себебі оның бастауы аққан бұлақсыз,  
Түсіне алсаң болар-ды мұны бірақ сіз.

Аллаға деген махаббат ғана тұрақты,  
Адамға деген махаббат келер тұрақсыз.  
Орта бір жолда қалсаңыз егер құлап Сіз,  
Түсінген болған едің-ау мұны сұрақсыз.

Аллаға деген махаббат ғана тұрақты,  
Адамға деген махаббат келер тұрақсыз.  
Құмарлық деген нәпсіні жеңіп бірақ Сіз,  
Тұрақсыз дейтін қауымнан тұрдың жырақ Сіз.

Аллаға деген махаббат ғана тұрақты,  
Адамға деген махаббат келер тұрақсыз.  
Нәпсіні жеңдің, бәрібір аққан бұлақсыз,  
Махаббат балы таусылса қайттің шұнақ Сіз.

Аллаға деген махаббат ғана тұрақты,  
Адамға деген махаббат келер тұрақсыз.  
Тұрақты етем деп шаңырақ жеке құрапсыз,  
Таласа алмайды мұныға ешкім шын ақсыз.



Адалдық басқа, махаббат жүрсе қынапсыз,  
Құмарлық дейтін тентек те бар-ау құлақсыз.

Аллаға деген махаббат ғана тұрақты,  
Адамға деген махаббат келер тұрақсыз.  
Себебі оның бастауы аққан бұлақсыз  
Түсіне алсақ болар-ды мұны бірақ біз!

Адамға деген махаббат келмей тұрақты,  
Талай тағдырдың тірегі тайып құлапты.  
Пендесін Өзі осылай да бір сынапты.

### АЛҒЫС КҮНІ...

Асыл өмірдің есігін аштырған,  
Алланы ақ жүрегіне бас қылған.  
Оқып озсын деп менің жас тұлғам,  
Еңбекке қас ұйқысын бастырған.

Ата-анама алғыс!

Қазақ елін өз отаны санаған,  
Бір-бірінің көңіліне қараған.  
Қазақты бір бауырына балаған,  
Түрлі ұлттар этносынан тараған.

Барша жұрағатыма алғыс!

Ұлы даланың басын біріктіріп,  
Мәңгі ел жасаған хас Ұлық Түрік.  
Тағдырымды кешегі ұмыттырып,  
Ел басқарған дұшпанға күліп тұрып.

Президентіме мың алғыс!



**РУХАНИ АСТАНАҒА!**

Арам іздер түспеген даланы ізгі,  
Қарауылдай қорисың қарау бізді.  
Мынау сырқат қоғамнан ішке түскен  
Жазып келе жатырсың жарамызды

Рухын сақтап тірілттің өшкенімді,  
Халқың қайта құламас көшке мінді.  
Табаным тисе сенің топырағыңа  
Сезінем пәк әлемге көшкенімді.

Күн кірпігін көтерген таң қазына,  
Бір сәуле құйдың адам ары азына,  
Қараған қыбыр етпей Құбылаңа,  
Иілген Ай да анау намазына.

Сайтаны бар өмірде азғыратын  
Барыңа сенің шүкір көз қуатым,  
Сені көріп ойланар әр бір жүрек  
Тірлігінде табуға өз қыратын.

Сен байладың пенденің дүрмек бетін,  
Ойсыз жүру тіріге міндет пе еді,  
Келгеннің бар тілегін қабыл алдың  
Сені олар жүрекке күрмеп пе еді.

Ар таразы болмаса қайдан ұқтық,  
Жанның таза мекені нұр тұнықтық  
Тәспісінен жаңылса есінейді-ау,  
Таң намазға жете алмай Ай жарықтық.

**СЫРЛЫТАС**

Қиянға көңіл шабар аттай тулап,  
Жігітке қасын керсе қиғаш бір бақ  
Жылы жаққа ұшсаң да құс тәрізді  
Туған жер шақырады басын бұлғап

Қазынаң аршылмаған жұмбақ қоймаң  
Ғажайып түстермен кім сырлап қойған  
Сендегі әрбір тастың салмағындай,  
Мен түлеп жаратылдым құндақты ойдан.

Көз тігіп көкке қарап бұлт сүйіп,  
Биікке жетеледі орғып киік.  
Біз сенен адалдықты ұрлап өстік,  
Ақ қардан аңдамадың көйлек киіп.

Сырлытас тынысыңның салқын лебі,  
Тудырды мінезімді сан күрделі.  
Мен туғанда арнадан асып суы,  
Дұға оқып Күркіреуік күмбірледі.

Айналып жер, көк қарап түндігінен,  
Жыл жылжып жоғалады кіндігінен.  
Мен барсам күн бұзылып басылады,  
Өрістен келгенімді білді білем.

Туған жер көтерермін жүгінді артқан,  
Қайттым мен сенен алып демер күшті.  
Шығарып салғаныңда жүгірді арттан,  
Арлан ит „ауп-ауп“ үріп шеге тісті.



## СЫРЛЫТАСҚА

Арқасын тосқан жауынға  
Жалаңаш таудың тұрпаты  
Демін ап тұрды ауыр ма  
Денеден ұшты-ау сырқаты

Ақ басқан басын жудырып  
Артынан желге кептіріп  
Тұрғанда салды су бүлік  
Аяқтан суық өттіріп.

Аямай төкті құтты аспан  
Осы тау әлі бұла тың  
Ұқсайды шалға түк басқан  
Жылда бір сақал қыратын

Иыққа күнін мінгізіп  
Далаға басып шығатын  
Осы тау әкем сын түзіп  
Бақылап қарап тұратын

Болып тұр сырқат демнен сау  
Желектен жейде жабам да  
Бабалар көзін көрген тау  
Тұра бер аман даламда.

**ҒАСЫРЛАР ҚАҚПАСЫ БОЛ ҚАСИЕТТІМ**

Ниетті аққа ораған бой тұмарым  
Тілекті бақ құраған ой тұнарым  
Бір қызың дүниеге оты бар ұл  
Білдің бе әкелгенін Отырарым

Жұмаққа кірер есік жер бетінен  
Өмірдің өзі бесік тербетілген  
Қалғанда естен шыға әуені ұрлап  
Ауыстыр адамдыққа өңге түрден

Басып мұң тұрса жанды ерен кеме  
Асықты күбірлеп ап көлеңкеңе  
Өмірмен арғы жақтың арасында  
Адамды арға байлар көген төбе

Бей дауа жанның түгел бақ намазы  
Қалмайтын жүрегінде жатқа назы  
Пенделік сиясына бүлінбеген  
Иманды пейілдердің ақ қағазы

Жеріңнен өнген әрбір отың дәрі  
Кәрі-жас қуат алып отыр әні  
Мұсылман баласында бар қазақтың  
Меккемен өзі теңдес Отырары

Мұсылман арасында бір қазақтың  
Жеріне нұр түсіріп асыл еттің  
Сырына еміндіріп бар ғажаптың  
Ғасырлар қақпасы бол қасиеттім.

**РАХМАНҚҰЛ БЕРДІБАЙ РУХЫНА!**

Жаны таза саумалдай қайнардағы  
Қиял ойы жүз кітап жайған бағы  
Елдің қамын жеген ер сексенде де  
Бас қолбасшы секілді майдандағы

Түркістандай тамыры құнардан дер  
Күн туғанда еліне сыналған ер  
Мұхтарлардың шәкірті кешегі күн  
Ардағынан Алаштың сыр алған дер

Бүгінгінің Қорқыты кітап кезген  
Архивтердің шаңынан құт-ап төзген  
Ақ жүректен туғанды жазып жатыр,  
Ой қайнатып от жағып бұтақ сөзден.

Кемелдікке келген ұл толық адам,  
Қасиетін қазақтың қорып алаң.  
Абызындай Түркінің көрінер-ау,  
Тіріліп кеп қалғандай Тоны бабам.

Аман жүрші арысым Сайрамдағы,  
Сансыз бабтар қолдаған қайран нары.  
Жебесі боп дініңнің атыл көкке,  
Асылдың шығады ғой ойдан бары.

Өмір бар кедір-бұдыр ала-құла,  
Тәж кесең шаң жабысар балағыңа.  
Тірінде жазылғанды көрген бақыт,  
«Асыл сөз» тарихының парағына.

**ЕЛІМ СЕН БАҚЫТТЫСЫҢ -Ә!**

Мемлекет болдың,  
Әнұран, байрағың бар.  
Тұғырға қондың, барыс боп қарманып ал.  
Ырысың көбейді, мұнайдан қайнарың бар,  
Дініне сай ма құлдар?  
Әлі де жан-жағың жар  
Бірлікке байланыңдар  
Елім, бақытың алда...

Астанаң болды, Сарыарқа төсіне қонған,  
Көңілің толды, ілесіп көшіңе жолдан,  
Жат жұрт ағылды жеріңе несібе толған,  
Керек-ау есігіңе қорған,  
Тарихта ондай да болған,  
Елім етегіңді жый.

Болашақ үшін, ілімнің озығын үйренсін деп,  
Ұл-қыз күшін- Ел сарқып күйленсін деп,  
Тәңірі жазса, білімдар үйге енсін кеп,  
Ақылдың ісін сүйреп  
Орнатса алтын діңгек  
Елім сен бақыттысың ә!

Жерді қоя тұрып, даңқың айға жетті,  
Көктен байланыс құрып,  
Бола алдың заманға епті,  
Бұл дәреже үшін, іскерлер тер төкті,  
Барлап жер көкті,  
Ғылымды майдан етті  
Елім сен бақыттысың ба?





### ...ӨЛЕҢ...АРДАҚ ДОС...

Адал досым сертке де сенімге де  
Жаралғаны жан дүниенің керім неге  
Сен жаманды қасыңда теңім деме  
Сені өкпелетуге күннен ұялам.

Шал кемпірдің баласы қауымдағы  
Жаны жомарт жігітсің бауырдағы  
Кекті бастан сипайсың жауыңдағы  
Сені өкпелетуге күннен ұялам.

Ел тілегі сөз болса қарқындысың  
Гүл төгеді кеудемде алтын құсым  
Қорқыт, Асан күйіндей сарқындысың  
Сені өкпелетуге күннен ұялам.

Періштенің сөзіндей қар жаудырған  
Сені артық көремін жан бауырдан  
Несібесі аңшының қандауынан  
Сені өкпелетуге күннен ұялам.

Періштенің көзіндей тамшылатып,  
Пенде түйсе арқамды қамшылатып.  
Сен емдейсің ауыртпай жан шыдатып,  
Сені өкпелетуге күннен ұялам.

**ЕРЕНГЕ**

Күн жайылып құлашың,  
Сен алдымнан шығасың.  
Көтеріңкі күйіңмен,  
Жанға сыйлап ұнасым.

Құлыншағым шапқыла,  
Ұрыншағым бақ құра.  
Ататайлап соңынан,  
Жүгіресің аптыға.

Сыңғырлаған үніңмен,  
Былдырлаған тіліңмен.  
Үйретесің бізге сөз,  
Періштелік іліммен.

Еркелігің тәтті бір,  
Жүрген жолың ақ күбір.  
Жұмақ ұйқыңнан оянсаң,  
Ай бетінен ақты-нұр.

## **МАХАББАТ БІРАҚ РЕТ ЖОЛЫҒАДЫ**

Махаббат бірақ рет келеді де,  
Басқасы хикая боп жалғасады.  
Бір туар пәк сезімнің тереңіне,  
Қос ғашық өшпейтіндей ән басады.

Махаббат бірақ рет туады да  
Мәңгілік естелікке айналады  
Адамдар шапағаттың шуағына  
Сезімнің нұрыменен байланады.

Махаббат бірақ рет оянады,  
Жүректен нұр атылып гүл шыққандай.  
Ғашықтар күлкісімен боянады,  
Күн ысып кеткендей бір шыршып маңдай.

Махаббат бірақ рет жолығады,  
Жол тауып сыңар жүрек іздеп келер.  
Махаббат жоғалса жан торығады,  
Әншейін жұмақ емес күн өткерер.

## **САЛБОСЫН, АҚТАЙ, ҰЛМАН АНАЛАРЫМА**

Ерте сөнді шырағы ананың,  
Ана сөзі тұмары баланың.  
Топырағын бүркенді лажсыз,  
Өмір дейтін кінәлі даланың.

Өмір дейтін кінәлі дананың,  
Бақтым содан беймаза қабағын.  
Сұрап алған жоқ едік Тәңірден,  
Ерте жедік тағдырдың тамағын.

Ерте оқып ұғындық сабағын,  
Ерте ектік жазмыштың дарағын.  
Ана іздеп зарыққан кеудеге,  
Түйіп өстік өсиет парағын.

Ұят сақтап жетілдік қарағым,  
Мұрат баптап кетілдік әр-адым.  
Солған, толған күніміз өрілді,  
Ұстап жарты жетімдік тарағын.

Жырта алмай хас ұлдың балағын,  
Көре алмай тас ұрдың таладың.  
Өмір менен Анамды ұрлады,  
Қадап басқа шашымның әр ағын.

Айран қайда сімірдік шалабын,  
Ойрандай ма... үңілдік сана мұң.  
Ана өлді... не болды дейтіндер,  
Табалар деп күзелді қадамым.



Өмір дейтін кінәлі дананың,  
Көзінде тұр мұң әлі баланың.  
Қайран анам сен үшін өмірден,  
Көрмей өткен есеңді аламын.

Өмір атты кінәлі ауаның,  
Бұлтын кешіп нәсердей жауамын.  
Мен өлеңмен өртеніп жүріп те,  
Анам үшін сауапты сауамын.

### **КЕШЕДЕН ЖОҚ ҚОНАҚ...**

Түрік жазуы... Тоқболат Еңсеген,  
Рухымның күшін жаныдым мен сенен.  
Қағанаттардан аманат жеткіздің,  
Дүниені ақыл оймен өлшеген.

Бітік жазуы... Тоқболат Еңсеген,  
Баба тілінен санамыз емсе дем- 1  
Жас ұрпақ аса қуатты болар деп,  
Шықпайсың сына жазулы кеңседен.

Мәңгілік елміз... Еңсеген Тоқболат,  
Сөз дәйегімен танымға от борат.  
Мұраға өлмес айналсын жазғаның,  
Өмірде басқа кешеден жоқ қонақ.



## ҚАРАШАДАН ХАН БОЛҒАН Кайраткер Бердібек Сапарбаевқа

Бердібек ау Бердібек!  
Еңбегінді ел білед(і)  
Бір басқарып кетсеңші,  
Біз жаққа да елді кеп.

Күміс қанат пырағың,  
Жоқтан барды құрадың.  
Жағып жүрсің елімде,  
Нұрлы жолдың шырағын.

Туралықты қалаған,  
Мейірімің анадан.  
Халық ұстаз үйрендің,  
Ел билеуді данадан.

Танытқанға ептілік,  
Жол бермедің кек тұнып.  
Қарашадан хан болған,  
Тектілік қой тектілік.

Гүлденсін деп кең дала,  
Көшбасшыға тең дара.  
Нұрекеңнің ниетін,  
Шын түсінген сен ғана.

## ӘНІНДІ ТЫҢДАҒЫМ КЕЛДІ ҚАЙРАТ

Көңілім көктемін іздеген шақта,  
Мұңайып арғы бетте.  
Қыдырған кездер-ай қызбенен бақта,  
Шығарып айды көкке –  
Әнінді тыңдағым келді Қайрат.

Көгершін гуілдеп жемдерін шоқып,  
Жаныма қонғанында.  
Өмірдің үйреткен еңбегін тоқып,  
Бағына тоңғанымда-  
Әнінді тыңдағым келді Қайрат.

Бейкүнә жандар бар қараған көзге,  
Үмітін алыс айдар.  
Жабылар тұлпарды талаған кезде,  
Жас ыршып намыс қайнар –  
Әнінді тыңдағым келді Қайрат.

Өсірген ананың ерлігін танып,  
Жасаған ел баласы.  
Өнердің өзінде өр гүлі анық,  
Бәйгенің сен дарасы-  
Әнінді тыңдағым келді Қайрат

Аралап жасыңнан өсиет бағын,  
Міндірген талап атын.  
Ақыры ел таныды қасиет барын,  
Дауысыңнан таралатын –  
Әнінді тыңдағым келді Қайрат.  
Гүлзира анаңа алғыс.



**ЖАНАТ БАҚЫТПЕН ФК-ТЕ СЫРЛАСУ**

Маржан қыздың тағдырына алаңдап,  
Ар жолында тұрып алдың табандап.  
Ел бұзылса Шыңғысханның алдына,  
Баратұғын батыр қызсың қағандап.

Талай жақсы қалғаны шын арандап,  
Бара жатыр мейірім де сараңдап.  
Біздің қоғам кіндігі ашық етексіз,  
Жезөкшенің үлгісіндей таранбақ.

Сау адамды жынды атау түк емес,  
Жер бетіне шығып кетті жын елес.  
Билік жақтың көп ісіне халықтың,  
Көкірегінде пісіп жатыр бір егес.

ЖанБақыттың ішкі дауысы бір медеу,  
Болғанымен қоғам қазір құл бедеу.  
Биліктің шын жазылмаған заңы екен,  
Соның бәрін көіп тұрып үндемеу.

Билікте отыр оқығандар үшпенен,  
Байығандар тамыр таныс күшпенен.  
Ал таланттар аудан аспай жынды боп,  
Мамандықтар дипломын тістеген.





## **КӨРШІЛЕР**

Көршілер- ай көршілер,  
Жақсылыққа елшілер.  
Бірге отырып ішкен шай,  
Бойымызға кел сіңер.

Бірге жасап от демім,  
Бір көшеде -көктемім.  
Туыстай боп бір туған,  
Көршілерім көп менің.

Қайғыда да біргеміз,  
Бөлінбейді іргеміз.  
Білдіретін секілді,  
Бізге аспанда күн лебіз.

Тайы озсын көршінің,  
Айтқан екен ел шынын.  
Саған көрші сыйлаймын,  
Байлығымның көлшігін.

## СОЛ ЖАНДЫ МӘҢГІ ІЗДЕЙМІН

Көңілі қардай пейілі нөсер,  
Жан туар ма артып анадан.  
Балаға балдай мейірі көшер,  
Таң қуанған бар құт данадан –  
Сол жанды мәңгі іздеймін.

Соғыстан кейін тағдыры қиын,  
Гүл көктем жоқ елең еткізген.  
Бұл күнде дүйім бес күні жиын,  
Бір бақытқа бізді жеткізген –  
Сол жанды мәңгі іздеймін.

Аямай өзін еңбекке жеккен,  
Ақ баламның қарны тойсын деп.  
Құдайдың өзін көрмекке кеткен,  
Бақ анам жайлы ой сінбек –  
Сол жанды мәңгі іздеймін.

Балаға тілек ниеті аппақ,  
Күн көзінен бұлғаң өсеміз.  
Ұмытып кейде құрметін аттап,  
Бір ойламай думан кешеміз –  
Сол жанды мәңгі іздеймін.

## **СӘРСЕН ЖАНАРҒА**

Есіміңе өмір мәні жазылған  
Көңіліме көктем ектің сазыңнан  
Мына әлемнің білімгері болсам да  
Жүрегіме от аламын назыңнан.

Жан Ар дейтін киелі сөз аңқылы  
Түн түнектен оятатын таң күні  
Тірлік кейде қадірсіз-ау өтетін  
Уақыттай – қыранның бір саңқылы.

Жанарлардың бәрі өмір шырағын  
Жағып жүрген отанасы секілді  
Тіршіліктің таусылмайтын сұрағын  
Мендік жүрек бір шешпекке бекінді.

Жан Ар сөзі қос дүние мысалы  
Ар баптаған жанның өзі құсалы  
Ар сақтаған ардақтылар болмасақ  
Қу жанымыз қай дүниеге ұшады.

## САҒЫНЫШ ЖАНДЫ ТОНАДЫ

Уайым көрпесін жамылып,  
Сырғасын үміт тағынып.  
Келер жолыма көз қадап,  
Жүрсің бе жаным сағынып.

Сөздерді естіп гүл шырын,  
Көңілім сенен тыншыды.  
Мен деп соғатын жүректің,  
Тыңдағым келді дүрсілін.

Босамай қолым гүл ұстар,  
Болмайды кейде дұрыс хәл.  
Тіршілік заңы ай, жылға  
Бөледі бізді жұмыстар.

Сезімнің адал қонағы,  
Сағыныш жанды тонады.  
Көңіл көбелек өзіңе,  
Күнде бір ұшып қонады.

## **АЗАМАТ КЕРЕК ҚОҒАМҒА**

Ойымды өткен ашқанда,  
Қараймын биік аспанға.  
Азамат еді дейтұғын,  
Қария сөзін бастарда.

Мен дағы сондай болам ба,  
Деп өссін ұлың одан да.  
Азулы емес ақ жүрек,  
Азамат керек қоғамға.

Ойыңды тұман басқанда,  
Аспандай ашық дастанға.  
Қара да оқы өмірді,  
Қаталдығынан жасқанба.

Үлкендер айтар есті сын,  
Мейлі сен ұлым кеш түсін.  
Азамат екен дегенді,  
Әйтеуір жұртым естісін.

**БІР АУЫЛ ЖЫР ҚҰСАДЫ**

Іздейді сананың түкпірінде,  
Көңілім бір сұлуды.  
Күз мейлі... қарағым күт түбінде,  
Жебір мұң бір суыйды.

Шындағы мұз неге ерімеген,  
Қабағы күнге жақын.  
Мұндағы қыз менен жерімеген,  
Далабы тілге татым...

Сыздырып қаламды қызыл шарап,  
Қарауыл түн қысады.  
Қыздырып санамды ызың қамап,  
Бір ауыл жыр құсады.

Оқиды өлеңді қыз-қыз қайнап,  
Қамыққан кіл шала мас.  
Тоқиды тереңді ой мұз шайнап,  
Тамұқта тыр жалаңаш.



## **ЖАРЫНАН АЙРЫЛҒАН ЖАҚСЫҒА**

Бәйтерегің құлады,  
Тастай сабыр көтертіп.  
Тұрмас күннің шұнағы,  
Тамырсыз ол кетер күт.

Жалғыздық тұр жасауыл,  
Қайғы құрды патшалық.  
Айға ұшты асау ұл,  
Ендігі күн жақшалы.


Уақытта мән жоғалып,  
Көзің ыққа тығылып.  
Жас көңілің тоналып,  
Сөзің жұрттан жығылып.

Беймаза күй пернесін,  
Кім басады, баспайды.  
Өлім қамын ел жесін,  
Ең ауыры жас қайғы.

Жүрегінде құлыпта,  
Аяулы жар мекенін.  
Жылап жүріп ұмытпа,  
Өмірдің бар екенін.



ЕКІНШІ БӨЛІМ



СЕЗІМДІ МҢІТҢ  
САҮСАҚТАРҢ ЖҮЗІКЕЗ





## **СЕЗІМІМНІҢ САУСАҚТАРЫ ЖҮЗІКСІЗ**

Жез бұйдалы қара дауыл жастығым,  
Нар күнімнің қонған түлеп үстіне.  
Тұяғында көк майысса мас құлын,  
Ауа жарған ту құйрыққа күш тіге.

Төңкерілген сары белдер кеседей,  
Сәулелі күн шөбіне алтын жалатқан.  
Жас күніңнің амалы да еселей,  
Соққан желге кекіліңді таратқан.

Жастық оты жекті әкеп аңсарды,  
Сезімімнің саусақтары жүзіксіз.  
Жұлдыз қыздар қиялап көз шаншарды,  
Ойларыммен алысамын бұзықсыз.

Көктемімнің күміс жырын ұрлаған,  
Ұршық уақыт иіріліп тойымсыз.  
Қыз дүние-ай бұрымыңды бұр маған,  
Сөз айтайын тыңда мені ойынсыз.

Жас күніміз ортекедей секірді,  
Құз бауырында шөп қалдырған ерініп.  
Көген көрмей өскен тұяқ секілді,  
Жынды атайтын жырға жүрмін емініп.



## ШАХМАТТЫҢ БІР-АҚ ТАСЫН ЖЕП

Өмір жылатпасын деп.  
Ұрпақ өсіріп отырмыз – екі басар жерді  
Бір аттасын деп.  
Уақытта қалсын мейірлі із, мейлі ұнатпасын көп  
Жаныңды жақсы шуақтасын кеп.  
Арнаңды тауып бірге-ақ бұлақтасым боп  
Мать қойғысы келетіндер жетерлік –  
Шах-тың бір-ақ тасын жеп.  
Құдайдан тілейтін әдеті сосын қазақтың  
Құлагер құлынын қараулар құлатпасын деп.

Ұлтжанды жанға «вицелік» шен де маңызсыз  
Бастықтар өлер аңызсыз.  
Зиялы аңыз тудырар тағдырына ақын қанықсыз.  
Бәдіздің атынан айтамын мұны бір бетке салықсыз.  
Ақынға құрмет болмаса,  
Балбалдан жеткен рухым жоғалар текті қан ізсіз.

Әділ дейді ғой Сізді Уәке\* – әділдік бар ма?  
Бар болса берші-алқа етіп бойға тағарға  
Жүрексіз жанды суға шайдырып,  
тазарсын желге қағарға–  
сайтанын отқа жағарға.  
Бар шығар ол жиналыстағы қызыл сөздерде  
Бәлкім ертегісінің өзегі шыннан –  
Қазақстандық «Хабарда».  
Мен Сізді құрмет тұтамын «әділет»сөзін –  
Бар болғаныңыз үшін еске саларға.

## **АЛТЫНДАП ТҮНГЕ ІЛІНГЕН – АШАДЫ ЖАБЫҚ ЖАҚШАҢДЫ**

Сыйластық соңы сағыныштарға ұласқан,  
Шыдар ма бабам, сыйласын көріп қайтуға  
Жеті төбелі қыр асқан.  
Солардың ізі тәбәрік, куәдір болған ашылып,  
Бізге де қарап тұр аспан.  
Сағынышымды лақтырдым –  
Астана жаққа асырып,  
Алты қадақты құлаштан.

Кім бар деп онда, сұрарсың тосып алатын,  
Қазақтың тоғызқұмалағынан қалды ма –  
Мақсат\*-ел тосырқанатын?  
Сағыныш басы осы істе, рухтың көзін тасынған –  
паш еттің қанат қағатын.  
Тоғызқұмалақ тарихын бастадың  
сонау ғасырдан –  
Мөдені қосып алатын.

Мендегі сәлем кептері шолып табатын –  
Пирамиданды Перғауынсыз-ақ атайтын  
Жайым жоқ жұртқа жағатын.  
Әлемнен ыстық Астанам қазағың аман тұрғанда–  
ғұмырлық ұлықтанатын.  
Сағындым, күміс шапақты Есілім сейіл құрғанда–  
Сәулеңмен қонып қалатын.

«Бәйтерек» өніп жалғаған жер мен аспанды  
Талғат\* дос жүр ме биік боп бұлттан көңілі-  
Жыр өнген қағып бақшамды.  
Бәрің де аман жүргейсің сағыныштары тілінген-  
Үміттер өпкен ақ шамды.  
Жұматай өлең оқылса, алтындап түнге ілінген  
Ашар-ақ әлі жақшанды.

*Мақсат\*-Мақсат Шотаев ф.ғ.к.,  
Дүниежүзілік Тоғызқұмалақ Федерациясы Бас  
хатшысы.*

*Талғат\*-Талғат Ербаев ф.ғ.к.*



## АЛҚАЛЫ АСПАН СЕЗІМ КҮЙІ СЕГІЗ КӨЛГЕ ШОМЫЛЫП

Арманшайдан демдеші бір, ақ жайлауды еске алып,  
Көңіл көзін жүгіртейін кеше қонған көшке анық.  
Арғымақтың жалын желге таратып,  
Атам әне ағып барад(ы) Түркістанды төске алып.

Асау мінген сенің де атаң абыройын асырып,  
Алматаудың тәттісіндей пейіл гүлі ашылып.  
Ойран -асыр тайқазанын от жалап,  
Алты қырға жететұғын күлкілері шашылып.

Алқалы аспан сезім күйі сегіз көлге шомылып,  
– Ахау-ды айтқан дауыстары күн нұрына соғылып.  
Ақ жаулықты апаларым, әннен соң  
Ақсауыт киіп жауына, тартқанды жебе оғы мық.

Хандарым барыс жүректі бөрідей намыс шайнаған,  
Отырған бағып байтақтың тынысын ақыл айнадан.  
Бастырмай кемел етем деп, - ат терін,  
Кенеден кейін кенелтіп сорғызды құйрық қай бабаң?

Арманшайдан демдеші бір – алқынып соққан жүректі,  
Басайын – басым ауырды – дейтінді атам күн өтті.  
Қайнағанда қос иықты бу жарып,  
Құйғаны апам ақ шайлап самауыр есте шүмекті.

Арманшайдан демдеші бір – есіме алып өткенді,  
Әңгіме тыңдап Мараттан\* желпіне қуып көк терді  
Ағайын бір отырайық, сағындық  
Ыстық-ыстық шай ұрттап құс жастыққа қол бүккенді.

Арманшайдан демдеші бір – көңілім жеткен асылым,  
Сағынышты емдеші гүл – шыдатар емес асық үн.  
Қонақтай қыз айттырарға келген дүр,  
Елді алаң – елеңсіз шай іштірген беу ғасырым!

*Мараттан\*-Марат Тоқашбаев жазушы.*

**ЖАН ДОСТАЙ СОҚСЫН ЖҮРЕГІҢ  
(Жазушы Қанағат Әбілқайырға арнадым)**

Бір досым бар елін қуантар,  
Бір досым бар көңіл уантар.  
Бір досым бар мың досқа татыр,  
Бөліп тірлікті сыр артар.

Достарым қанша байқадым,  
Көре алмай жүрген күн елін.  
Бәріңе достар айтарым,  
Жан достай соқсын жүрегің.

Бір досым бар мұңын шағатын,  
Бір досым бар құнын сауатын.  
Бір досым бар мен қажет етсем,  
Майданға бірге бүгін шабатын.

Бір досым бар әзіл айтатын,  
Бір досым бар қазір қайтатын.  
Бір досым бар ақын атанған,  
Қыздарға ғашық жазып жай хатын.

Бір досым бар аспан көңілді,  
Бір досым бар тастан жеңіл-ді.  
Бір досым бар арғымақ мініп,  
Қуысқан тәтті қашқан өмірді.



## ҚАСҚА ЖОЛ САЛҒАН ӨЛЕҢГЕ ҚАСЫМХАН ЕРТЕ БІЛГЕН БЕ

(Ақын Темірхан Медетбектің Түркістан  
төрінде дүркіреп өткен 70 жылдық мерейтойынан  
поэзиялық хабар)

Игі жақсылар келіпті Темір ақынмен сапарлап,  
Қара өлеңнің өзі де Ханына айналған шағында.  
Ақын ізінде қайқаңдап қара жолдардай жатар бақ,  
Қауқар жоқ қарсыласатын-Өмірден алған тағында.

Мойындап өмір тұрғанда адамға не бар асқақтар,  
-Жоқ,жоқ оқыпты өлеңін өмірден қайғы көргендер –  
Тағдырдың тайқы маңдайлы шаруасын кеткен  
тастап бар,  
Бақыт дейтін ақ үміттің соңынан сорлап ергендер.

Оқыпты өлеңін кесір де,тұяқсыз қалған бейбақ та.  
Жылай да жылай таусылып  
көз жасы құрғап кеткендер.  
Жесір де айдың сәулесі ындынын қапқан кей уақта.  
Қимасы қайтып базардан қиямет қайым шеккендер.

Түркістан төрін Төбекөз, күйі алқымдап тұрғанда,  
Оқыпты жырын Әліпбек\*жатқа бір соқты Әділ\* де.  
Болмайтын сынды пендеңіз жыр оқымас бұл маңда  
Өзегі өрттен тұтанған Өлеңдей биік қадірде.

Ұғыпты сырын Ұлықбек\* ақын көзімен алқарды,  
Өмірдің мәнін ұқтырып,ұғынбай жүрген бір қазақ-



Ұятын көріп Өлеңнен ұятсыздықтан жалтарды.  
Хандарға басын идірген Өлеңде бар-ау бір ғажап.

Меңдеке\* мұңын қазақтың  
Темірхан жырдан тарқатты  
Қарынды ойлап қарқ күліп  
көгендеп байлық жүргенде,  
Аспаннан жауған арым ба?- табанға неге қар батты?  
Қасқа жол салған Өлеңге-Қасымхан\* ерте білген бе.

Мереке\* барын мейірім Темірхан сөзі шоғында,  
Мейіздей дәмін бір жұтса іздер ме қайта өңгені.  
Қызыққа көзі емінбей шырғалаң тағдыр жолында,  
Кеш емес әлі ешкімге, тастаса алып шөңгені-

дегенді бәрі қостады, осыны Темкең тосты анық.  
Алып атом жүректі қысқандай болды қолды ағам.  
Түркілік рухпен тірілген Өмір дейтұғын досты алып  
Басуға қадам жасадық ғасырлық -алаң жолды аман.

*Әліпбек\*-Әліпбек Шәріпбекұлы Өсербаев Түркістан қаласы әкімі.*

*Әділ\*-Әділ Сағынбекұлы Несіпбаев «AR SISTEM KZ» президент*

*Ұлықбек\*-ақын Ұлықбек Есдәулет Мемлекеттік сыйлық лауреаты.*

*Меңдеке\*-Әмірхан Нұртайұлы Меңдеке «Жас Алаш» газеті бас редактордың бірінші орынбасары.*

*Қасымхан\*-ақын Қасымхан Сейітханұлы Бегманов Халықар. «Алаш» сыйл. иегері, «Дәстүр» журналы бас редакторы.*

*Мереке\*-Мереке Әбдешұлы Құлкенов жазушы, қоғам қайраткері, Президент сыйл. лауреаты, Біріккен басылымдар бас редакторы.*

## ПОЭЗИЯ СЕҢІҢ АТЫҢ НАЗЫМ ҚЫЗ

Поэзия сенің атың Назым қыз,  
Қыс тағдырда көксеген бар жазың біз.  
Көктем атты от дененің сарғайып,  
Тыңдамайды жырлаған ән, назын Күз.

Бітеу сана естімейді ай әнін,  
Ән дейді екен қу шығарса аяр үн.  
Өмір деген көлдің беті секілді,  
Көрде бірақ көрсететін баянын.

Ей адамдар жүрек атты кеңсеңіз,  
Қуанар ем тәтті нәпсі жеңсеңіз.  
Ақындарын аямайтын қоғамда,  
Аялайтын жан іздейді, еңсеміз.

Мұң іздедім бағы қымбат адамға,  
Жеңіл тиіп жүрген жоқ ол маған да.  
Күні үшін көзін сатқан ортаның,  
Бір ұшығы тимесін тек саған да.

Назым қыз-ау сен арда боп қал бірақ,  
Өмір мынау қайнаған бір қан бұлақ.  
Жүрегімді мен-ақ жамау етейін,  
Жөн түсінер бірі болса жалбырап.

Поэзия сенің атың Назым қыз,  
Аққу өзің, қаңқылдаған қазың –біз.  
Қорасына қой іздеген қазақтың,  
Арасынан ой күреген аз ұлмыз.



## **ҚАРА ТҮНІМ ТУАР ӘЙЕЛ ЕРІНДІ**

Ашық аспан.  
Көк мұхиттай тұңғиық.  
Тартып мені бара жатыр бір биік.  
Бұлт меңінің бірі де жоқ төсінде,  
Көз малтықты.  
Тіл қатпайсың мыңқиып.

Мөлдір көгім.  
Көздің нұры бетіңнен,  
Тесіп ары өте алмас етіңнен.  
Миллиард ауа қабатынан тіккен көк,  
Сауытыңды күн жалайды күткен боп.

Көк теңізім.  
Толқындары бұлттары,  
Жылағанда жер дәміңнен ұрттады.  
Түрің сенің...  
Мәңгі бала бейнедей,  
Ал жерімді қартайтуда қырттары.

Көк аспаным.  
Көзі алтын түймедей,  
Жанарыңды жабар бұлттар үймелей.  
Сол жақұтты жасырарда жеріме,  
Көркіңізге көз қадау да бір мерей.

Алтын көзің,  
Жұмылғанда шоқ шашып,  
Қара түнім туар әйел ерінді.  
Бір біріңе күн мен түндей от тасып,  
Көбейе бер Адам-  
АДАМ кебінді.

## ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫНДА ЖАСАҒАН КІСІЛІК

Жерден алыстап барады жұп-жұмыр жүректер,  
Күн нұрын тартып ап лақтырған түнекке.  
Өтірік шындай боп жасаған кезеңді,  
Сенбесең пендедей басыңнан бір өткер.

Қасиет жылап, дауылмен алысып қобырап.  
Адам аяғы баспайтын секілді топырақ,  
Тәні өлік даламның күйінен,  
Мұң жұтып мүжілген о пырақ.

Тайбурыл ізінен адасқан арманды тұяқтар,  
Көміліп қалған ба? Көрге бар ұяттар.  
Мешіттің ішінде монтансып отырып,  
Сыртында иманын бір аттар.

Биік сөйлейді көп ауыз тәтті сөз тамызып,  
Бірғағы жындылау тыңдайды ән үзіп.  
Жасалып жатса да қаншама керемет,  
Қазірдің шындығы ертеңге аңыз ұқ.

Бүгіннің бет-жүзін уақыт бояуы сомдаған,  
Бәрі де түгел тек бір нәрсе қонбаған.  
Соны іздеп шаршайды үміттер,  
Тапса егер бақытты-ақ онда адам.

Сол тапшы құлагер көңілдің асылы, пырағы.  
Сол болып дыраулы өмірдің құйтырқы сұрағы.  
Адамзат алмаған қалмады ештеңе,  
Сонда да бір нәрсе жетіспей тұрады.



Сол тапшы қазақтың қанында жасаған КІСІЛІК,  
Іздейміз Алаштың арманын түсініп.  
Тәуелсіз ел болдық иықта,  
Сол үміт жылап жүр ішігіп,  
Ғұмырын сұрап жүр қысылып.

### **САРАЛЫ СӨЗ ТАҒЫНАН...**

Саралы сөз тағынан, Қағанаттың қағынан,  
Бақсылардың қанынан,  
Жыраулардың жанынан,  
Қара өлеңнің шоғынан, Махамбеттің оғынан,  
Құран өзі, Абай сөзі соңынан...

Ақын келді ғұмыр абақтысына,  
Жемін шашып жырдың ғажап құсына.  
Ақ қағазға сөйлейтұғын тіл егіп,  
Кетер сосын, күліп көкке шіреніп

Мұқағали сезімі бар өзінде,  
Жүмекеннің өз үні бар сөзінде.  
Жұматайдың жырға таққан сырғасы,  
Жырларының жылғасында мұң басы.

Ей, дүние қара түндей соқырсың  
Бір жұлдызды бұлтқа орап отырсың.  
Ақын десе кім еді деп назданып,  
Сұрама сен! Ақын деген аз халық.

Бір ғасырдың батпағында иленіп,  
Мың ғасырдың қатпарында күйге еніп,  
Жететұғын сөз айтады бір ақын,  
Бұқар сынды ақ сарайда тұратын.

**КӨРМЕЙМІЗ...ТҮРКІСТАН  
КӨШЕЛЕРІНЕН  
(Ө.Сәуірбаев рухына)**

Ей аға!  
Рухыңмен тағы тілдестім.  
Артыңнан оқып жыр дұға  
Сөндіре алмас Күнді ешкім,  
Ақындар айтқан сырды да!

Бұл шындық мойындалғанды  
Өзің де көріп кеткенсің...  
Содан соң ойыңда арманды  
Қара өлеңге әкеп жеккенсің...

Адамдық күйді кешсең де,  
Ақындық өрдің өлеңнен.  
Пенделер жақтан көшсең де,  
Сөйлеп жатсың-ау тереңнен.

Дүниеге сыймай талантың  
Айналып кетті-ау көктемге.  
Ақындық алып қанатың  
Табытқа сыйып кеткен бе?

Қазағың сені іздейді,  
Ақынын қайта сағынып.  
Жырларың жазған төзбейді,  
Жатқанға архив жамылып.

Көруші-ек дейтін көп шалдар  
Түркістан көшелерінен.



Иесі отты көкжалдар  
Бұл бала өсер елімен-

деуші едік дейді көргендер  
Алғанда аға бірде еске.  
Баталарымен өсіп-өнгендер  
Айналдың мәңгі өлмеске.

Көрмейміз бірақ, бүгінде  
Түркістан көшелерінен.  
Түңілме аға, түбінде  
Ақыны өсер елімен!

### **АДАМНЫҢ КЕЙПІНЕ ЕНІП КЕЛ**

Адамның кейпіне еніп кел,  
Сөйлесіп көрейік жүзбе жүз.  
Сан сұрақ қойылар, ерік бер,  
Үмітім Алладан үзбеңіз.

Біз сені туылған сәбидің  
Атына қоямыз «Әділ» деп,  
Ақсақал-абызы әр үйдің  
Отырар сыйынып, қадірлеп.

Айналған өнері өлеңге  
Сыймаған рухы өр елге.  
Әділдік кешікпей сен келсең,  
Мұстафа Өзтүрік өлер ме?

Шындықтың шырылы кісенде,  
Жоқ па еді босатар күш елде.



Ақындар сені іздеп әйтпесе,  
Арақты амал ғып ішер ме?

Кім оған жауапты, жазалы,  
Көретін көрде екен азабы.  
Жиырмада «жұлдызды» жігіттің  
Неге ерте тарқады базары?

Тұнығы былғанған ағыстар,  
Сене ме десе жұрт ар ұстар.  
Өлімі ертекке айналған,  
Қазақта аз ба еді арыстар.

Әділдік орнаса төбеден,  
Шүкір дер «елім» бар көнеден.  
Сен қашан жетесің далама,  
Уақыт па сені әлде бөгеген.

Әділдік сен жүрсің таланып,  
Итаршы өмірдің қолында.  
Қазақтың қамына қаланып,  
Өлгенің жақсы еді-ау жолында.





**АСПАНДА ДА КІЛЕҢ ҚАЗАҚ ТҰРАТЫН**

Кел көмекке сен өлең,  
Түнгі аспанның сұлулығын жырлайық.  
Көздер күлген төбеден,  
Жасырынған сырын еппен ұрлайық.

Кестелеген қол шебер,  
Түнгі аспанның сүгіреті бір әлем.  
Жұлдыз жерге жол шегер,  
Кезек күтіп қайда тұрмын мына мен.

Жымың қағып от көздер,  
Шақырып бір тұрғандай ма қонаққа.  
Жерде ақша жоқты езген,  
Қайдан барам билет қымбат ол жаққа.

Қара көздер секілді,  
Аспанда да кілең қазақ тұратын.  
Жұлдыз біткен лепірді,  
„Ия, ия“ деп, бұл жаңалық сұра тың.

Жұмақ жайлау көк түнгі,  
Жұлдыз қойды бақылаған ай қойшы,  
Тартып кетті тоқтыңды,  
Бір көкжал бұлт, сайлы осы.

Жұмақ жайлау түнгі өріс,  
Жұлдыз баққан өлең қойшы, мен қосшы  
Қинайды ғой күнкөріс,  
Ақын болып кетем түбі, сәл тосшы.



## ЖАҢБЫРДЫҢ ЖҰТЫП ЖҰПАРЫН, ЖАС ТӘНІҢДІ

Жаңбырдың жұтып жұпарын, жас тәніңді,  
Билетіп жел күйіне аш сәніңді.  
Күз-ажал суық қолмен желкенді үзер  
Көре алмай жазғы сыбдыр мас халіңді.

Жапырақ.  
Билесің сен де өлшеулі ғұмыр барын,  
Бұтақта ілулі тұр шыбын жаның.  
Желдің қолы тисе кеп тербелесің,  
Не айтасың? таусылмай сыбырларың.

Жапырақ.  
Әжім түсті-ау бетіңе тозаң аулап,  
Қалқан болдың жаныма гүл жамаулап,  
Ақылды адам қолынан түк келмейді,  
Құлағаныңды көрсе де көз манаурап.

Жапырақ.  
Өнің қысқа, ғұмырың бірақ мәнді,  
Көшкен бабам саяңа тұрақтанды.  
Көктем анаң кеткенде сен есейіп,  
Көктен тілеу айтты да, жылап қалды.

Жапырақ.  
Сұрауым бар, төзім мұң-мың ұрладым  
Сабырымды тауысты қыңыр маңым.  
Адамнан тату күйді қалай кештің  
Мың еріннің елемей жыбырларын.

Жапырақ.  
Сары кебін кидірді сағыныш күз  
Сары көрпе жамылды сабылыс із.  
Жалаңаш тал жасырды жасын аққан,  
Ауық-ауық күрсінді ақ ырыс түз.

## **АДАМ НЕДЕН ЖАҢЫЛДЫҢ**

Құмырсқаға тоғай болып көрінер,  
Жылқы тістеп өткен шөп.  
От көсейтін тұяқ барда желінер,  
Күн шыжғырып кепкен көк.

Дұға оқиды молда торғай пырылдап,  
Жылан тұрды арбаған.  
Сары даланы кеткен екен тығындап,  
Су тесігі қалмаған.

Ісіп кеткен жер еріні кеберіп,  
Су сұраған өңеші.  
Бетімдегі бабаң ізі теберік  
Ойлан өзің, о несі?

Не болады тәбәріктен айрылсаң,  
Жауабым аз бұл іске.  
Өткендердің рухын аңсап сағынсаң,  
Жусанды бар иіске.

Туған дейтін құдіреттің иесі  
Жер анаға табындым.  
Әр нәрсенің көкте ілулі киесі  
Адам неден жаңылдың?



**ӨЛЕҢІ ЖОҚ АДАМНАН СЕСКЕНЕМІН**

Қыз төсінен бұлтиып қол бұлғадың,  
Балауыз ем бал сыйлап, оңдырмадың.  
Қос төбеге із тастап кетесің деп,  
Кеш қарая келсем де қондырмадың.

Нөсер болып құйылдың бұлтта бір күн.  
Тұзағыңды сүйретіп қыртқа құрдың  
Жаз жайлауға шақырып өзің қайта  
Әкем көшкен кешегі жұртта тұрдың.

Тас тілімен сөйледің, құс тілімен,  
Жанған оттың тоналдың ұшқынымен,  
«Мияу» деді бір дауыс маңғазданып  
Мысығы жоқ бір үйде түшкіріп ем.

Сен тәңірдің жердегі тілісің-ау  
Ақ жүректің мылқау дүр құлысың-ау,  
Келіп, кетіп жататын тіршіліктің  
Ақ отауын тікпеген ұлысың-ау.

Тағдыр сыйы өлеңді дос көремін  
Өлеңге бай қанжығам хош келеді,  
Бос кететін саз өмір заңы шығар,  
Өлеңі жоқ адамнан сескенемін.

**ЖҮЛДЫЗ БІТКЕН ЖЕРГЕ АЯҚ БАСАДЫ**  
**(Мезгілдік қытай ұрықты гүлдерге**  
**миллиондар жұмсадық деп есеп берген**  
**Түркістанның бұрынғы әкіміне)**

Көйлегінді жудырып ал кірлепті,  
Мақтаншақтық теріне.  
Кім сүймейді даңғазалық дүрмекті,  
Отырғызған төріне.

Қызыл балық қармақ қаппай қашады,  
Азығынан қағылып.  
Жұлдыз біткен жерге аяқ басады,  
Түбінде бір жаңылып.

Көршіміздің ақ сиыры кеше өлді,  
Бес ауызға ақ құйған.  
Қаламызға гүлден кілем төселді,  
Миллиондарды ап қойған.

Бір мезгілдік гүлді қытай ұрықты,  
Егу үшін мол теңге.  
Жұмсалды деп кешегі әкім білікті,  
Есеп беріп кетті елге.

Қала жері су кірер деп қазылды,  
Біткен алаң бұзылды.  
Тазша бала тағы алдады тазыңды,  
Шалдар қайда құзырлы.

**ҚАРА ЖОЛ ҚАРАП ТҰРСАМ БІР НҮКТЕГЕ**

Қара жол қарап тұрсам бір нүктеге,  
Көзімді жіпсіз байлап көгендейсің.  
Уақыт жүзіп жүрген жүйрік кеме,  
Әзірге толқын ұрса бөгелмейсің.

Қара жол қарап тұрсам қысқарасың,  
Өлшеулі межеге кеп бір күн ақыр.  
Уақыт ұстап алып ұстарасын,  
Жолымды басып өткен қырып жатыр.

Қара жол қарап тұрсам ұзарасың,  
Әлі де уақыт көп секілденіп.  
Өткенге ақ жүрегім жылағасын,  
Өлтірмей кеп қонады кекілге үміт.

Қара жол көз ұшында ирелендеп,  
Кетесің жылан басқан ізге ұқсап.  
Түзелер ме кешкен күн күйгелендеп,  
Бермесей болмайды уақыт бізге мұрсат.

Қара жол ақ өмірге сен басташы,  
Жеткен жерге дейін-ақ гүл бітіріп.  
Қақпан жатса құрылған сен баспашы,  
Кім тұтылып қалады, кім құтылып.

## **БАБАМНЫҢ ӨТКІР НАЙЗАСЫН**

Бабамның өткір найзасын,  
Қаламға айырбас қылған.  
Уақыт беріп пайдасын,  
Дәуірімнің бағын аштырған.

Қылыштан қалам қиғырлау,  
Сезімді тербеп селдетті.  
Қолынан келіп үнді ұрлау,  
Даламнан алып жел жетті.

Тірілтіп тарих әр күнді,  
Аталы сөзді төлдетті.  
Көмілген құмнан алтынды,  
Табардай қуып жел кетті.

Шырылдап шындық жазылды,  
Қағазға арды көгендеп.  
Өтірік арты қазылды,  
Жұрт тұрды жаны елендеп.

Соқса да дауыл тұтқиыл,  
Қаламың қолдан түспесін.  
Құйыннан кейін күт, жиыл  
Болады нендей іске сын.

## ҚАНЖАРЫН ҚАДАП ҚАЛҒАНДА ТАҒДЫР

Қанжарын қадап қалғанда тағдыр,  
Қайғынды қалай сейілтем.  
Адам-ақ екен арманда қалғыр,  
Жандыда «жарым» ең үлкен.

Жарылар шекең маңдайың ісіп,  
Шоқпарын тағдыр сілтесе.  
Жабығар көңіл жан уайым құсып,  
Құйылар жасым мың кесе.

Күтпеген жерден найзасын түйрер,  
Суық қол ажал қарақшы.  
Тартса да тәуба қазасын билер,  
Адамның ғана жаны апшы.

Ізінді басқан бақылап тұрар,  
Көзәйнек киіп аспаннан.  
Өзінен адам адасқан бір ар,  
Көрер ме көзі жас тамған.

Атқан ақ таңың айналып жүз жыл,  
Жүрердей іске есеп бер.  
Нәпсіге мініп сайраған із бұл,  
Тәубаңа келші десек те.





## ЖЫМЫҢ ЕТІП ҚАЛҒАНДА

Жымың етіп қалғанда,  
Діріл өтіп бойымнан.  
Сырғалы түн жанғанда,  
Ойым көкке бой ұрған.

Қанат қағып тәтті арман,  
Түнге сіңіп барады.  
Жүрек сырын ақтарған,  
Қара түнге бар дағы.

Алтын теңге шашыпты,  
Түн төсіне ілінген.  
Әне бірі асықты,  
Айрылысып түнімнен.

Түнгі көктің қойнауы,  
Жұмбағымен сыр бүккен.  
Ойға рас тоймауы,  
Көгендеулі көз біткен.

Күн тіршілік тынысы,  
Түн мәңгілік бір ісі.  
Қадірін біл адамзат,  
Ол ертеңнің қонысы.

**АСТАНАМ МЕЙІРІМ ТІРЕГІ**

Такыр жерді жұмаққа,  
Айналдырған елімнен.  
Тәңірі қолдап сынаққа,  
Майдан құрған ерімнен.

Бітер ме заңғар құрылыс,  
Қолдаушы қолы тимесе.  
Адамға жұмбақ мұның іс,  
Арттырды қазақ, күй неше.

Күлтегіндердің рухынан,  
Көгеріп өскен бұл жұртым.  
Өнерден алып сыр тұнған,  
Өмірге берген тың ғұрпын.

Ертегі күнді шындыққа,  
Ұластырған бұл елім.  
Атағы озса құрлықта,  
Қуанбай қайтер жүрегім.

Таң қалдырса әлемде,  
Күн астының бар ұлтын.  
Өмір менен өлеңде,  
Қазаққа керек сабыр тым.

Қаласы жатса гүлденіп,  
Адамы озсын иманмен.  
Имансыз симас жерге еніп,  
Ала өмірге сиғанмен.

Қазақтың таза жүрегі,  
Тәңірі берген бақ сосын.  
Астанам мейірім тірегі,  
Іргесі берік Ақ қосым.

## **АМАН АР МА НАҒАШЫМ**

Шешемнің бауыр туысы,  
Аман ба арда нағашым.  
Шөліркеп жанның қуысы,  
Көргенде табар жарасым.

Нағашы жанды сүй елім,  
Өзегің тамыр байлаған.  
Туар-ау, тартып сүйегің,  
Қарасаң жанға айнадан.

Сұрамай қолдан алғызған,  
Жасатып жанға жиендік.  
Қалтырар қол деп қан қызған,  
Басуы да өзін бір ерлік.

Нағашы мінген атыңыз,  
Тұсауға келіп қалды ма.  
Жиеннен ізет татыңыз,  
Асаудай өскен таңды ұра.

Нағашым көзім өзіңсің,  
Қанымның терең байлауы.  
Сағынып айтқан сөзімсің,  
Жанымның жұмақ жайлауы.



**ҚАЗАЛЫ ЖАНҒА**

Қуантып еді өмірге келіп,  
Қызыңнан туған немере.  
Сиқырлы тілі көңілге көрік,  
Жаныңа шуақ төге ме.

Аталап алдан жүгіріп шығып,  
Төбеңді көкке тигізер.  
Үзілді-ау ерте бір үміт шыбық,  
Тәттісін алмай сүйдірер.

Жетіліп келе жатқанды қалқан,  
Әулеттің сәнін жайнатып.  
Есалаң хабар есітіп аң-таң,  
Қалдың ба аға сайда тік.

Тағдыры неткен ауыр-ақ еді,  
Амалың қанша сауға күт.  
Өтті ғой ажал азынап желі,  
Көз қарашығыңды аунатып.

Қатыгез мінез көрсетіп тұрар,  
Тылсымның тілін кім ұққан.  
Мезгілі жетіп өнсе тік шығар,  
Туылмай қалды құлап таң.



## **ЖАРЫ ЖАҚСЫ ҚАНДАЙ-ДЫ**

Жары жақсы қандай-ды,  
Жұлдызы жанар маңдайдан.  
Тіршілік күні балдай-ды,  
Қонағы жетер шалғайдан.

Ай елі жақсы жігіттің,  
Түтіні түзу шығады.  
Көңілі асқақ күліп тым,  
Сарқылмай ағар бұлағы.

Қосағың менен қоса ағар,  
Айтқаны халық келгені.  
Берік те болып босаған,  
Кұдайдың саған бергені.

Ай елің жақсы болса егер,  
Қисайып келсең түзеген.  
Адамда ашу жанса дер,  
Ақылыменен күзеген.

Әйелдің жақсы болмағын,  
Тегінен көріп танырсың.  
Осындай құстың қонғанын,  
Жұрт көріп тойға ағылсын.



**ӨЗІҢНЕН АСҚАН ЗОР МЫҚТЫ**

Жүр досым сыра ішелік,  
Шаршаған миды сергітіп.  
Жастықта жүрген күшеніп,  
Қалмай тұр неге белгі түк.

Сырадан алып тағы бір,  
Өткенді еске алайық.  
Досыңның кейде жаны кір,  
Жақсысын қайдан табайық.

Сыраны ішіп балықпен,  
Сығанның биле биіне.  
Масайып қалдым анық мен,  
Тиіспе осы күйіме.

Сырамен бірақ сыйласпа,  
Тек сергіт босаң көңілді.  
Көтеріп жаса сый досқа,  
Салмақсыз мына өмірді.

Сырадан ұрттап сор құртты,  
Ібіліс іште қуансын.  
Өзіңнен асқан зор мықты,  
Жаныңнан жасап шығарсын.

Сыраны ішпе ендеше,  
Ұят пен арды еселе.  
Қиналған кезде көр неше,  
Шешпейді ол да мәселе.

Жүр достым сыра орнына,  
Оқиық жырын Төлеген.  
Деп едім, қарап формыма,  
Бозарып кетті, не деп ем?

### **ӨЛЕҢГЕ БЕР ДЕП КЕРЕГІН**

Алтын жапырақтай өлең жүрегі,  
Тыраулап ұшқан күздегі.  
Тырнағымен таң бетін түн тіледі,  
Кешқұрым шығар іздері.

Сыбызғы үнді- мұңлы осы өлең,  
Мен қабағына қараймын.  
Жүрек шоғын тұмсығымен көсеген,  
Қабығын ашып жарамның.

Ақшамда кеп өлең қонды қан жылап,  
Өсекке таңып тіл сұқты.  
Бұл дүниеде көремін деп жан жұмақ,  
Ұмтылып еді тұншықты.

Арам шөптің көп тамырын су жалап,  
Жатыр екен гүл өнбей.  
Көк жанары төңкерілген оң қабақ,  
Танытпасын білердей.

Алтын жапырақтай аспан тағдырлы,  
Жасыл ғұмырлы өлеңім.  
Қамшылап шабыт сезім жанды ұрды,  
Өлеңге бер деп керегін.

**ЕГЕСУ**

Сайтан арбап жанымды алды алқымнан,  
Мен де ырық бермедім.  
Көрмек шайқап бағымды ұрды ант ұрған,  
Демде суып терледім.

Қыздай күліп қылымсып шықты алдымнан,  
Мен алданып қалдым ба.  
Сыйлап сезім ірімшік естен тандырған,  
Кеш сандалып бардым да.

Ол алтын боп байлады көз қарашығымды,  
Дұрыс жолдан тайдырып.  
Сын тозаққа айдады, көз қарасым мұңлы,  
Ешкі сақал Ай күліп.

Түн құлағын көтерді биге шақырып,  
Борсыған су ұсынып.  
Жұлдыз жылап жөтелді күйге аһ ұрып,  
Мен ұялдым қысылып.

Жеңе алмай сайтанның тілі салақтап,  
Өсек өрбітті көпке.  
Сеніп қалып байтал мұң сен де ар аттап,  
Жанды өлтірме текке.



**ТОРЫҒУ**

Болмағанды болдырып сендіреді бұл өсек,  
Шынды іздеуге адам ары әлсіз.  
Болашақты тоңдырып, сөндіреді бір есеп,  
Оны түзеуге қоғам моральсіз.

Өйткені әйел әйелмен сүйісіп, еркек әйелсіз,  
Күн көре алатын жағдайда.  
Қоламтасы шыққан иісіп, тентек қай елсіз?  
Басын бір шабатын хан қайда?

**КІР ТҮСІРМЕ ЖАҒАҢА**

Қырын келіп жатасың,  
Кейде бізге сен өмір.  
Бұғып тұрып атасың,  
Мергенсің бе ең жебір.

Уақыт жара салады,  
Сау жанымды дертті етіп.  
Тұлпарым бір шабады,  
Желсем бе екен ерттетіп.

Дос арасын бұзасың,  
Тілге тікен өсіріп.  
Шоқ түсіріп қызасың,  
Жоқ кінәні кеш ұғып.

Дос дегенің сыналар,  
Дауылды жел тұрғанда.  
Не болғаны сұралар,  
Тыныштық кеп бұл маңға.

Сынақтардан аман жүр,  
Дос қадірін бағала.  
Пышақталған заман бір,  
Кір түсірме жағаңа.

## ӘР НӘРСЕНІҢ БОЛАТЫНЫН КИЕСІ

Үйге ою салатын жан бедерлі,  
Өрмеленген ізді жанши бастады.  
Келтірді деп шаруасына кедергі,  
Құмырсканың жолын байлап тастады.

Көріп бір шал эттеген-ай деп тұрып,  
Қайта-қайта басын шайқай бергені.  
Жігіт шалдың айтқанына көп күліп,  
Қайдағыны айттың деп қол сермеді.

Сенің жолың енді болмай қала ма?  
Қорқамын мен бағың кері қайтқаны.  
Екі күннен кейін құлап далада,  
Жігіт сенбей келді шалдың айтқаны.

Емханаға халін сұрап шал келді,  
Көпті көрген қариям-ай кеңес төк.  
Қабағынан әлі атпаған таң көрді,  
Құмырсканы езген ісі елестеп.

Сонда жігіт бірінші рет түсінді,  
Әр нәрсенің болатынын киесі.  
Құмырсқаға арнап салды мүсінді,  
Ендігі бар тура жолдың иесі.



## ҚҰЗҒА БІТКЕН ҚОС МҮЙІЗДЕН ҰЯЛАМ

Ұрғашы ит шауып жүрді, жер иіскеп қыңсылап,  
Арс-арс еткен көк төбеттен

мәймөңкелі үн шығад(ы).

Ұрғашы гүл шырынынан басы айналған бір ара,  
Қаңғып кетті қияға ұшып жете алмады ұяға.

Екі адамның екі түрлі көзқарасы боқтасып,  
Кетті ақыры тоқайласпай тілдерімен тоқ шашып.  
Бұл өмірдің мөлшері бар, таразымен алдаған,  
Сатушыдай несібенді ұрласа көз қанбаған.

Есек әнін әурелейді кейде сезім әңгүдік,  
Сайтан мініп сүйрелеген байтал қашты таңды ұрып.  
Жердің жаны көз ілгенде есінейді Ай шырақ,  
Ит көрмеген қызыл қаншық төс  
тырнайды байсырап.

Қызыл сезім қытықтайды кәрі қызды ұқтатпай,  
Жаны тыныш қояр емес түн балынан бір татпай.  
Жан семіртіп алайын деп өлеңмен мен қой бағам,  
Аш бөрілік сезім ұлып жортты өлеңге тоймаған.

Басы айналмай жерге қарап тұрды арқар қиядан,  
Биіктік-ай құзға біткен қос мүйізден ұялам.  
Шыңға шықса біздің қазақ тау арбайды сынайды,  
Ілеуде бір табылмаса көп көтерем құлайды.

## ӘЗӘЗІЛ ЕРМЕГІ

Әзәзіл жүр арамызда сәтін аңдып ынғайлы,  
Дегеніне қолы жетсе аямайды, тырнайды.  
Жүрегіңе дақ түсіріп, тартар сосын той жасап,  
Түбі тесік сырнайды.

Қыз да болып келеді ол сөзі тәтті көрікті,  
Ауызыңнан үріп салып оятады желікті.  
Қаның аққан тамырыңа сұйық құйып өзінен,  
Билетеді ерікті.

Досыңның да құлағына ұя салып ызыңдап,  
Саған деген тәтті көңіл сусынына у ұрмақ.  
Айыра алмай шындықты аздығынан ақылдың,  
Араларың бұзылмақ.

Өсек құрап ол туралы сені кетер сендіріп,  
Жүрегіңе тың жаңалық тауқыметін ендіріп.  
Әзәзілдің құйып берген шарабына мас болып,  
Сендегі бар көнді ырық,

Бастарыңды тоғыстырып болмашыдан қанатты,  
Өкініштен қайыра алмай өзің атқан садақты.  
Бармағыңды тістеп қалдың, ал әзәзіл у толы,  
Ұсынып тұр табақты.



## **ҚАТЕЛІКТЕН СЫНДЫ ТЕГЕРШЕГІ КҮЙМЕМНІҢ**

Қателіктен сынды тегершегі күйемнің,  
Найзасының ұшында ащы сынның түйрелдім.  
Кемшілікті жібермеу үшін қазір күресіп,  
Қайта артынан өмірді түсінуді үйрендім.

Қателіксіз іздедім адам шығар төбені,  
Оратылып салды - әнін пенделіктің өлеңі.  
Бізден артық болма деп уайым жеп көп сорлы,  
Қолдан жасап кемшілік жапсырғысы келеді.

Қателікті жібермеу заңы екен адалдық,  
Өмір сүру тәртібі бәріне ортақ адамдық.  
Қанағатсыз майланған ауыз ашты асқазан,  
Тойдырам деп заңдарды өзгертті адам амал ғып.

Өзінікіне келгенде өгіз күші қателік,  
Жіберсе де ақылдан отырады хат өріп.  
Сірә айтқанын істе де, істегенін істеме,  
Мұны халық айтқан-ау осыларға заты өлік.

Қателіктен қорықпа ол өмірдің мектебі,  
Бір ұтылсаң бір ұтып сөге берме текке оны.  
Қателіктің көкпары тақымын көп өзгертер,  
Алып қашты көкпаршы, анау шапқан шеткері.



## **БАҚ ПЕН СОРДЫ АЖЫРАТАР БІРІҢ ЖОҚ**

Сор қуалап байып жатыр көп пенде,  
Бақ қонса деп қуанады ептеуге.  
Сор мен бақты ажыратсын қайдан ол,  
Көкірегінде тырнақ намыс жоқ кеуде.

Бақытты деп есептейді көбісі,  
Қызметінің тау қопарса өрісі.  
Бақ пен сорды ажыратар бірің жоқ,  
Ертеңгі үннің жетпесінші сөгісі.

Келте ойлама маған десең ел басқар,  
Адымыңа өзі келсін төр, асқар.  
Бақ дегенің адалдықтың айнасы,  
Қолына ұстап бой түзеп жүр өр жастар.

Нашар оқып жүрсе ұлы қысылып,  
Әкесіне айтсаң оны, күші ұлып.  
Азар болса МАЙ болар деп тұрады,  
Біздің елде бақ туралы түсінік.

Бал жаласа бақ қонды деп сайрайды,  
Бақ туралы түсінігің қандай-ды.  
Ар құлатып бақ орнатсаң басыңа,  
Өмір сені сүйген болып алдайды.



## **УӘДЕДЕН ТАЙҒАН БАУЫРЫМ**

Уәдеден тайған бауырым,  
Қай ісіңе сенің сенейін.  
Сөзіңнің айтқан тәуірін,  
Қайтарып жұтты көмейің.

Көң етік киген ер ғой деп,  
Сөзіңе сеніп қалыппын.  
Жағанды жүрсем кең ғой деп,  
Тар екенін жаңа ұқтым.

Орындай қоймас қолың бар,  
Уәде бердің несіне.  
Табан тіреген жолың тар,  
Сөйледің несін көсіле.

Кетерсің бір кез бөспе боп,  
Атанып жұрттың алдында.  
Уәде іштің кеспелеп,  
Алғашқы сөзден тандың да.

Құбылып түлкі тілің де,  
Тар екен ішкі ыдысың.  
Азамат деп ем мұның не,  
Ер болған түрің құрысын.



**БЕЙКҮНӘЛЛІК...**

Өлеңімнен қыз күлкісі естілген,  
Ғашық бол сен жүрегіңмен пәк жігіт.  
Қойынына қара шұбар кеш кірген,  
Жұлдызымда ілініп тұр ақ үміт.

Ақ үнімде дала даусы әлдилі,  
Күн отынан тамырыма қан құйды.  
Тас кереңдер, талап жатқан ғасырдың,  
Желі айдап, бейкүнә жыр қаңғиды.

Бабам қолы тасқа таңба салғанда,  
Отты ұшқыны жырға айналып жанғанда.  
Бөрі әуенін аспан жұрты ұнатып,  
Құс өлеңмен есіттірді бар маңға.

Ақ өлеңде ақ ару жүр тамсанар,  
Сезіміңе сезім қосып алсаң ал.  
Бабам үні Абай өлең боп бір кез,  
Кешіп кетті тағдырын бұл қансонар.

Өлеңімде өміріңнің өз үні,  
Жүрек ана, сезім ару, көз іні.  
Қалғанын тап, кеткеніңше үзіліп,  
Жетсе ақылдың сендегі бар төзімі.





## **СЫРЛЫТАСТАН СЫР ҰҚТЫ ДА МІНДІ АТҚА**

Бірі маржан, бірі темір тот басқан,  
Бірі арзан, бірі қымбат көк тастан.  
Найзағайдың кірпігінен үзіліп,  
Түсті аузыма отты сөздер шоқ шашқан.

Ару жанның демін шөлге ішеді,  
Қудай ерке айлы көлге түседі.  
Алып бара жатқан терге сыйдырмай,  
Бақсылардан баққа қонған күш еді.

Жаны сірі, құшағы аспан жер түлек,  
Көмейіңе күн салайын кел түнек.  
Жазықсыздың жаратылған дертінен,  
Парықсыздың қанатында өл түнеп.

Даламда жүр, дауыл беріп ашуын,  
Сырбаз өңді Сырдан алып тасуын.  
Сырлытастан сыр ұқты да мінді атқа,  
Арсыздықтың бөгеймін деп асуын.

Мен өлеңнің бітіміне тартқанмын,  
Бай шорамын арқасына артқан мұң.  
Ерте туып қырық жылға, бүгіннің,  
Қан сасыған абыройын ақтардым.



**ЕРКЕК ЖҰЛДЫЗ ЕКІРЕНІП АСПАНДЫҚ**

Дала тақыр-  
Шашсыз сұлу секілді,  
Аш тұяқтар,  
Іздеп кетті кекілді.,  
Топырақ бет тоңып жатқан тәрізді,  
Бетте қан жоқ тамырыңды не тілді.

Ақ далаппен боянған ба, енеңді,  
Жұбатамын немене деп мен елді.  
Қазақ қызы кіндік ашып жүргесін,  
Жалаңаштап қойдың ба жер денеңді.

Ұят-ай деп Ай тақырға қарады,  
Жыныстыда намыстың бір сабағы.  
Еркек жұлдыз екіреніп аспандық,  
Шарасынан көзі шығып барады.

Қара жердің кінәсі не, санаң бар,  
Ойласаңшы топырақ түс табандар.  
Жыртып, зорлап тастаған да лыпасыз,  
Төсін бітеп осы ақылды адамдар.

Аңсатады бір кездегі шық қалпың,  
Тақыр дала тақсіретіңді ұққанмын.  
Бермесек те аш көздерге түк тартым,  
Мен де сенің тозығыңнан шыққанмын.



## **ӨМІРГЕ КЕЛГЕНІ ҮШІН КІНӘЛІ АДАМ**

Өмірге келгені үшін кінәлі адам,  
Домбырасын күй ғұмыр бұрап алаң.  
Дін аман өтіп жүріп соқпақтарда,  
Жан аз ба жазық жерде құламаған.

Өмірге келгені үшін шүкір айту,  
Бола ма жансебілде күпір айту.  
Өңіне келетін іс тәубәсіздің,  
Бет жүзін адал іске мыжырайту.

Өмірге бермек үшін өнер адам,  
Жүрсе де күйге түсіп елең-алаң.  
Өткен өмір бүгіннің ертегісі,  
Бас қаһарман ерлердің тер төгісі.

Үтірі көп тіршілік нүктесіне,  
Бағдар байлап арыңды жүкте ісіңе.  
Сұрауы бар тірліктің ақыры бар,  
Жетпей тұрып жөніңді шақырып ал.

Сүю керек өмірді көргені үшін,  
Батарында бір ойла жемге тісің.  
Сенен қалар артыңа ойың ғана,  
Ақылың көп болса егер мойындама!



**АШУ ДҮШПАН ҰМЫТЫП ТІРШІЛІКТЕ**

Ашу дұшпан ұмытып тіршілікте,  
Бетпе-бет кеп қаламыз.  
Басылып мың шүріппе,  
Жаралап жанды аламыз.

Ашу дұшпан ақылдан адастырған,  
Жүректі сайтан билеп.  
Сабырды бақ аштырған,  
Түнекке қолдан сүйреп.

Ашу дұшпан отында бір қайнадық,  
Аптығып басыла алмай.  
Өкініп мұң шайнадық,  
Аһ ұрып жасыған жай.

Ашу дұшпан достықтың құрығысың,  
Арасын бөлгің келген.  
Сен әлі тірімісің,  
Ал менің өлгім келген.

Ашу дұшпан әкелер бақытсыз бақ,  
Майрылып елім әнің.  
Ауыртар уақыт сыздап,  
Кешірім сенің дәрің.

Ашу дұшпан ілініп тіршілікте,  
Бетпе-бет кеп қалмайық.  
Жеңдіріп шүкірлікке,  
Сабырсыз көпті алдайық.

## **ЖҮРЕКСІЗ ЖОЛ...**

Жүрекке мінген сайтаным, тілде билеп,  
Жауынды күні өрт қойды адырыма.  
Жайған малым адалдық ділде күйреп,  
Қасқыр шауып өтті ме табыныма.

Біз иманды танымай Құдайды іздеп,  
Жүрексіз-ақ жол тарттық құбылаға.  
Қайтсек қана Ұлыға ұнаймыз деп,  
Қасиеттің түсіндік сырын ала.

Біз қытаймен теңестік сан жағынан,  
Бір қазақтың бес сайтан жолдасы бар.  
Жүрек кілтін аша алмас жан жаңылған,  
Бір ауылдың жүздеген молдасы бар.

Жүрекке мінген сайтаны тілде ойнап,  
Білгіш етіп жіберді аз қазақты.  
Иманы жоқ тақуа дінге бойлап,  
Елді ақылмен мінбеде таз да бақты.



**АЛЖАСУ**

Пәленше өліпті десе,  
Еті үйренген құлдай тері су шығармады.  
Қызыл құйрығы тірліктің бұлаңдады,  
Азуын салып тартқылаған күндер,  
Төсекте бастар бақ құраған түндер,  
Біре сағатқа тұманданды.

Адамдар жиылып барып,  
Марқұмды мәңгілік үйіне көміп қайтты.  
Ажалдың бар екенін көзімен көріп айтты.  
Уақыт ұмыттырып оны да ұрлап алды,  
Тірлікке салды қайта шырғалаңды,  
Көңіл қалады желік жәйтті.

Күнді талап өлтіріп,  
Уақыт қызыл іңірден қан шашты.  
Қуанып шыға келді түн албасты.  
Адам өмір секундтарын елемей,  
Атылып қойған жебедей,  
Қадірлі мезеттерінен алжасты.

## **КӨҢІЛГЕ КӨТЕРЕ АЛМАС ТАС ТҮСКЕНДЕ**

Анасы өлген адамның бәрі жетім,  
Апа деген сөзімді кімге айтамын.  
Бұрғанда теріске өмір әні бетін,  
Мұңсызды мұңлы әуенмен мұңайтамын.

Жаным жылап жоқтайды дүр қымбатын,  
Қала алмады қайрыла үн тіл қатып.  
Жолдасы бол жетімнің, мұң жырға тұн,  
Күнмен бірге барады күлкім батып.

Тау қопарған ұл едім ұлтарактай,  
Құлға айналдым аш арық қылтанақтай.  
Ой тонаған жүрегім шаншып берді,  
Сарайымды ашайын сыр қаматпай.

Көңілімде ақ түтек боран ұлып,  
Қоршаған қалды өмірдің қонағы ұмыт.  
Бет пердесін көрсетіп ажал маған,  
Анамды алып кеткенде тонады үміт.

Аяғым басқан ізді шаң жабады,  
Тамырдан тулап басқа қан шабады.  
Көңілге көтере алмас тас түскенде,  
Адамның болар екен қанша амалы.



## **ЖҮРЕК ТІЛІН ШЫҒАРЫП АМАЛ ІЗДЕ ТЫҢАЙТАР**

Табанымда жаншылып шырылдайды ар мұны,  
Көзі етті жүректер жан үніне саңғыды.  
Сайтандардың ойыны кіл қызыққа бастаған,  
Жетектеген бір адам әзәзілді қарғылы.

Сайтан жүрек сораптап күнделікті асындай,  
Майдандасты ақ бастар ақиқатқа бас ұрмай.  
Соғыстан да сорақы сұмдық билеп жер үстін,  
Жұмысына жүгірді жүрексіз жас ғасырдай.

Жүрексіз бас көбейді өмір мәнін ұқтырған,  
Жасақ жасап жүр қазір қазақта бар мықты ұлдан.  
Бос кеудеде оянса бір күн жүрек ұйқыдан,  
Көр кеуделер қайтер ед(і) адастырып жұт қуған.

Жамағаттың арасын бөлді сөзбен от тастап,  
Бөрі текті жұртыма бәлесімен шоқ шашпақ.  
Тура жолмен тартуға жезтырнақтан қаймығып,  
Арамызда жүр әлі үрей жеңген көп қашқақ.

Жүрек тілі шықпаса ақыл тілі не айтар,  
Қуанышқа кенелтіп өмір соңын мұңайтар.  
Өзінді жең адамзат бойыңнан қу нәпсіні,  
Жүрек тілін шығарып амал ізде тыңайтар.





**МУҢНАН БАҚЫТ ІЗДЕГЕНДІ ЖҮДЕТПЕ**

Бірінші ақын, бірінші өлең ұмтыла,  
Сен көңілден алғаш алдың тынымды.  
Жырларыңды төске басып ынтыға,  
Ең әуелі ұққан жан бар сырыңды.

Бірінші ақын, Бірінші өлең ең сұлу,  
Өлең тәжін сен киерсің мәңгілік.  
Ақ нұрыңнан сәуле төк те бер жылу,  
Қуансын бар жұмағыңды жан біліп.

Бірінші ақын, бірінші өлең жанға дем,  
Сізбен бірге өлең кірді үйіне.  
Жабайылау бұзық өскен қанға ем,  
Болдыңыз да сән сыйладың күйіне.

Бірінші ақын, бірінші өлең алтын ой,  
Құдіретті мойындата жөнелген.  
Жасар жылда еске алып халқың той,  
Жұмақ күйдің бесігіне бөленген.

Бірінші ақын, бірінші өлең жүректе,  
Ақылыңның таразысы көтерер.  
Мұңнан бақыт іздегенді жүдетпе,  
Сорды бақ деп танығаннан өте бер.



**НҰРЖАНЫМНЫҢ РУХЫНА!**

Он сегіз жыл ғұмыр кешіп,  
Өмірінің кілт тоқтады ағысы.  
Тербетпейді бір ұл бесік,  
Әке болып үлгертпеді ақ ісі.

Қосылмаған қызы қалды үйінде,  
Келін болып үлгермей.  
Жәй түсті ме көк сабақты түйінге,  
Кетті үзіліп күн көрмей.

Мінезді ұл сөз айтсаң да қаттырақ,  
Ылғи күліп тұратын.  
Бір әулеттен бірақ күнде бақ құлап,  
Шайқалтты жап-жас мұратын.

Жылап қалды туған жұрты аңырап,  
Көздің жасын тия алмай.  
Бозінген үн боздап кетті жамырап,  
Тұл дүниеден сый алмай.

Бозбаланың періштесі атанды,  
Сыйлайтын бар адамдар.  
Пәктік өлім сиретті бір қатарды,  
Адалдықты амалдар.



## **СҮЙЕЙ БІЛ**

Қайғының не екенін білмегенге,  
Білдірер ажал бір күн құрық салып.  
Ауыр ой айналғанда тұл денеңде,  
Жасап жүрек жұбатар жыр ұсталық.

Ортақтаса біл адам қайғысына,  
Қарғын қарып өткенде жар үгілді.  
Жұбату сөз айт оған бар қысылма,  
Жаралының емі сол дәл бүгінгі.

Ортақ бола алмаған қуанышқа,  
Адамдар да болады жаны кедей.  
Жан аз ба екен өмірде құлап, ұшқан,  
Тәңірдің сыйлап тұрса таңы мерей.

Жұдырық болма барып жығылғанға,  
Қолыңмен көтер алып шаңын қағыс.  
Болсын тек адамға тән әнің барда,  
Алдыңда айдап жүрген малың намыс.

Сүйей біл сөз бен істен сүрінгенді,  
Қателік баспайтын тау емес саған.  
Ертең ол, сен бергенде бүгін емді,  
Жаңылсаң қабырғаңмен кеңес балам.



**АСПАНДА ІЛУЛІ ТҰР КӨҢІЛ КІЛТІ**

Аспанда ілулі тұр көңіл кілті,  
Ашылар қолы ептіге өмір құлпы.  
Іші өрт келеді екен көп жақсының,  
Елгезек көрінгенмен жеңіл сырты.

Қарлығаш төмен ұшты жер бауырлап,  
Аспаннан жауған нұрға толды ауыл жақ.  
Тамшысын туралықтың көтере алмай,  
Кеткенің қиын болды-ау сен ауырлап.

Мал тартар дейтін атам егесіне,  
Ақ күшік жарап қапты егесуге.  
Жан тартар жоғарыдан сәуле түспей,  
Өмірде көрген баққан дөңесіне.

Жақсыға жамағатын ерткен кісі,  
Бір түйін шыға ма деп реттеуде ісі.  
Адамның мінезіне өкпелер тек,  
Әлсіз бір табиғаттың зерттеушісі.

Жақсының жаман дайын іреуге ішін,  
Парықсыз айырар ма сын егесін.  
Алса да өкпелетіп мінезімен,  
Бар жақсы сенің үлкен тілеулесің.

## **ӨМІР ТҰРДЫ КІРПІГІНЕ БАЙЛАНЫП**

Тіршіліктің дөңгелегі зырлаған,  
Тағдырыңның күндерін ол ұрлаған.  
Өлшеулі жол межесіне жеткенше,  
Құмырсқа аяқ қу өмір-ай тынбаған.

Оңайлықпен жон арқасын бермей шың,  
Өрлей-өрлей шығамын деп терлейсің.  
Жалыңнан бір ұстатпай-ақ сен өмір,  
Ой өнетін сәттеріңмен тербейсің.

Сырлы дүние сүрінер ме бекерге ой,  
Сағым сынбай санатыңа жетер бой.  
Баянсыз жыл сүргенімше сен берген,  
Бақыт көрген бір күн артық екен ғой.

Ертеңіне адам бүгін қам жасар,  
Сәулелі күн саусағымен таңды ашар.  
Әзірге тұр тереңіне батырмай,  
Жағалауда жақсылар көп қамдасар.

Тәні аурудың тағаты да түрініп,  
Өмір тұрар кірпігіне ілініп.  
Өлгеннен соң тірілмейсің соны ойла,  
Неғыласың болмашыға бүлініп.

**ҚЫЖЫЛ**

Құс туынды жазады ақ ауаға,  
Қанатын қалам етіп.  
Бүгін сор ертең жырға бақ ауа ма?  
Алыстан аман жетіп.

Құмырсқа үй салады жер ішінен,  
Көрінбес аспабымен.  
Ақын өлең жазады мен түсінем,  
Бақыттың бас қамымен.

Балық ауа жұта ма су ішінде,  
Жағаның ауасы лас.  
Бастық арын аттайды күн үшін де,  
Көнген көп те есуас.

## **МҰҢСЫЗ КҮЙДЕ ЕРТЕҢГІ МҰҢЛЫҚ НЕ БІР**

Ақ бауыр бұлттай шомылып ауада жүзген,  
Ақ армандар менмін деп тіл қатады.  
Сарыаяқ болып сарғайған бояма күзден,  
Жер күйші тартып бір үнді тыңдатады.

Өмір де бір толқынжал көбігін шашқан,  
Ауыздығын тартпасаң ап қашады.  
Тас тұяқты қуарсың елігін қашқан,  
Жетсең желіп құшағын бақ ашады.

Жұлдыздай ағар бір сәтте-ақ сырғып өмір,  
Лашын көңіл жете алмай жығылады.  
Мұңсыз күйде ертеңгі мұңлық не-бір,  
Сырын ұғып біткен жоқ мұның әлі.

## КҮЙІНУІҢ ТҰРМАЙДЫ ШӨЛ БАСУҒА

Сен кімге өкпелісің қарашығым,  
Ақ жүзің білдіріп тұр жан ашуын.  
Тіліңді өпкен сүтті балмұздаққа,  
Кетті ме қонып әлде қара шыбын.

Көңілге мұң көшті ме күнгей кетіп,  
Еңсені басқан ауыр зілдей өтіп.  
Кім екен өкпелеткен сені сонша,  
Қазақтың өр ұрпағын білмей ме түк.

Тесердей қабақ шыттың тас төбені,  
Бүлдіріп кім қойды екен әсте нені.  
Ашу деген алыпқа адам мінсе,  
Алдынан шыққан жанды пәс көреді.

Жүрдің кеп ары бері отыра алмай,  
Ішіңе түскен ашу тоты қандай.  
Бұрқ-сарқ етіп қайнадың басылмадың,  
Тынышыңның тұншығып оты жанбай.

Сен неге өкпелейсің болмашыға,  
Бересің лезде неге қолды ашуға.  
Ренішің басылған соң ойланып көр,  
Күйінуің тұрмайды шөл басуға.

Сен неге тұнжырайсың құрдасым-ау,  
Жоқ деп сен ойладың ба „зорға“ сұрау.  
Бекерге уақытыңды ұрлатасың,  
Бұл өмір заңы емес пе жолда сынау.



## **ҮСТІНДЕ ЖЕРДІҢ ӨЛЕТІН КҮНІН ҚУМАҒАН**

Дарындар болар дауысында бір үн тулаған,  
Үстінде жердің өлетін күнін қумаған.  
Сұңғыла шөптей қырттар көп желекті көктің,  
Тамыры өсіп кетер деп суын ұрлаған.

Талайлар торып туырлық көшті басқарып,  
Адамдық дейтін абырой өтті жастанып.  
Ал қазір елде, алдымен, құлқынды баққан,  
Аяқтан шалу ойыны кетті басталып.

Пенделік қазір баспалдақ таққа жететін,  
Күн туды ұрпақ көз ашпай жатқа кететін.  
Көбейді адам түрлері ат басы алтын,  
Көргенде наннан бір үзім аттап өтетін.

Саясат сығып састырса өсек бағады,  
Ұпайын санап күн бұрын есепке алады.  
Қызғаныш өртін жаққанмен сөндірсе ғайып,  
Өсегі қайта кешегі төсек жарады.

Арығың тәуба дейді ме тоңып ішінен,  
Семізің қайда дейді ме болып күшіген.  
Мұншама неге адамдар ұсақтап кеттің,  
Ханыңның көрген кешегі қорық түсінен.

## ӨЛЕҢ – АЛАҚАНДАЙ АНАҢ БАР ПӘК ТІЛЕКТІ

Өлең, бүгін сен ақ қағазға қонбай қойдың,  
Қанатыңмен шабытты сабалап бір.  
Тісі тіл, жүрек ара, жонбай ойдың,  
Қайтты ма ақ жайлауын аралап құр.

Әлде-оң көзін ұйқы ілген сиқыр күйдің,  
Өлеңнің әсер егер табанынан.  
Неге ой жеген ұры сезім ұртын тыйдың,  
Орамал кестелейтін жамалынан.

Өлең мен сені таба алмадым іздеп көрдім,  
Ауадағы сұлудың бейнесінен.  
Әне, ақ сұлдең көз ұшында тізбектелді,  
Көк күліп су бүркіді жейдесімен.

Өлең- алақандай анаң бар пәк тілекті,  
Ақ қанаты кеудемде дірілдеген.  
Жүрек бір толғатып көрмесе, бас құр епті,  
Өлеңнің тұра қоймас үнінде дем.



## **ЗАМАНДА САТУЛЫ ДӘРІ, АУРУ ТЕГІН**

Әзірге ауырмай тұр денсаулығым,  
Түгелденіп болған жоқ он саулығым.  
Аптығы басылмаған жүк артуда,  
Артынан шаңы қашқан шаршау күнім.

Кем емеспіз ешкімнен артықпыз да,  
Арман тыным бермейді тартып құзға.  
Сахнадағы жыландай үйретілген,  
Әйтеуір тәнім қазір тәртіп бұзба.

Жан дәрісін жидырып, тән дәрісін,  
Ұмыттырып жіберді аңғал ісім.  
Құдайдан кейінгі жан сақтаушысы,  
Дәрігер қайда біздей жандар үшін.

Ауырған соң ем іздер ұлы халық,  
Ұрпағы біздер жүрген тірі қалып.  
Тәуіп пен дәрігерге бірдей сенер,  
Секілді сауықтырар пірі анық.

Дәрігер денсаулықтың күзетшісі,  
Құрметте, көрсет оған ізет кісі.  
Алдыңа айыпты боп барған кезде,  
Ауырған жерге инеңді тыз еткізші.

Иә, сөйт, менің абзал дәрігерім,  
Халқыңды сен аяла жаны керім.  
Айна бол бет түзесін саған қарап,  
Заманда сатулы дәрі, ауру тегін.

## ШЕН ТАҚҚАН ШАҒАЛДАРДЫҢ САТҚЫНДЫҒЫ

Ғасырлардан көшкен тас құмға айналып,  
Тереңінен сыр айтты досқа ойланып.  
Бас ауруға соқтырған бөтелкелі,  
Тарихымен кеңестің босқа ойнадық.

Тарихымды арылтпай жалшы бойдан,  
Тұмсықтыға таланды жаршы қоймам.  
Құтқарушы біз деп ақ, өлтіріп тұр,  
Өз атамды өзіме қарсы қойған.

Табанында езуді қош қып тұрдың,  
Сеніп адал ниетпен кеттік құрдым.  
Құнанбайдың басын да әкетем деп,  
Абайыммен абайлап достық қылдың.

Тіл қатқанды сілейттің сойыл ұра,  
Топырағым тар болып тойымыңа.  
Тазы итіңе тағатын қарғы бауды,  
Ілдің мақтап атамның мойынына.

Болмасқа бекінді елім жаттың құлы,  
Қылышқа бел қынаған батты мұңы.  
Жеңіске тез жетер ек болмағанда,  
Шен таққан шағалдардың сатқындығы.

**СӨЙЛЕЙМІН АРМАН ТІЛІНДЕ БҮГІН ДЕ**

Сен мені түсінбейсің себебі мен,  
Сөйлеймін арман тілінде. Бүгін де,  
Ұқтыра алмай жанымды елегізем,  
Ол тіл. Жоқ-ау сенің үнінде.

Сендегі тіл кәдімгі адам тілі,  
Қарым-қатынас құралы тайпаңның.  
Мен жарық деп ұғамын қараңғыны,  
Сен жақтырмайсың-ау, жаңа байқадым.

Қала беретініміз де ұғыспай,  
Сондықтан. Үйреткім келді талпынсаң.  
Қан шығармай ауа тілген қылыштай,  
Арманның тілі де жанған алтын шам.

Ол тілді ұқсаң байлық деп жүргенің,  
Білер ең қоқыс екенін ілгенің.  
Меніңнен ұйқыда жатқан тоят ал,  
Оятар. Арыңды былғап үргенің.

Сен түсінуге тырыс арман тілін,  
Қарман інім. Келмейсің екі өмірге.  
Көңілге түй өтпелі жалған түрін,  
Сеніммен қарарсың мынау өңірге.

Сен анаңның тілін білгенде мықты,  
Арманның тілін ұғына аларсың.  
Тотыққан жаныңнан көргенде шықты,  
Қиялға мініп сырына қанарсың.

**АДАССА АЛЫП ТАУДЫ ҚҰМ ЕТЕТІН**

Қазақта батыр өткен Кейкі деген,  
Арманнан жаратылған ел тілеген.  
Ертегінің нақ бейне туындысы,  
Алысқанда атымен жер тіреген.

Тербетіп рухын кеудем сөз ұшыршы,  
Солармен бақ келгенді ел түсінші.  
Қазаққа тәңір өзі жіберген ғой,  
Әйтпесе болар ма онда көз үшінші.

Халық қойған батырдың сұра атын,  
Тағдыры тар жерде көп сынататын.  
Бой тасалап келген жауын қарамастан,  
Жетінші сезімімен сұлататын.

Кейкіні кетті елі Мерген атап,  
Бір бақыт халық өзі берген атақ.  
Дұшпандап өз еліне жау санатты,  
Жылан ауыз жандардан келген шатақ.

Оқырсыз мұны «Құлан ажалынан»,  
Өлімнің өлтіртпеген таза оғынан.  
Адасса алып тауды құм ететін,  
Аңғалдық көп өтті-ау қазағымнан.

## **ЖАТҚАНДА ҰЙЫҚТАП ҰРПАҚТА ӨЗІНДІК САНА**

Қашанда көрсен жұртымда төзім нық қара,  
Аспандап жеткен көргейсің сөзімді пана.  
Батырлық қазір жүр әне қардан бөз киіп,  
Жатқанда ұйықтап ұрпақта өзіндік сана.

Көріп пе ең елде таза бір сайлауға барып,  
Қаласың сөзі шөптен көп жайлауға жарып.  
Уәде бұзғанды Барсакелмеске әкетем десе,  
Бәтшағардың көбі кетеді-ау айдауға анық.

Ел үшін сайлау жақсының бақшасын ашса,  
Алдаған елді жеңіліп қақсасын тазша.  
Сананың көзі бітелген, пайымдап жатпай,  
Береміз дауыс жаманға ақшасын шашса.

Алданып арзан ақшаға жарнама жасап,  
Ел қолдан тұлға туғызар адамнан қашап.  
Аш жүріп өзі көтеріп семізді бастан,  
Жегеннен сайлап депутат қармана асап.

Ұрпақта сана оянса құт басы қонып,  
Сайлау да дұрыс өтеді құпташы толық.  
Әр адам өзі сезінсе өмірдің мәнін,  
Келген соң кету керегін тұтқасы болып.

## КӨБІНІҢ КӨЗІ АСПАЙДЫ КӨЛЕҢКЕ ТҰСТАН

Аспан тіреп жүрген көңілімді бір демде,  
Қолы байланған Қодардай лақтырдың құздан.  
Жүрек сенде отсыз екендігін білгенде,  
Достықтан аулақ ұстар ем уақытымды қызған.

Уақыт қазір жоқ менде түсінсең бауыр,  
Ақылдылығың алдында ақталып жатар.  
Жүректің еті салмақсыз түсірсе ауыр,  
Қапталып етке тамған қан қақтанып батар.

Қаптырмай жүрсек қайтеді ырылдап ауыз,  
Күн сүйек тастап тұрса да тіршілік саған.  
Нәсер сезім жарады мұрынды-ап қауыз,  
Құбыла жырға етеді құлшылық ағаң.

Уақытын табан жалайды ұлтарак етіп,  
Көбінің көзі аспайды көлеңке тұстан.  
Шекене ине қадайды күн талап өтіп,  
Адамды езіп ластайды жәрменке қысқан.

Ез бенен ерлік бойыңда сынаққа түсіп,  
Өрлігің болса құлаяқ шығарсың аман.  
Қызғаныш деген жалайды бірақ та күшік,  
Батырып жібер қанына сыр алсын қалам.





**АҚ СЕМСЕРІ КӨК ҚОЛЫНЫҢ КӨКТЕГІ**

Бұлт денесін осып-осып жіберген,  
Аспанымның алдаспаны найзағай.  
Ол жасағын жиып алып түнерген,  
Сан тамшысын атты жерге найзадай.

Бұлт әскерін ауа күтті алдынан,  
Найзасының ұшын зорға қайырып.  
Ауа алысып денесінен тамды нәм,  
Аққан тері жерге түсті жайылып.

Бұлт- ауаның суын жұтып жіпсіді,  
Жер тер жұтып батпақтанып тұмсығы.  
Бітеп алды ауа дене тесігін,  
Бұлтқа айналып жердің буы ырсылы.

Жалғыз көзін ашты қайта көк аспан,  
Жер жарына қадамаққа садағын.  
Күдірейіп желдің жалы жол ашқан,  
Шыңға әкеп байлады бұлт шабанын.

Ақ семсері Көк қолының көктегі,  
Бұлтты шаппай қоя тұршы қиялап.  
Жерім әлсіз бұлт жасағын төккелі,  
Топан су тұр жер бетіне ұялап.

**КӨЛІК АПАТЫНА ТҮСКЕН ДОСЫМА!**

Тұр төсектен сен жаным ауырмашы,  
Жаратылған қанымның ауылдасы.  
Теңіз өмір толқыны қатты соғып,  
Қайырлап қайығың босқа тау ұрмашы.

Ауырдым деп сен енді жата берме,  
Жата берген жараспас баталы ерге.  
Сенің нарың жатқанда шөгіп бүгін,  
Басқалардың барады атаны өрге.

Тұршы жаным тұр енді еркелемей,  
Жабыстың-ау жастыққа жер кенедей.  
Басшы аяқты кетерсің тез айығып,  
Өмір оңай болып па ентелемей.

Тұрсаң енді қайтеді ақ төсектен,  
Өрлік таныт ауруды басқа тепкен.  
Көздеріңнің кете ме, қарасы аунап,  
Оның не тентегім-ау жас па төккен.

Айығып кетпесеңіз болмас енді,  
Шұңқыры қайдан таптың толмас емді.  
Менімен жүр қайтайын аралатып,  
Ауру дейтін басына қонбас елді.

## **КҮН ҚУЫП ЖҮРІП АЙ МІНДІМ**

Халқым түсін сен мені,  
Ашуым болса адуын.  
Дауылдан алғам жердегі,  
Жамылып құйын жабуын.

Құйылсам қара нөсердей,  
Билетіп бұлтты есіре.  
Шөбің боп жатсам төселмей,  
Ақын боп тудым несіне.

Жырыма күнді қондырсам,  
Жылусыз жүрген жандарға.  
Ем болып бойын оңдырсам,  
Арманнан алыс таңдарда.

Түн болса бәдіз оямын,  
Ай ару күміс жібімен.  
Жаныңды орап қоямын,  
Сәулелі сансыз гүлімен.

Осының бәрі жұмысым,  
Бір мұздап кейде бір ысып.  
Тарылмағай тек тынысым,  
Сен қалма жұртым тырысып.

Өлеңмен келген «жындылық»,  
Екеуміздегі айырма.  
Тереңге тартып мұнды үміт,  
Айтылар талай қайырма.

Халқым түсін сен мені,  
Қуанышың мен қайғың мың.  
Өлеңім өмір өрнегі,  
Күн қуып, келер Ай мінгім.

## **ЖАСТАРЫМ АМАН ЖҮРШІ ТЕК**

Ез болған елдің ері деп,  
Жаншылған жердің өрі деп.  
Есіксіз жатқан өңірдің,  
Иелік етер төрі деп.

Иелі жердің ені деп,  
Сырқырар дерттің емі деп.  
Өгейлі мәңгүрт сананың,  
Ертеңгі ақыл кені деп.

Құм жапқан көңіл белі деп,  
Мандайдың аққан тері деп.  
Түнекте үміт өлтірмей,  
Таңдардың атқан меңі деп.

Білімнің туған мәні деп,  
Көңілдің думан сәні деп.  
Аязда шығып алаңға,  
Үміттер айтқан әні деп.

Жақсыны танып қол алар,  
Жаманнан аулақ бола алар.  
Жастарым аман жүрші тек,  
Түбінде бәрі оңалар.

## **ҚУАНШЫ БҮГІН СЕҢІҢ ТУЫЛҒАНЫҢ**

Иітіп тамыр, қақсатып буындарын,  
Анашыңнан осы күн туылғаның.  
Ұмытпа қызылшақа қалпыңда алғаш,  
Тәніңнің күн нұрымен жуылғанын.

Шынында бүгін сенің туылғаның,  
Аспан сүйіп бесікке буылғаның.  
Шешелер іштей дұға күбірлеген,  
Аман жүр өрге тіккен ту ұлдарым.

Ұмытпа бүгін сенің туылғаның,  
Құрсақтан құла өмірге қуылғаның.  
Сол күннің өсірейік мәртебесін,  
Жиналсын жақының мен қиырдағың.

Бүгін тек сенің ғана туылғаның,  
Жамырай құтықтасын шуылдап үн.  
Қалайша шыдап тұрсың жарқыным-ау,  
Кеудеңнен тұман ойдың суыр жанын.

Өмір өзін танытса суынбағын,  
Дәл бүгін қандай бақыт туылғаның.  
Іштегі ібілісті түре айдап,  
Түзетіп жіберейік қыңыр жанын.

## **КҮН ТӨККЕН ЖЕБЕСІНДЕ АЛТЫН ШАШАҚ**

Өмірден туындасын өлеңіңіз,  
Тартпасын жүрек тоңып денеңіз мұз.  
Күн төккен жебесінен алтын шашақ,  
Өлең ине сабақтап келеміз біз.

Шығарсын жүрек тілін өлеңіңіз,  
Сиқырына содан соң бөленіңіз.  
Өзгенің уы жеңген тоқ сананы,  
Өзгертер бар ма өлеңде өнеріңіз.

Алдымен арды оятсын өлеңіңіз,  
Көрейік нәпсі бөрі жеңерін біз.  
Бал төксе қазақы ойдан аш санаға,  
Ара боп жинар едік керегін біз.

Өмір мәнін ұқтырса өлеңіңіз,  
Алысқа жайылғаны желегіңіз.  
Ақыл бар әр жолында көп ұмтылып,  
Сырына бір ақиқат енеріміз.

Сезімді селк еткізсе өлеңіңіз,  
Күйге бөлеп шалқытсақ кемерін біз.  
Шарт қойып жүріп саған сәби өлең,  
Бір күні өлең болып өлеміз біз.

**ӨМІР ДЕГЕН АСТАНА ЖОЛЫ ЕМЕС ҚОЙ**

Ақынның бағы да тіл, соры да тіл,  
Төбеттей сүйек аңдып қоры да тұр.  
Өмір деген Астана жолы емес қой,  
Түгі жылтыр жабыспас қоңына кір.

Соры оның сөз аңдыр деп ойламаған,  
Бетіне айтсаң тиеді бойға жаман.  
Дұрысы кесіп айтып кек сақтамай,  
Көңілдің сарайына той қамаған.

Ойыңнан көрсе титтей мін алқынды,  
Тақымдыға көкпар ой сыр тартылды.  
Түсініп жанын бірі, мыңы кетер,  
Ақынды қабылдайды ел әр түрлі.

Сымға тартқан сынаптай мінезі жоқ,  
Көп еркесі жүреді күн өзі боп.  
Түрі адамға кәдімгі ұқсағанмен,  
Тілі тікен келеді жүрегі өрт.

Ақынның бағы да тіл, соры да тіл,  
Сорламай тұрғаныңда оңына тұр.  
Өмір қыстау көшерсің жаз жайлауға  
Түлен ерткен түгесіп жолың ақыр.

**ҚЫРАН КӨЗДІ ЖАНЫ КЕМГЕ КЕКЕСІН**

Тірі ақын жүр ортаңызда ей адам,  
Сенің қолдап бақытыңды қорыған.  
Күндесе оны күндейді тек кей надан,  
Тірлігінде боқтың нанын торыған.

Тірі ақын жүр көтер оның еңсесін,  
Көңіліңнің аралайды ол кеңсесін.  
Өңменінен өткізбестен қуалар,  
Зор біреудің тартып алса күлшесін.

Тірі ақын жүр қызғыштаған ар көшін,  
Шөптің бәрі гүлмін десе қайтесін.  
Ұятыңның жөндеушісі боп кетті,  
Көңілдердің кеңейтем деп тар кешін.

Тірі ақын жүр араңызда біл адам,  
Тірі тарих тіл тигізіп сыбаған.  
Елдің бәрі көйлек киіп кетті ме,  
Езді жөнге сал «киені» сынаған.

Тірі ақын жүр Түркістанда көкешім,  
Қыран көзді жаны кемге, кекесін.  
Тірі ақынды сыйламасаң сыйлама,  
Қашан оның тәліміне жетесің?



## **ТҮРКІСТАНЫ ТҰМАРЫ**

Жүрек жеңін түріп кел,  
Ұсынайын күліп төр.  
Бірінші боп қазақты,  
Құтықтаған түріктер.

Туысқандық жолымен,  
Тұяғы алтын күліктер.  
Сүйіп адал жүрекпен,  
Орда салды үріп тер.

Ынтымақпен бірігер,  
Бөрі текті жүректі ер.  
Бүкіл өңір ірі дер,  
Түркі әлемге тірек бер.

Түркістаным құмары,  
Түрік үшін сый ұқтым.  
Достығының тұмары,  
Көк тіреген биік тым.

## **АР МЕН БАЗАР АҒАЙЫН БОП КӨРІНГЕНДЕ БИЛІКТЕ**

Базарда жүр біздің қазақ бас ауыртып жан бағып,  
Көрер көзге бірі алдап бірі қалды алданып.  
Ой тұншықты, көп Алаштың ақша жеңді ниетін,  
Кейіпке енді құны тиын арсыз өнде күлетін.

Хан базарда ар құлттаулы, онда оған орын жоқ,  
Жан бағудың жасап алды іскер қазақ жолын тоқ.  
Бәрін арсыз дегендерге мен әрине қарсымын,  
Сауда заңы ақтап алар сатушыны бар шыным.

Көк базардың құлы болма менің айтар ақылым,  
Ақылыңды қалтаңа сал базарлы істен мақұрым.  
Алған затқа үстемелеп баға қойып сатпасақ,  
Неге жүрміз жүз теңгеден мыңдықтарды таппасақ.

Базарға айтпа ақылыңды ар сатқандар төбеде,  
Қара халық өле ме екен өңеш созып немене?  
Әзір базар кіріс табар менің жеке кәсібім,  
Ожау салып ішкенім жоқ әлі жарты қасығым.

Ар туралы айтқың келсе қоғамды емде алдымен,  
Ал базарым шүкір қазір бар адамға салды рең.  
Ар мен базар ағайын боп көрінгенде билікте,  
Сен ақыным көзіңді қыс орынсыз кеп килікпе.

## **КЕСЕК ҚҰЙОШЫЛАР...**

Кесек құйып жатыр әне өңкей торсықшекелер,  
Қыр шығара қабырғаларды тік қалап,  
Үй салу да арман болды жетелер,  
Зәулім үйің болғанында тік қарап,  
Адамдардың арасынан өте бер.

Бірақ оған шама қайда, соқыр тиын шалбардың,  
Қалтасынан құлап барып тырс етті.  
Ақша десең ұрла ұйқысын таңдардың,  
Бір ішекті ар ішімде мырс етті,  
Баю жолын енді қайдан таңдармын.

Баю жолы көп қой қалқам, кір жақпасаң арыңа,  
Болды бірақ қиынның ол қиыны.  
Маймыл болып ыржақтасаң тағы да,  
Желінді ақша өзі келер сиыры,  
Бұл өмірдің заңы жүрші бағына.

Маймыл болып үй салайын, қабырғасы кірпіштен,  
Тыныштықпен онда кімдер тұрады.  
Жан ақысы күлше болып бір піскен,  
Ақыры жетсе аталаға тіс сынады,  
Ар киімі түсті құлап ілгіштен.

Тырдай денең тон жамылды, тағы жама темірмен,  
Тек жалаңаш кетеріңді ұмытпа.  
Тозағынан тоң май жұтып семірген,  
Айта берер жұмағыңды құлыпта,  
Молда болу оңай ма еді не бірден.

Кесек құйып жатыр әне, өңкей торсық шекелер,  
Тек олардың жазығы жоқ, кете бер!

## ҚЫРЫҚ ТЕСІК ШАПАНЫН ЖАЙЫП КӨККЕ

Қырық тесік шапанын жайып көкке,  
Келіп кірді қалаға түн жарықтық.  
Іліп алар есігін айып етпе,  
Сен келгенде күте қойсын кім қарық қып?

Күнді қолдан жасап-ап жағып шамын,  
Түнді сырттан қайырды есті адамдар.  
Ақ сарайға кіре алмай қағып шаңын,  
Ойға қалып көңілді кешті алаңдар.

Ұйқы болып жатар ем жан көзінде,  
Қинады-ау деп тіршілік, түсінбепті.  
Түнді керек қылмаймын бар өзімде,  
Қолдан түнді орнатар күшім депті.

Жаратушы заңына сана қарсы,  
Келеді бұл адамдар есті кілең.  
Күрсініп түн салғанда қара қамшы,  
Анау үйдің жарығы өшті күрең.

Түн дыбыссыз көрмекке үйге енді,  
Тәтті ұйқы сыйлайын деп адамға.  
Тыр жалаңаш көрген ол күйге көнді,  
Кілең еркек әйелді мына маңда.

Көргенсіз іс көрсетіп мені қонақ,  
Ет демедім жүргенде кезіп көкті.  
Жан қорқатын мен деуші ем, өңі сор-ақ,  
Менен де өткен бар екен, жеріп сөкті.

Безіп кетті түн басы ауған жаққа,  
Нәпсі жеңген жер күйі жанға батты.  
Күн шапағын көк қолы сауған шақта,  
Түн шапанын жымқырып таң да атты.

## **АДАМ ЖАНЫ МЕЙІРІМНЕН АЙРЫЛҒАН**

Адам жаны мейірімнен айрылған,  
Пасық кеуде көкірегінен тайды үміт.  
Жан сарайын толтырар үн тартылып,  
Бұрынғыдай атпай тұр ма таң күліп.

Табиғат не адам өзі азғанда,  
Шыдап келе жатыр жаны жазғанға.  
Айналаның бәрі қазір шаң жұтып,  
Жүр өзінің сау тәніне саңғытып.

Айналатын жаны кеміс адамға,  
Оған қазір кім бар дейсің алаңдар.  
Себебі біз кеміс қоғам ішінде,  
Сүрдік пе өмір айтшы дұрыс пішінде.

Қоғам да бір құралады адамнан,  
Жақсылардан және тобыр наданнан.  
Сол қоғамның мүшесі боп әр адам,  
Өзін-өзі жөндесе екен санадан.

Сонда бізге өрлеу өзі келеді,  
Қурап тұрған тамыр қайта өнеді.  
Ендеше адам жанын алдын тазартпай,  
Жүрген дұрыс табиғатқа наз артпай.

Ойланып көр осы айтқанды білгішім,  
Өз арыңа бағытта сын дүрбісін.  
Ел мен жерді сақтау үшін не дүрлер,  
Талай таяқ жемеп пе еді жебірден.

Ақыл сұмнан теперіш пен түрлі сын,  
Озды көрген оқымаған үндісің.  
Себебі оның жаны таза нұрлы шың,  
Жыланды да оқытты ол үнді шын.

### **МЕКЕМТАС МЫРЗАХМЕТКЕ!**

Толық адам тумаған шығар әлі,  
Әлде өмір сүрді ме бізге дейін.  
Оған куә болар тек шынар әні,  
Аяғын күз құрсаған, мұз көмейін.

Кеншідей кеттің терең шырақ алып,  
Ежелгі, өткен дәуір мұрасына.  
Кітап сізді шығарар ғұлама қып,  
Миды қамап білімнің ұрасына

Толық адам іздейміз үлгі етерлік,  
Дүмбілез мақтандардың басына ұрар.  
Бірге артық болады, бірге кемдік.  
Тіріде жоқ әзірге жасыма олар.

Қайда олар, тікеннен гүл жасаған,  
Ұстатқан қашқан қорқып от-ты құлға.  
Бүгінде тоғы қайда кіл аш адам,  
От емес өңешіне боқ тығуда.

Жарты адамның пікірі өтеді есе,  
Ойлы адамың торығар тетік табар.  
Адам өзін толуға жетелесе,  
Бір, екі сатысына жетіп қалар.

## **ТОЗАҚ ЖАҚҚА ТУРА ТАРТАР ҰПАЙЫН**

Жұмақ деген осы өмірде жұтайын,  
Ауасынан басқа таңдау жоқ менде.  
Тозақ жаққа тура тартар ұпайын,  
Түгендеп жүр тірлігінде көп пенде.

Бұл өмірдің жұмағының өлшемі,  
Ұятты боп жүріп жасау арсыздық.  
Қанағатшыл болам десек еңселі,  
Жұмағына қуалайды «жансыздық».

Адам өзі байқамайды күніне,  
Арқалайды ұятсыз ұл «ұятын».  
Қанағатшыл ана бақтың гүлі де,  
Адам жалдап алды суын құятын.

Ар сақтаған адам көрсе қамығып,  
Сорлы дейді білмеген бас пайдасын.  
«Ұзын арқан, кең тұсаумен» жабылып,  
Жанталасар асырмақ боп айласын.

Жұмақ деген осы өмірде жұтайық,  
Ауасынан басқа таңдау жоқ бізде.  
Қазақта бар үш түрі оның құтайып,  
Бөлінетін санасымен үш жүзге.

**АҒЫЛШЫН ТІЛІ МҰҒАЛІМІ  
НҮРСӘУЛЕТ АЙТБАЕВАНЫҢ  
«31-АРНАҒА»ӨТІРІК МӘЛІМЕТ  
БЕРУІНЕН ТУЫНДАҒАН...**

Әріптесім, ат көлігің аман ба?  
Пенделіктен перде пішкен тәуір кім?  
Жаныңдағы тақ тисе бір жаманға,  
Қол шоқпары болады екен дәуірдің.

Түлкі болып шалмақ өмір таяғын,  
Бөрі жоқта отар қойға не тиді.  
Б.Ахметовтің ойнатқан боп таяғын –  
Ұстап алып қарасайтан жекиді.

Уақыт деген шауып өтер құла тай,  
Шайдай аспан түстен кейін түнерді.  
Бастық болып еді бізге бір апай,  
Тыныш елді дүрліктіріп жіберді.

Мұндай жанда қайдан болсын сай талғам,  
Күйек айда суайттықпен бас қатырды.  
Қырсығы көп бедеу құрсақ байталдан,  
Жасамашы өтпелі уақыт батырды.

Декандықтың атағына малданып,  
Бір жерлесін шақырып-ап жанына.  
Орнымызға вице қызы таңдалып,  
Кіріскенді үлкен тірлік қамына.

Декан болған абырой мен күшің не?  
«Нөль» балл жиған Әдеміні алдың айрылып,  
Бір кілтипан болмаса егер ісінде,  
«31-ден» қашар ма едің қайрылып?



Көлеңкесін түсірмесе бәйтерек,  
Елге жайлы болмағаны ол да аса.  
Сібір асып кетер ме едік қайтер ек,  
Бір Тәңірдің әділдігі болмаса.

## **АСТАНАҒА АПАРАТЫН СЕКІЛДІ**

Астанаға апаратын секілді,  
Өмір бізді ары-бері тасып жүр.  
Бірі тоңып, бірі тойып секірді,  
Ана бақтан оймақ керді қасын гүл.

Шүберекпен адам жаны гүлдемес,  
Оны ұғатын достарым бар, бәрі әсем.  
Аздау сөйлеп көп тыңдайтын үндемес,  
Түркістанның арман қуған баласы ем.

Өмірдің көп көріп өстім қыспағын,  
Өлеңге деп қалам басын ұштадым.  
Үнем етіп уақытымды жүрдім көп,  
Қызыл сөзді жиналыстан тысқары.

Қара қауыз ішінде ай сарысы,  
Туылған түн құшағына іліндім.  
Бәйгелі өмір тоқтамасын жарысы,  
Айды қуған Күн әскері тірілді.

Түмен баптар Түркістанда қорғаным,  
Ұрпағы мен кешегі Алтын орданың.  
Қара өлеңнің Қабанбайы боп жүрмін,  
Көрсет қане қайда тексіз жоңғарың?

**ҚАШҒАРИЛАР АҚЫЛЫНДАЙ...**

Қашғарилар ақылындай бұл өмір,  
Саған тартып әпермейді бермесін.  
Ана жақта деп көрсетсең гүл өңір,  
Сен айтты деп кері бұрмас ел көшін.

Мына жақтың адамы да, шөбі ізгі,  
Десең жұрттың дөп тиесің жынына.  
Ақылыңнан жасап алып емізгі,  
Шырт түкіріп шақылдайды мұныға.

Күн сәулесі көз ауыртар түскенде,  
Ай сәулесі ұрған қазір көп пенде.  
Ақылсыздар өлмес өнер тудырды,  
Ақылдыға билік құрып мыс теңге.

Өсек жібі орайды адам сан құлаш,  
Бұрынғыдан жан бар ма сөз аңдымас.  
Жыр оқыр жан бүгінде жоқ ертеңге,  
Қазсәтпенен өлең ұшты қаңғыбас.

Қона жатып жыр асыру бір таңнан,  
Домбыраны тыңдаушы аз күй тамған.  
Қазір адам іздемейді көп бірін,  
Бір-бір кірпіш үйге кіріп қымтанған.



## **ЖЫЛА ЖАНЫМ...**

Жыла жаным жылап ал жеңілдерсің,  
Аққан жасың жаныңның емін берсін.  
Жылағанды түсініп жұбата алар,  
Жұмағым бар жыласаң мені іздерсің.

Еңкілдеп бір жыла да шығар іштен,  
Тілдің уы жаныңды сығар ішкен.  
Жылап алмай қалай сен құтыласың,  
Жүрегіңе қадалған сына күштен.

Жыламайтын жан бар ма жассыз көзі,  
Қуаныштан жылауға ашпыз өзі.  
Жыламайын десең де мына өмірде,  
Жылатады адамды бассыз сөзі.

Жыла жаным сейілер қайғы басқан,  
Сені көріп мұңайды Ай, Күн, Аспан.  
Тек серпілші өмірді көргенім жоқ,  
Құшағын баз біреуге жайлы ашқан.

Жылап ал жан мұнда жоқ сынататын,  
Көзіңше күліп тұрып сұлататын.  
Жұдырықтап ұрғанда шіркін өмір,  
Жан болғаны жақсы ғой жұбататын.

**КҮЛУ ҮШІН...**

Шынайы бір күле алмаған жандарға,  
Еріксізден қараймын да таң қалам.  
Жоқ әлдекім сен жүретін аңғарда,  
Мылтық кезеп тұр ма сонша арқадан.

Күлкің қайда риясыз бір көрсетші,  
Миыңды артық ережеден тазартып.  
Күміс үні сыңғырласын кел төкші,  
Оны тежеп күлмегеннің өзі артық.

Шын күлкіде жатыр бақыт сусыны,  
Мейірімді қандырғанша ішейін.  
Күміс жіптің көзде ойнап ұршығы,  
Күлкіңнен ой тоқуға мен түсейін.

Сен күле бер көзіңмен де, жаныңмен,  
Күлмесхандар жетіп жатыр онсыз да.  
Күлкі деген денсаулыққа жарым ем,  
Қыста жылу бере алады тонсызға.

Бақыттың кеп алақаны сипасын,  
Мандайыңды, шын жүректен күліңдер.  
Бейнетіңнің берсін күлкі шипасын,  
Күлу үшін өмір сүре біліңдер.



## **КЕМТАР ОЙДЫҢ...**

Қажымұқан тамақ таппай отырған,  
Қоймаларда еттер сасып қатқанда.  
Бөтелкеге көп ашшыны толтырған,  
Арал шөлдеп сусын сұрап жатқанда.

Кемтар ойдың кесірі елге тигенде,  
Өзін құдай көрген жандар қылығы.  
Тоқ ішегі толып белін игенде,  
Оған малай саналды бар құл Ұлы.

Сондай қоғам орнатты бір құлыңыз,  
Жаттап өстік оның атын тіріміз.  
Бір лайшықты күнге апарып қосақтап,  
Деп айтатын осы біздің «Күніміз».

Сонда жерде күн екеу боп саналды,  
Бірі көктің, бірі жердің құдайы.  
Керек десең ол құдайың жан алды,  
Коммунизм жасап жүріп ұдайы.

Сол құдайы өлгенде адам сақ тұрып,  
Жеті мәрте қойыпты оны ақ қылып.  
Жерлеп қайтқан адамдардың соңынан,  
Жер де сонша жіберіпті лақтырып.

**БАТЫРАШТАР ҰРПАҒЫНАН ТҮҢІЛЕМ**

Сері Ақанды түсінбеген ел мына,  
Одан да өткен періштенің баласы.  
Ақылы көп ақылынан кемді ұра,  
Зар қақсатқан жоқ па жанды қарашы.

Ақандардай аздар халық болмасын,  
Білгеннен соң елде тыныш жүрмей ме.  
Әй бірақ та амал ақыл қонғасын,  
Жүру қиын көп итттерге үрмей де.

Көп төбетті жеңе алмайды бір төбет,  
Жеңеді тек көп арланды бір қаншық.  
Бар еркекке кеткен жерлік өкпелеп,  
Сүлейменнің су перісі судан шық.

Көңіл қолы уысқа ұстар жұлдыздай,  
Бәрі бірдей сүйкімді емес халықтың.  
Ішінде бар бақа, шаян, құндыздай,  
Періштесі, көп жендеті тамұқтың.

Сері Ақандар келіп кетті жолымен,  
Сескендіріп азулыны үнімен.  
Содан бері жөнделмеген тобымен,  
Батыраштар ұрпағынан түңілем.

## **ҚУ ҚҰЛҚЫНДЫ АРТЫҚ КӨРІП ТІРЛІКТЕ**

Қу құлқынды артық көріп тірлікте,  
Абыройын түсіреді кей адам.  
Жемсауына толтырады үндік те,  
Не күтесің ақылсыз ғой ей!- одан.

Қанағатшыл болса жаның жетеді,  
Сүрер еді барлық адам тең өмір.  
Қыз дүниені еркек қуып кетеді,  
Қылымсыған қайдан шыққан неме бұл.

Жасандылық қонса адамның ішіне,  
Мұздай етіп киінеді тон тымақ.  
Дәметпе де, кірмесін де түсіңе,  
Сайқалдарда болар десе ынтымақ.

Уақытша достық деген көп жаным,  
Таусылғанда майы ол да сөнеді.  
Әдемі боп тұрсын дейтін төр жағым,  
Оған бірақ аз ақымақ сенеді.

Адамдарға кеше қонған ынтымақ,  
Неге бүгін сөгіледі етектен.  
Кешегі ерлер ел намысын жыртып-ап,  
Шығармайтын күндер қайда жетектен.

**КҮН КЕШІП ЕК СӨЗ ПІСІРІП, ХАТ ЕМІП**

Петрарка секілді өзім бүгінде,  
Әруақты ақын болып кеттім мен.  
Сыбырлаймын өзге әлем үнінде,  
Ватикандық діншілдерше көп білген.

Естілік пен ессіздік те екі әлем,  
Бірін бірі құйрығынан тістеген.  
Ақыл билер тіршіліктен жөтелем,  
Қаншама ой жатыр онда піспеген.

Өмір қойдың еті отқа қақтаған,  
Қарынды адам одан да тез жалықты.  
Жұмақ деген жайың болса сақтаған,  
Бізге ертерек бер ендеше тамұқты.

Жұмақ деген жайың болса сақтаған,  
Тек ізгілік басқан сорлы аяққа.  
Геологтай жерден алтын таппаған,  
Бәрімізді кел ендеше таяқта.

Соңымыздан қалар қандай ат еріп,  
Күн кешіп ек сөз пісіріп, хат еміп.  
Тіршілікте жұмыр басты пендеде,  
Жоқ дегенге кім сенеді қателік.



## **СЫРТҚЫ КҮШТІҢ ӘСЕРІМЕН ҚОЛ БАСТАП**

Сыртқы күштің әсерімен қол бастап,  
Биліктің бір бүйірінен ашты арық.  
Адамдардың арасына от тастап,  
Момындарды көп сайтан жүр басқарып.

Көрінбейді көзге олар дегенмен,  
Байланысы жатыр артып ел-елмен.  
Сөзбен арбап жүріс беріп билікке,  
Оқ шығарған жоқ әзірге береннен.

Момын елдің өн бойынан сезді мін,  
Мақтаменен бауыздардай кездігін.  
Ұры ойға орап жұртты арбауда,  
Шатастырып егіп миға өз дінін.

Адалымен атқаратын жүз ісін,  
Мұсылмандай көрінеді ниеттес.  
Жүрегіңнің керек емес біз үшін,  
Бол дейді тек ісімізге тілектес.

Бейқам менің жүрегі аспан елім-ай,  
Етекті гүл, төбелі кір, сол қайғы.  
Айнымасаң әулие бабаң жолынан,  
Бар мезетте тәңір өзі қолдайды.

## ҚҰЛАГЕРЛЕР БӘЙГЕ АЛҒАН ЖОҚ РАСЫНДА

Қазағым-ай, сары дала өз әні,  
Өзі момын кейде асау болады.  
Момындығы қой баққаннан деседі,  
Асаулығы тауда өзен кешеді.

Сол қас сақтың жүрегінде тоң әлі,  
Қара өлеңге қасірет боп қонады.  
Мінген аты асам десе дөң әні,  
Сол баяғы құйрығының шолағы.

Оған куә көк қараған төбеңнен,  
Жылай-жылай дейді көзі көгерген.  
Одан бері неше ғасыр асында,  
Құлагерлер бәйге алған жоқ расында.

Бізді бірақ мықты дейді басқалар,  
Мықтысына мықтымыз ғой тас шабар.  
Мықтылықты іздегенде жас табар,  
Көрсетпейді оны көзге қасқалар!

## **БАҚЫТТЫҢ ЖАЗЫН БІР-БІРІМІЗГЕ ТІЛЕЙІК!**

Жаңа жыл келді Түркістан жаққа күн бұрын,  
Бір жылым өтті ойнатып көзде мың бұрым.  
Көтеріп көңіл құйыңдар, тілек айтайық,  
Естісін бәрі, жаныңның қоңырау сыңғырын.

Көңілде болса қаяу мұң бүгін ерісін,  
Жақсылықтардың жатып қазайық кенішін.  
Арылып па екен мазалы жайдан биылғы,  
Аралап қайтсақ қайтеді, достым, ел ішін.

Жаңа жыл дейді атынан ескі түсейік,  
Мінейік жаңа күн тұлпарына күшейіп.  
Жылдарға өткен мұнайып есеп бере алып,  
Жаңа мақсаттардың сұлбасын ойда пішейік.

Артқыны ойлап алдағы күнге жүрейік,  
Ақ жүректі үннің тілегінде аппақ түнейік.  
Өмірде мынау болатын адам басында,  
Бақыттар жазын бір-бірімізге тілейік!

## ЖЕЛ КЕЗЕДІ ДАЛАНЫ ТЫНЫСЫНДАЙ ТӘҢІРДІҢ

Жалаң аяқ жүгіріп түрік рухын көтере,  
Жел кезеді даланы тынысындай тәңірдің.  
Тілінде оның бір сиқыр жанға иелік ете ме,  
Жүрегінде мың әуен киелісі бар үннің.

Жүйрік желден естідік ғасырлардан аттаған,  
Бабалардың ерлігін таңға кірпік қақпаған.  
Күлтегіннің күңіреніп көк тәңірге іздеу сап,  
Түнге ұйқы аштырып күнге арқа қақтаған.

Сыбырлады сары жел бөрі анамыз екенін,  
Үлкен ұлдың көрсетті емшек емген мекенін.  
Қаған мінген тұяқтар қара тастан от шашып,  
Желмен жөней желгенде жеті асуға жетерін.

Таңнан-кешке найзасына

Қағандардың бақ тұрып,

Ат арқасын жауыр ғып терлік тоңын лақтырып.

Қылыш құшқан қан шашып

тарихынан сол күннің,

Жылап тұрып жел айтты үрейлене аптығып.

Тірі куә өткенге тек қана бір сорлы жел,  
Бұрмаланған тарихтың бар шындығы тілінде.  
Не айтқысы келді оны тыңдамаған оңды ма ел?  
Не құдірет бар еді ұқпадық ау үнінде!

## **АЙТЫЛҒАН СӨЗІМ ЖАУҒАН ҚАР**

Амалың жетпей көнген іс,  
Арғымақ арман секілді.  
Ықсаң да жалап сүйген күш,  
Сыбырлы желдей бетінді.

Іздесең амал ақыл ал,  
Ақсақалдардың өзінен.  
Шежіре тұнған жатыр ар,  
Сыр бүккен өмір тезінен.

Ісінді алып оңғартып,  
Жүрер ме ең қайта желікпей.  
Мергеннің қалар бір тартып,  
Оғынан қашқан еліктей.

Ақылды айла бойласа,  
Жеткізер жеңіс кезіне.  
Атылмай қалмас ойласа,  
Айласы оқ боп өзіне.

Мейірім ізде ендеше,  
Шапағат күші тау жыққан.  
Бойында адам өлмесе,  
Тірілер бар күн жаулықтан.

Мейірім ақыл тапқанда,  
Имансыз санар түтінге.  
Теңерсің оны жаққанды,  
Жарымнан жырақ бүтінге.

Иманды торлап бұл маңда,  
Адамнан аулақ ауған ар.  
Жүректер соғып тұрғанда,  
Айтылған сөзім жауған қар.

## ӨМІР БИЛЕП...

Көктем, сен шуақ нұр жіберген бе едің?  
Жер көрпесін жиыпты тауға жырақ,  
Көктен сиқырлы күй өрген бе лебің?  
Аяз ағай да кетіпті сауға сұрап.

Көктем, найзағайың ойнап ән-ұран,  
Көк түкті қырдан біз сені байқадық,  
Құзғыннан басқа өлексе андыған,  
Шырқатшы құстарды кері қайтарып.

Тамырлары білеу алып жер демін,  
Бие бұлттан саулаған, ішіп саумалдан.  
Күтіп жүр, елегізіп жан келгенін,  
Ұлыс туа көк ұлан түсіп таулардан.

Мезгіл ағасы, басқан ізің гүлдеп,  
Табиғат көркін сәнімен боярсың.  
Шебер қолыңның бар суреті сіңбек,  
Өзіңнен ұрлап ақындар ой алсын.

Күн мейірін сағынған жас көгіңнен,  
Жұпарын жер іліп қосса лебіне.  
Сәби иісіне әкедей емінген,  
Сезімді кешерсің тосса деміңе.

Көктем, көңілге жүйрік бер мінетін,  
Жастық шақ арман қонағы болсын кеп.  
Сұлу етегін бұзық жел түретін,  
Көген көздерді құмарлық сорсын деп.

Жүрекке көктем керек-ақ лаулаған,  
Мейірім егер кезген пір Қызырдай.  
Бүгін қазақты көші күн аунаған,  
Өмір билеп жүр сығанның қызындай.

### **БАБАЛАР СӨЗІ ҚУАТ БЕР**

Бабалар сөзі қуат бер,  
Жүректің кірін тазалап.  
Бабтардың бабы шуақ бер,  
Жақсылар өткен азалап.

Ясауи бабам тәрк еткен,  
Тағдырдың сүртіп тозаңын.  
Тілегім көктен жарқ еткен,  
Өмірім өлең озамын.

Хикметтен алдым сөзімді,  
Жүректі нұры шайсын деп.  
Гүлденіп туған сезімді,  
Қара өлең елге жайсын деп.

**ҚЫЗЫҚ ҚУ ДА ҰЯТЫН КӨТЕРІП КЕТ**

Өмірді көр тентегім, қу қызығын,  
Иер дейсің алдыңа кім құзырын.  
Ғұмырыңда секілді шығып батқан,  
Уақытынан ұтылған күн қызуы.

Ол заңдылық қаумалар бұлт тобыр,  
Кімге аяныш етеді сүлікті өмір.  
Мен сенемін бойыңда қызуың бар,  
Жүрмесіңе танытып суық көңіл.

Өмір кейде келгенмен рәсім етіп,  
Қаныңдағы аталық қасиетің.  
Топырақта тегің бар құтқарарсың,  
Сор жалаған бетінің қасіретін.

Солай қара тентегім сабыр салым,  
Сабағыңды сындырма тағылса мұң.  
Ащылығына өмірдің ақыл сабыр,  
Тілен тектен бойыңда қарылса ағын.

Қалқан дала дәлелдеп дарқандығын,  
Бауырына тигізер арқанды бір.  
Қызық қу да ұятын көтеріп кет,  
Жерге сіңбей тұрғанда талқан күнің.



## **АЖАЛҒА ДА БАБАМ САҚ-САҚ КҮЛЕТІН**

Аспан мен жер... Иесі боп тәңірім,  
Топырақтан жасап адам қалыбын.  
Сол құнардан өсіп-өнген әз Сақтың,  
Қазақ ұлын тегінен-ақ таныдым.

Құлың қайсар өссін деген ниетің,  
Жан-жағынан жау да бердің үретін.  
Намыс жанып найзасымен дүр өтіп,  
Ажалға да бабам сақ-сақ күлетін.

Шықтай жаны, пейілі де кең бөтен,  
Дұшпанына жер силаған төрге тең.  
Сан сынақта дініне сақ құлына,  
Құдай да өзі берген байтақ жер мекен.

Көңіл көктер көк Тәңірге жұбанып,  
Құласа бір Ай сәулелі нұр анық.  
«Бісмиллә» деп таң азанда жер басам,  
Қазақ болып туғанымға қуанып.

Сүйсе де құл нұрлы отанын жыр жаза,  
Қарауыл бар қарап отыр қызғана.  
Заман өңге тербетіліп тұр мынау,  
Сақтық керек әз қазаққа аз ғана.

## ҚАЗАҚТАН ИМАН ҰРЛАНСА

Тарих шындығын тірілтіп, тілін сөйлет,  
Әйтпесе тұрмас құның түк, білім сүймек.  
Өткен разы болмай дейтінді қазақ,  
Ұмытсаң ділің күймек.  
Қазір Ай, Күн аман деп жүрміз,  
Шалқыған мұнайлы теңіз.  
Бақ та, байлық та бар, жетпейді неңіз?

Сырты бүтін, іші түтін...  
Жетпейді жұтым-АЛЛАНЫҢ құтын,  
Бойға сіңіріп, жасамақ-жүрекке күтім.  
Оған сабыр керек.  
Қанағат, рахым...  
Айтуға жеңіл боп кетті,  
Тоқ құлың ашты сөкпекті.  
Қазақтан иман ұрланса,  
Нәжисін тұрып төкпекті.  
Жасырып қайда қоясың,  
Дәретсіз жүрген боқ көтті.

Дүниенің жаңарғанын қайтем,  
Жүрек кір – басқаны үдеп бір,  
Өңкей жеркене қырттар,  
Рухымды іреп кіл, іштен іріткі сап,  
Сырттан тіреп тұр...  
Анау көкбөрі де,  
Жас төккені ме? Аузын айға білеп тұр...

## ОНДАҒЫ ӨМІР РАС ҚОЙ

Бұлттан бұлтқа секіріп,  
Жүр көңілім, кекілік.  
Ондағы өмір рас қой,  
Ал жердегі өтірік.

Десе қазақ кешегі,  
Бүгінге ол ертегі.  
Сенбегеннен неше елі,  
Соры сана өртеді.

Бұлтқа мінген көңілді,  
Жел айдайды гуілдеп.  
Тынымы жоқ өмірді,  
Жалақтайды суық леп.

Бұлттан түсіп жолында,  
Шыңды қыздай құшады.  
Жай тапқызбас оның да,  
Қыры мұздай пышағы.

Қатқанынша ішегі,  
Көңіл күліп түседі.  
Жерде жүрген момынның,  
Сабыр суын ішеді.

Су тұншытқан баладай,  
Дем іздеген көңіл-ай.  
Сүті қайтқан анадай,  
Емізбеген өмір-ай!

## ҚАЛҚАЛАП БАҒЫН ҚАУЫРСЫН

Кененің басын қайнатқан кемпір жынданды,  
Перзенті үшін ол ғаріп.  
Қырғызы үшін әйбаттан ең пір ұлдарды,  
Туған да еді сор бағып.  
Сол үш ұлы қанына қарсы шапқанын,  
Түсінбей кетті ес барда.  
Намыссыз ерлер білмеді ана баққанын,  
Сатқындық етті көш тарда.  
Ұлдары үшін адамдық істен аттаған,  
Кемпірге беріп ауыр сын.  
Тәңірдің өзі-ау қазақты сосын сақтаған,  
Қалқалап бағын қауырсын.



**КӨКЖИЕКТІ КҮН БИЛЕЙДІ ЕЛЖІРЕП**

Көкжиекті күн билейді елжіреп,  
Ер билейді ноғайлыны ер жүрек.  
Нар ұлдарды Талаптыға жиғанда,  
Жөн екен деп жорғалады жел жібек.  
Есен-аман қауыштырып бауырды,  
Астанаға айырбастап ауылды.  
Бабамызға мешіт салып, сәждеге,  
Дедектеттің делебелі қауымды.  
Оған олар әлі-ақ алғыс айтады,  
Лайқыланған тазарғанда байпағы.  
Лау ете ғап үміт төгіп атқанда,  
Адамшылық өмірдің бір жай таңы.  
Ғалам бір уақ нұрға оранып жатқанда,  
Адамнан да аманат бір қайтады.

## **ЕЙ МОМЫН! ШАРАП ҚҰЙШЫ ШӨЛ ҚЫСТЫ МА?**

Ей момын! шарап құйшы шөл қысты ма?  
Сіміріп жанға қызмет етейін бір.  
Не деген аянышты ел қыстыға,  
Күн өткеріп келеді көкейі кір.

Шарап толтыр босаған ыдысыма,  
Берме бірақ жүректің ұрысына.  
Аздап-ақ іш әуелі тосырқасаң,  
Адам болып кетесің түбі шыда.

Ақиқаттың түбіне жететін де ер,  
Өзін өзі танымай кететін де ер,  
Адам деген затынан адасады,  
Жан шарабын бір ішпей өтетіндер.

Шарап қосшы жүректің тамағына  
Бұлақтайын тазарсын бала мына.  
Жауһар сөздің әскері өзі келіп,  
Түйрелсін де жан қисын қаламыма.

Шарабына көрсетсең ғашық қылық  
Сарайыңа құяды ашып тұрып.  
Шарап ішіп көрмеген тоқ көңілді,  
Қарауыл бар алатын ашықтырып.

## **ОЙ КЕҢСЕ КІЛТІН АШУҒА**

Іше алмай жүрміз шарапты,  
Момынның тілі ашытқан.  
Жөн көріп күйді адақты,  
Тірлікке еріп масыққан.

Ерте деп құптан оқымай,  
Өзіңді өзің алдайсың.  
Әр жердің күйсер отын-ай,  
Қойшысы жоқ малдайсың.

Қыдырса қазақ, той берсе,  
Қызметі өсіп бой керсе.  
Сонда да амал етпейді,  
Аш қалмасын деп ой кеңсе.

Себебі қимай думанды,  
Жетістік келсе жуғанды,  
Тастамай әлі дүние –  
Қызықтың артын қуғанды.

Ой кеңсе кілтін ашуға,  
Асығар емес ағайын.  
Құмарын жүр ғой басуға,  
Тартса да тағдыр талайын.

## ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАДА МҰХТАР МАҒАУИНМЕН ДИДАРЛАСУ

Мағынасыз тірлік күйге мән өріп,  
Ұлысымның көкірегінде ән өліп,  
Хат жаздыңыз қалмасын деп қамымен,  
Тарих жанын тірілтіп-ап тәні өлік.  
Адамды тек ұлы армандар өсірген,  
Рахатына бейнет азап көшірген.  
Менін іздеп табу қиын біреуді,  
Адастырар тағдыр желі есілген.  
Ғибраттанып көк рухымен тілдескен,  
Ата-баба жолың сенің гүл-десте.  
Уызымнан ажыратып атыма,  
Иісі бөлек итті құрттың мінгескен.  
Нар қазақтың нағыз ұлы намысты,  
Құлагерден үйрен тұлпар шабысты.  
Орманьнды отағанмен айқасып,  
Лауазымға құл болғанмен алысты.  
Қазақ едім кездесіп бір бата алған,  
Орта жолда келе жатқан ат арбам.  
Игі істің қазанында қайнатып,  
Ғұламалар сыры алысқа апарған.  
Аяулы жан қазақ үшін керекті,  
Нұрында мұң көздерінің бөлекті.  
Дүниеде бақ дегенді көрдім мен,  
Азаматтан қолтаңба алып деректі.





## **ИЕСІ ӨЗІҢ ЕЛ КӨНДІ**

Жас ақты парлап көздерден,  
Жұбату айтқан сөздерден.  
Күш кетіп, бауыр үзілді,  
Тағдыры кенет өзгерген.  
Көңілін айтып жиылды,  
Жоқтаған жұртқа көз көрген.  
Бауырым бүтін еместі,  
Аясаң ая жанымды,  
Кешегі күндер көмескі.  
Бауырым аман- таңымды,  
Ұрлады, көрді көп есті.  
Қолы ашық тәңір алымды.  
Шайқап бір берді белесті,  
Кесеге тұнған бағымды.  
Назарың шығар ол да бір,  
Қайтер деп баққан пенденді,  
Сынақ тор құрып жолға бір,  
Алладан іздеп ем демді,  
Таусылар болса оңға бұр,  
Жолынан алып керденді,  
Деп құйған Алла-ау мұңға нұр.  
Тәубалап тұрмын мен де енді.  
Аламын десең бергенді,  
Иесі өзің ел көнді.  
Жүректен Алла есімін,  
Алмасаң болды тілерім.  
Қашанда адам көші мұң,  
Тартарын қонып білемін.

**ТӨРТ АЯҚ АТҚА ЖАТҚЫЗЫП**

Тіршілік күйде жер жұмақ,  
Таусылған күні дем бірақ,  
Онан да адам көшесің.  
Соңынан қалды ел жылап,  
Қазаны көріп кеше сын.

Көзінде сәуле жүрді үзік,  
Қараңғылықпен алысып.  
Көрем деп күнді түнді үзіп,  
Үмітпен жанды бағысып.

Күш бар ма дертті жеңерге,  
Адамды іштей тауысқан,  
Тылсым күш болса демерге,  
Кідірмес пе еді жан ұшқан.

Төтеннен келген бақ бұзып,  
Қайтарған кім бар ажалын,  
Төрт аяқ атқа жатқызып,  
Тарқатып кетті базарын.

## ӘЙТСЕ ДЕ ҒАСЫР СЕНЕН ІЗДЕП ЖҮРЕМ

Жаңа ел жұмырланған мыңның ісі,  
Өзгерер жанның іші, не сыр түсі.  
Жер ошақ сүйем сені елім туған,  
Қоңыр бел, ескі қора, қидың иісі.

Жаңа ел құт береке тола маңың,  
Шүкір деп „қанағаттың“ тона малын.  
Әйтсе де ғасыр сенен іздеп жүрем,  
Апамның шоққа салған таба нанын.


## ӘБДІКӘРІМ МАНАПҰЛЫНА

Адамзат қонақ – алаң бұл,  
Қағады неден далаң дір...  
Бәріне соның жауапты,  
Жақсының көзі аман жүр.

Жүректің көбі қоладан,  
Өлместей қашар моладан.  
Ұялған солар үшін де,  
Жақсының көзі бол аман.

Біледі ерден ел ала,  
Кезең де өтер «өліара».  
Көтеріп қазақ ұятын,  
Жақсыға бастай бер аға.

ҮШІНШІ БӨЛІМ



МАХАББАТ МА ЕРМЕТ  
МУҒДАҲ БИЛСЕТ  
ҚУЯЛИҒИ  
ҚУҒДАҚМАР БИР  
МУҒДИҒИ



## **САРЫ ШАШТЫ ҚЫЗ**

Сары шашты қыз күннің сіңлісі,  
Келмейді сені кімнің білгісі.  
Ұялып сенің сұлулығыңнан,  
Ай кірді бұлтқа-түннің дүрбісі.

Шашы сары қыз сағынышым- ай,  
Көзімнің күнге шағылысындай.  
Өзің боп өмір кетіп барады,  
Уақыттардың ағылысындай.

Шашы сары қыз шашып шұғыла,  
Серік болдың сен ғашық мұңыма.  
Құдай да бір сәт кең болғыр екен,  
Есігін бақыт ашып құлына.

Сары шашты қыз көзі күлгендей,  
Күн түсіп жерде өзі жүргендей.  
Бұлақ басында күтіп жататын,  
Пері ауызға салып үргендей.

**САҒЫНЫП ЖҮР**

Ауа райы бұзылғанда,  
Қалмағанда қызық маңда-сағынып қал.  
Аспаныңа бұлттар кезбе,  
Жауамын деп келген кезде-сағынып қал.

Серік етпей құса мұңды,  
Менің ыстық құшағымды-сағынып жүр.  
Көңіліңнен көшірместен,  
Өміріңнен өшірместен-сағынып жүр.

Қызарақтап Күн іргенде,  
Жарты айды түн ілгенде-сағынып қал.  
Жұлдыз кірпік қаққан шақта,  
Тоймай қарап ақ моншаққа -сағынып қал.

Қара бояу сөгіліп таң,  
Атқанында көрініп маң -сағынып қал.  
Күн сүйдірсе көктен қарап,  
Сөз күйдірсе кеткен тарап -сағынып қал.

## **ОСЫ КҮНІМ ӨТПЕСІНШІ ДЕП ТІЛЕП**

Өмір кейде моп-момақан сүйкімді,  
Мұндай ғажап қуантпасын күй кімді.  
Бір пәсейіп қалады екен адамдар,  
Тағдырына тосып алып би күнді.

Осы күнім өтпесінші деп тілеп,  
Бақытына масайрайды көп тілек.  
Келер таңның атуы да созылсын,  
Дегеніңмен тағдыр қолы ептірек.

Өмір ғажап билемесе бұл тұрмыс,  
Мөлшеріңнен аса алмайсың күн тырмыс.  
Суық ақыл пейіліңді жарылқап,  
Жасайтындай көрінеді түн қылмыс.

Токтап тұрса жүрмей өмір сағаты,  
Ұзарардай қаққан ғұмыр қанаты.  
Ойлағаны бола берсе адамның,  
Тіршіліктің бұзылмай ма санаты.

**ЖАУҚАЗЫННАН ҮМІТ КҮТІП...**

Ақ арманыңның жолына  
 Күз жапырағындай –  
 Төселіп жатсам.  
 Тамұқ дүниенің демінде...

Теңселіп ақшам,  
 Моншақты сезім өрнектер әппақ кеудеңнің,  
 Тылсым әуенін ұғынып еңсеріп бақсам...

Фариза жырдың жалғасы –  
 Кен атырабындай.  
 Сен болшы қалқам,  
 Шаңға көмілген қазаққа,  
 Ем болсын бар таң...  
 Таң шұғыласындай рауандап ойынның нұры,  
 Тереңге тартты...

Үмітпен...

Мен қосын артам.

Гауһардың бәрі гауһар ма,  
 Тең келер не дүр жауһарға.  
 Періште мөрлі-көйлекті,  
 Кидірген қарыз тау қарға.

Мен... Өлеңде Гауһар Кеңес...

Жасындай қорқытып алып,  
 Күндей ашылып бердім.

Жүректің ой құтын бағып,  
 Судай тасынып ендім.

Сезімнің жыр отын жағып,  
 Нұрдай шашылып келдім.

Өмірдің оң, солын танып...  
 Шоқтай басылып көндім...





**КЕЗІМДЕ КҮЗІМ ПІСКЕН**

Жарасып кара дағың,  
Тартымды карағаның.  
Махаббат содан бері,  
Мені ойға қамағаны.

Ыстық боп қырғыз сөзі,  
Бүгінде кетті маған.  
Қараған үр қыз көзі,  
Мен қайдан емін табам.

Көз мұнша құдіретті,  
Боларын білдім бе екен.  
Жүрегім дір-дір етті,  
Байқатпай тілдің бе екен.

Мөрленіп жүзің түскен,  
Көңілде күнде нөсер.  
Кезімде күзім піскен,  
Көктем боп гүлдемес-ем.

Толғантып сол қарасың,  
Бішкекке елеңдетті.  
Шыққан күн мұң қамасып.  
Халімді тереңдетті.

Сымбат-ау сағындырдың,  
Жүр өртеп көзқарасың.  
Ішінен жаным жырдың –  
Іздесең бір табасың.

**КЕШІР МЕНІ****Нұрлан Сейітов жазған әні бар**

Аптықпа сен бұйырар бақ саған да,  
Мандай керіп жүре бер ақ самалға.  
Түсінемін бәрін де бірақ қайтем?  
Менің дағы көңілім басқа жанда.

Айтшы жаным, болып ең ием қашан?  
Кінә тақпа басымды ие алмасам.  
Жазғырмаймын сен мені сүйгеніңе,  
Ал сен кешір мен сені сүйе алмасам.  
Кешір мені, кешір жаным.  
Кешір мені сүйе алмасам.

Тапқаныңда өзіңе сүйікті жар,  
Жасқа толы жанарың тұнып тұрар.  
Қазағымның кезігіп бір аруы,  
Мені, сәулем, көңіліңнен ұмыттырар.

Нұрлы бейнем түсіңе жиі енгенмен,  
Қашамын мен сезімсіз «сүйем» деуден.  
Менің іңкәр, оты ыстық жүрегімді,  
Сен сияқты бір сұлу иемденген.

**СЫҢАР АҚҚУ СЕЗІМІ**  
**(Дуэтке арнап жазылған)**  
**Нұрлан Сейітов жазған әні бар**

Сен бе едің елең еткізген,  
Махаббат гүлін еккізген.  
Сен бе едің әсем әнменен,  
Махаббат мұңын жеткізген.

Жылт еткен сәулем сен бе едің,  
Жалт етіп, қайта келмедің.  
Бейуақта көрген періштем,  
Өзіме-өзім сенбедім.

Сен – мөлдір пәктігім,  
Сен – менің бақ күнім.  
Сен – сыңар аққуым,  
Сен – жұпар ақ гүлім.

Сен бе едің көңілім қимаған,  
Сені ойлап күнім қиналам.  
Сен бе едің нәзік жүректі,  
Алғашқы маған сыйлаған.

Сен бе едің гүлім жайнаған,  
Құлпырып түгел айналам.  
Қызғалдақ гүлім сен болсаң,  
Құшағын жайған мен далаң.

**ҚАЙРАН ӨМІР****Нұрлан Сейітов жазған әні бар**

Жаңғырта жалғар ма екем үнді үздіккен,  
Біреулер өмірімнен үлгі із күткен,  
Қорқамын құлағанда жұлдыз көктен,  
Жоғалып кете ме деп жұлдыз біткен.

Қайран өмір ай! Беу, қайран өмір!  
Сағынта сая бағын жайған өмір,  
Талықсып тұғырынан тайған өмір.  
Болса да тәттілігің тіл үйірттер,  
Қысқа едің біреу үшін қайран өмір.

Сұм ажал самал емес беттен өпкен,  
Әкетті-ау талай жанды ерте көптен.  
Бет қарыр ызғарыңа лағнет айтам,  
Өмір-ай қаһарлы едің неткен өктем.

Өмер мен өлім кезек келеді екен,  
Тағдыр деп пенде байғұс көнеді екен.  
Жұлдыздың біреуі ерте, біреуі кеш  
Түбінде әйтеуір бір сөнеді екен.

## **ҒАШЫҚ ЖҮРЕК**

### **Нұрлан Сейітов жазған әні бар**

Сенен басқа ешкімнің керегі жоқ,  
Қасымда бол арманның кемері боп.  
Несіне үміт етем ақиқат қой,  
Сенен басқа бақыттың келері жоқ.

Сенен басқа ешкім де керек емес,  
Көз алдыма сен жоқта келеді елес.  
Өзіңмен шын бақытты бола аламын,  
Өзге жанға жүрегім сенер емес.

Басқа жан аңсарымды құлата алмас,  
Өзгені ғашық жүрек ұната алмас.  
Ешкім де енді мені бақытты етіп,  
Көңілімді дәл өзіндей жұбата алмас.

Сенен басқа ешкімді қаламаймын,  
Сезімімнің пәктігін бағалай біл.  
Жайқалған жаз көңілің жасыл баудай,  
Емін еркін бау ішін аралаймын.

Сен тұрғанда өзгені не қыламын,  
Бақыт болып кеудеңде жағыламын.  
Аңсаумен күні-түні бұл өмірде,  
Сені ғана сүйіктім сағынамын.

## **БАҚЫТТАН ЖАРАЛДЫҢ БА? Нұрлан Сейітов жазған әні бар**

Лағылдай өн бойында,  
Не деген сұлу көрік.  
Ендің де нұрлы ойыма,  
Өзгердім сені көріп.

Бақыттан жаралдың ба,  
Ғашықпын сенесің бе.  
Қиыла қарадың да,  
Ойнадың елесімде.

От алау тынысыңды,  
Ұмтыла көктен өптім.  
Бұздың да тынышымды,  
Көңілімді көктем еттің.

Сағынтқан ақ жауындай,  
Селдеттің сезім нұрын.  
Жылылық жанға сыйлай,  
Сүйсінттің мені гүлім.

Жанарың жанымды алдай,  
Кетпейді-ау елесімнен.  
Айтшы өзің жаным қалай,  
Шығарам сені есімнен.

Сен бірақ үндемедің,  
Кетер ем құшып ала.  
Мен бірақ үлгермедім,  
Қолымды ұсына да.

## ЖАТАҚХАНА

### Нұрлан Сейітов жазған әні бар

Жатақхана есігі айқара ашық,  
Ақ пейілмен кіре бер жай-жай басып.  
Іші толған өрімдей қыз-жігіттер,  
Қыз-жігітке толы бұл қай қалашық.

Ішін көрсем сиқырлы күйге енем,  
Жүрегімді қыздары түйрелеген.  
Кешке жақын ысқырып қызға келген,  
Айналасын жігіттер үймелеген.

Ай жамыла терезе аңдығаны,  
Қарай-қарай жігіттің талды жаны.  
Терезесін қымтап ап кей сұлулар,  
Жігіттердің көңілін қалдырады.

Осы жерде қалғандай алашағы,  
Қыз-қырқынға жігіттер таласады.  
Жатақхана аққулар мекеніндей,  
Қырандар кеп аққумен жарасады.

Жатақхана мекені айқара ашық,  
Төбесінде ұялған ай қарасып.  
Қыз бен жігіт барады қол ұстасып,  
Түсінісіп бір-бірін аймаласып.

## **АҚ КӨЙЛЕКТІ АРУЫМ**

### **Нұрлан Сейітов жазған әні бар**

Ақ көйлек киген ақ гүлім менің,  
Шалқыған шалқар шаттығым едің.  
Жымыып тұрып үнсіз күлдің де,  
Жоғалып кеттің жаным бір күнде.

Жұлдыздар түнде күлім қаққанда,  
Жүруші ек бірге гүлді бақтарда.  
Ақ көйлек киген – арманым әнім,  
Бұл күнде жалғыз қалғаным мәлім.

Ақ көйлек киген аруым,  
Сыланған керім аққудай.  
Жігіттің іңкәр жанының,  
Бағына қоншы жат қылмай.

Ақ көйлекті ару, періште гүлім,  
Келген жансың-ау пейіштен ұрын.  
Өзімді өзім кінәлі санап,  
Өкінем қатты кей іске бүгін.

Самалды кеште сағынтқан әнім,  
Бәрі де есте жанып барамын.  
Ниеті ізгі аңсаған жаным,  
Үмітін үзді-ау қаншама арманым.



## **ЖІГІТ СЫРЫ**

### **Нұрлан Сейітов жазған әні бар**

Алтын күннің алтындығы не керек,  
Жер бетіне төге алмаса жарығын.  
Қызғалдақтың құлпырғаны не керек,  
Ұғынбасақ сұлулықтың қадірін.

Көктемімнің нұр шашқаны не керек,  
Махаббаттың гүлі бүрін жармаса.  
Жас дәуреннің желігінен не керек,  
Өмір баққа өз жемісін салмаса.

Жауар ма еді ақ жауының себелеп,  
Жерде күткен сағынышы болмаса.  
Боранның да дүлейлігі не керек,  
Ынтық шығар баз біреуге ол да аса.

Ақбас шыңға береді екен мұз көрік,  
Мұңлы жазды жұбатады күз келіп.  
Жігіт болып туылмас па ем кім білсін,  
Сен анаңнан туылмасаң қыз болып.

## **ҚИЯЛДАҒЫ АРМАН**

### **Нұрлан Сейітов жазған әні бар**

Арманым боп қиялымда,  
Көңілімде құшқан айсың.  
Сұлулықтың сыйы алдында,  
Ешбір жанға ұқсамайсың.

Айрылармыз еркімізден,  
Нұрын шашса алаулана.  
Күндей күлген көркіңізден,  
Көз ұялар қарауға да.

Сені сүйіп жалын құштым,  
Махаббаттың шертіп әнін.  
Құшағында сағыныштың,  
Сені күтіп мен тұрамын.

Аңсауменен түндерді өптім,  
Ұзақ таңға көзімді ілмей.  
Сені сүйген мың жүректің,  
Бірі менмін соны білгей.

## **АЙНҰРЫМ**

### **Нұрлан Сейітов жазған әні бар**

Қадіріңді қымбат қой білетінге,  
Қадірің сол ақ адал ниетінде.  
Сен күлгенде құлпырып мына дүние,  
Сенімен бірге қосылып күлетін де.

Айнұрым!

Қайдан түскен көңіліңе қайғы-мұң?

Жан секілді налысың іле бөтен,  
Деп жүруші ем әдемі күледі еркем.  
Сен күлмейсің, ал енді сенен бөлек,  
Мына дүние мен үшін күле ме екен?

Айнұрым!

Неге саған жапырағын жайды мұң?

Сүйген жаным қабағын неге ашпайды  
Қайдан түскен көркіне оғаш қайғы?  
Сенің көңілің жаным-ау гүл көктем ғой,  
Ал көктемге суыну жараспайды.

Айнұрым!

Тек өзіңсің нұрын шашқан ай күнім.

## ҚЫЗЫЛ КӨЙЛЕК

Ақ орамал қызыл көйлек үстінде,  
Қайдан келдің әлде көктен түстің бе.  
Қызыл шоққа қолым тиіп кеткендей,  
Зор едім-ау айналдым ғой міскінге.

Қызыл көйлек құмырсқа бел қаз кеуде,  
Жүрегімді бір іңкәрлік саз жеуде.  
Бола ма екен бағымызға жігіттер,  
Табиғатым берген сыйды аз деуде.

Қызыл көйлек тербеп желді етегі,  
Желкенді ойлар әрі-сәрі етеді.  
Арманымды алып ұшқан ақ бұлттай,  
Жалған өмір бәрімізден өтеді.

Қызыл көйлек құлын мүсін қозғалған,  
Ғұмыр мына сендей жансыз бозданған.  
Өмір күйі бұрымда жүр бұлқынып...  
Сұрап көрші тағдыр тайы озғаннан.

Қызыл көйлек, қара ағаш, өр өзен,  
Үйлесімге ынтық кепті кенезем.  
Сен аман бол қызыл көйлек киген қыз,  
Сұлулықты көре алатын терезем.

Қызыл көйлек, қара ағаш, өр өзен,  
Үйлесімді бұзамын деп көп езем.  
Сен аман бол қызыл көйлек киген қыз,  
Сұлулықты бағалайтын терезем.

**КЕШ КЕЛГЕН МАХАББАТ**

Бала кезде жоғалтып ем,  
Қайта сені кезіктірдім.  
Алғашқы деп неге айтып ең,  
Соңғы емесін сезіп тұрмын.

Жаратқанның Ұлы ісімен,  
Ағар өзен жаға сала.  
Қырық жастың мұнысы не,  
Он сегізге таласа ма.

Алтын қастай таға Айды,  
Бір сағыныш жағалайды.  
Қырықтағы ғашық жігіт,  
Махаббатын бағалайды.

Өткен күннің тым-тым ыстық,  
Белгілері жанға батты-ау.  
Болар деп ем бір тыныштық,  
Мазасыздау таңдар атты-ау.

От махаббат құрығына,  
Түстім оңбай күшпен дара.  
Қырық жастың қылығына,  
Түсіністік іспен қара.

Тарау-тарау қиыр күнім,  
Тәңіріне сыйынды мың.  
Тұңғыш рет ұғып тұрмын,  
Ұмытудың қиындығын.

**АСПАНҒА ҚАҚҚАН ШЕГЕСІ**

Арада құрғап күн өтпей,  
Сағындым тағы сағындым.  
Күтімсіз қалған жүректей,  
Күйіме мына бағындым.

Қоштасқан күнім кеше еді,  
Жыл өткен маған тәрізді.  
Шын ғашықтарды деседі,  
Жаралған нұрдан жаны ізгі.

Құшақты түннің лапылы,  
Түсінген көздің мақұлы.  
Махаббат саған жүрмейді-ау,  
Өмірдің берген ақылы.

Аспанға қаққан шегесі,  
Шоқ жұлдыздардың елесі.  
Сүйдіріп тұрып бақыттың,  
Түсіріп кетті-ау кемесі.

## **ШЫНДЫ СЕРІК ЕТУ ЖАНҒА**

Өкініштің белгісі жоқ,  
Секілденген аяр жылдар.  
Қателігін жеңгісі жоқ,  
Шынға қанат жаяр кім бар.

Шынды серік ету жанға,  
Қандай ауыр таудай салмақ.  
Сосын ғұмыр кешу таң ба,  
Уайымсыз жандай жалғап.

Адамзатқа қымбат өмір,  
Бір өтірік бір шыннан –  
құралатын жұмбақ көңіл,  
Қызығың көп ұмсынған.

Алтын тостақ толған айды,  
Жүрек қалай толғамайды.  
Махаббаттың алғашқысын,  
Неге адамдар қорғамайды.

**ӨТКЕН КҮН...**

Қымбат не бар өткен күннен,  
Белгісі оның сағыныш.  
Жүрегімде көктем күлген,  
Болып жатыр жарылыс.

Адамдар да айтады екен,  
Өткен күнді өлді деп.  
Көңіл барып қайтады екен,  
Өткен күннен ем тілеп.

Өткен күннің егесі сен,  
Тағдырыма жолсерік.  
Кеттік өмір белесімен,  
Екі жаққа жол шегіп.

Өткен күнге өкінбе деп,  
Кейде айтамыз жаңылыс.  
Қайран көңіл жетім бе деп,  
Жұбатады сағыныш.

Өткен күнмен кеткен бірге,  
Қайта оралды көңілім.  
Өткен күнмен көктем бірге,  
Оза бер сен өмірім.



## **САНАЛЫ САҒЫНЫШЫМ САҒЫМ ТОЛҚЫН**

Көзінде мөлдірлікті аспан берген,  
Түйсінем бір ерлікті қастан керген.  
Қаталдау өмір заңын қабылдай біл,  
Атпай ма жас елікті қашқан, мерген.

Күлкінді сыңғырлаған бұлақтан-ап,  
Аққудың мойынындай тұр ақтамақ.  
Биіктеп күн секілді кеткенінде,  
Бір ғашық әндетеді жылап-қалап.

Бойыңда даналықты дала берген,  
Жарысып бой түзедің бала желмен.  
Саналы сағынышым сары толқын,  
Жолыңда кезікпесін қара мерген.

Әлемді кезе алдың ба балпаң-балпаң,  
Қиынға төзе алдың ба аң-таң, аң-таң.  
Қоштасып кетсең дағы арқа жаққа,  
Жүресің көз алдымда қалқам, қалқам.

## ШАШТАРЫҢ МЕҢСІЗ ТҮННИҢ КІРПІКТЕРІ

Өркеш төс, құмырсқа бел, қайың аяқ,  
Жүрмісің өзім сынды халімді аяп.  
Әттең-ай «бес түйнекте»міндетім бар.  
Кетер ем жыр тағдырға бағынбай-ақ.

«Бес түйнек» бес парызым алдымдағы,  
Ішінде төрт өрісім көшке қамдап-  
Жүргенде гүлді көріп жандым-дағы,  
Күй кештім жас күнгідей естен танбақ.

Керімсал бейне біткен ақ теректей,  
Шаштарың меңсіз түннің кірпіктері.  
Өзіне ұмтылдырды бақ керектей,  
Сезімнің саусақтары түртіп мені.

Махаббат бүгін маған оратылып,  
Жүректің ақ төріне жайғасты кеп.  
Ай сіңлісі қасына қона тұрып,  
Ақылым сезіміммен шайқасты көп.

Алма бетің тобылғы өң гүлден нәзік,  
Сұлулығың қалдырар лағылды да.  
Періште күнәмізді жүрген жазып,  
Кім білген дәл осы жол жаңылды ма.

## ТАҢ АЗАНДА ГҮЛГЕ ТҮСКЕН ШЫҚТАЙ ҚОНДЫҢ...

Күндіз ойдан, түнде түстен-  
шықпай қойдың Гүлмира.

Таң азанда гүлге түскен-  
шықтай қондың Гүлмира.

Іңкәр көңіл тағатынан айрылып,  
Өртенгенін ұқпай қойдым Гүлмира.

Сөздерінді серттей берген –  
ойға түйдім Гүлмира.

Құшағына өрттей келген –  
сонда күйдім Гүлмира.

Еркіміз жоқ сен Алматы мен Сырда,  
Тағдырым деп торда сүйдім Гүлмира.

Бір бақытты құшуыңа –  
лайықсың Гүлмира.

Суық өмір түсі мына –  
мұңайыпсың Гүлмира.

Кештік біздер қуаныштың көз жасын,  
Көңіл сырын, жүрек үнін –  
ұғайық шын Гүлмира.

**ТОРЫҒЫП ҚАЙТПАЙ АДАМДАР**

Тобылғы торы шырайлым,  
Сәулесі өзің шын айдың.  
Арқырап ойнап арқардай,  
Түбі бір саған құлаймын.

Торығып жүрген жоқ едім,  
Атылған тура оқ едім.  
Мандайын сипап түнектің,  
Қыздырған қанын шоқ едім.

Көңілге түскен тұманды,  
Сейілте қою күмәнді.  
Тыңдауға жаным ынтық-ау,  
Шықпаған әлі бір әнді.

Саңылаудай сана көп едің,  
Саңлақты неге бөгедің.  
Торығып қайтпай адамдар,  
Толысып қайтса деп едім.

**ЖАТАҚХАНАҒА КЕЛЕТІН ЕДІҢ**

Жатақханаға келетін едің,  
Киініп сыптай боз бала.  
Тағдырдың ыстық мезеті дедім,  
Көруге үйір көз ғана.

Өзімді өзім алдаған екем,  
Жұбатқан болып сөз ғана.  
Көзімді көзің арбаған екен,  
Ұғындым бәрін қозғама.

Желік пе бұл не сұраймын кімнен  
Тыныштығымды бұзған не.  
Ұйқымды неге ұрлаймын түннен  
Ғашықтық татар тұз дәм бе.

Жоғалтып алмау басынды сәтке,  
Қиын екен-ау күдірет.  
Қуанышымдағы жасымды сөкпе,  
Түсінші терең бір рет.

Жатақханаға келетін едің,  
Киініп сыптай боз бала.  
Тағдырдың ыстық мезеті дедім,  
Мезгілсіз бірақ қозғама.

**БЕЙКҮНӘЛІКТІ ЖЫЛАТПА**

Сүйістік ерін ып-ыстық,  
Тілден бал тілге берістік.  
Сүйісіп тұрып ұғыстық,  
Бәріне іштей келістік.

Сүйіскен сәтте бір рахат,  
Тамырдан қанды қуғандай.  
Махаббат сені мұң атап,  
Жолыңды адам буғандай.

Сүйе түс тағы тартынба,  
Ерік бер елік сезімге.  
Терле де қайта салқында,  
Өртенген желік кезінде.

Сүйісу көздер түйісу,  
Ғашықтық өмір қайнары.  
Махаббат суын жиі ішу,  
Денсаулыққа да пайдалы.

Махаббатыңа бірақта,  
Болуы керек бір еге.  
Бейкүнәлікті жылатпа,  
Осыны жүрек біле ме?!



**ТҮСІНІП АЛ ТЕК ТҮС АУМАЙ**

Шипажай кіре берісі,  
Бетпе-бет тағы кезіктік.  
Сезімге жүрек сенісі,  
Тапқандай бізді кезіп құт.

Бойыңды діріл еңсерер,  
Бетіңе қызыл өрнектеп.  
Махаббат атты бір шебер,  
Тағы да сынап көрмек кеп.

Ұялып тіл тұр, көз қашып,  
Бүркемек ішкі әуенді.  
Әуелден аян бір ғашық,  
Ұяндау күйге тәуелді.

Қалған ба жетпей оттегі,  
Көңілім таппай бір тыным.  
Сезім боп іште көктеді,  
Атылған жебе кірпігің.

Жеңдіріп бәрін ақылға,  
Сезімді іште өлтіру.  
Оңай емесін мақұлда,  
Өртену әлде мертігу.

Ақынға қиын қарағым,  
Сезімді іште тұсаулау.  
Оқып көр өмір парағын,  
Түсініп ал тек түс аумай.

**НЕ ІЗДЕЙДІ... БҰЛ ЖҮРЕК ЕМ ІЗДЕЙДІ**

Не іздейді... Бұл жүрек ем іздейді,  
Өмір қайта ана боп емізбейді.  
Алқа бұлттай көңілге аспан таққан,  
Еніп едің, жаным бір лебіздей-ді.

Содан бері қонағым бір тәтті мұң,  
Санамды ұрлап сіңдірген бақ сезімін.  
Шақырғандай кеш биге ырғақты үн,  
Жетелейді жұлдызы жат көгінің.

Ысып жүрек баяғы жас күнімдей,  
Ойым ойнақ салуға тұр тебініп.  
Ғашықтардың өткерген мас түніндей,  
Күндізім де кербездей жүр керіліп.

Шықтай сезім ілініп кірпігіңе,  
Үміт қонды көктемнің бүртігіне.  
Табиғаттың қолындай не жасайсың,  
Өзің ие, көңілдің кілті міне.

Жыр дәуренді бұл жүрек іздетеді,  
Басын өртеп шөптердің Күз жетеді.  
Өмір күйіп өтуге жетсе дағы,  
Жетпес сүйіп өтуге бізге тегі.

Бұлқын жүрек биікке бұр ағысты,  
Одан қыран баласы құлап ұшты.  
Ол да сендей өлшеулі өмірінде,  
Болжай алмай баз кешіп жүр алысты.



Не іздейсің жүрегім өлер күннен,  
Суық мына жалғанға бер өртіңнен.  
Буындырып жанымды күнде өлтірмей,  
Сен де сәулем сезімге кел еркіңмен.

## **МАХАББАТПЕН КЕТЕРМІН ЖҰМАҒЫҢА**

Күн өткізіп күйбеңмен құлап тұрып,  
Ғұмырды адам тауысар жылап-күліп.  
Өмірді мен өзіндей сүймес едім,  
Махаббатта болмаса тұрақтылық.

Хан бол мейлі қара бол сүр қаңғырып,  
Тек әйтеуір кеткейсің із қалдырып.  
Адам деген атыңмен бағалысың,  
Өз арыңа алмасаң кір шалдырып.

Ниетің ақ болса егер, тілегің де,  
Тақыр жерге болады гүл егуге.  
Мақсатыңның мәні де махаббатта,  
Сезіне біл жоқ емес жүрегіңде.

Шомылып арда сезім бұлағына,  
Махаббатпен кетермін жұмағыңа.  
Жол өмірде жабысар желөкпе көп,  
Қоса гөр екі дүниелік сыңарыма.

## КӨҢІЛІМЕ КӨКТЕП СУРЕТІН ҚОЙҒАНЫ НЕСІ

Жаз шілдесінің мерзімі қырық күндік-ақ,  
Ал сенен ескен ыстықтың ғұмыры қанша.  
Махаббаттағы күйдіру тағдыры түрлі-ақ,  
Жазғаннан қашып кетпессің, құрығын салса,

Меңдемей тұрып арылсам ой ұрған естен,  
Деп едім ол да болмады, қысылдым, жеңді.  
Өзің де жоқсың, елесің ойыма көшкен,  
Ғашықтық деген осы екен түсіндім енді.

Қызына қарап сүйеге симаған үрдің,  
Жігіт ем жүрер жыр жазып толғанып есі.  
Көзіммен көріп жүруге қимаған гүлдің,  
Көңіліме көктеп суретін қойғаны несі.

## СӘУЛЕГЕ

Күміске темір қоссаң бүлінбей ме?  
Доспын деп төмендейді үнің кейде.  
Адамзатта дос бар ма жаннан артық,  
Бар десең қылжалақтап жын үрмей ме.

Айдан асқан сен сұлу мен құмармын,  
Суатына көңілдің бір құлармын.  
Үркіп қашқан көзіңді қолға үйретіп,  
Достық дейтін жаныңа күн тығармын.

## СӘУЛЕГЕ

Сәуле сен махаббатты білесің бе?  
Жүреkte сүю деген гүл өсуде.  
Төсесе арда сезім ақ жаймасын,  
Кей жаман жарамайды түнесуге.

Тіліңнен тілек түскен сүйдім шәрбат,  
Сегізінші пернедей сезім сарнап.  
Жылы сөз естідім де жүрегіннен,  
Тіледім орнасын деп саған бар бак.

Тұншықтыру сезімді сүйіп тұрып,  
Қандай ауыр болғандай биік қылық.  
Көңіліме көркем боп кіріп алдың,  
Өлең ішем ішімнен күйіп тынып.  
– Емі бар ма?

## ӨМІР ӨТЕ ШЫҚПАЙ МА ӨЛЕҢДЕТІП

Жүргенде жүзіңе нұр селеулетіп,  
Өмір өте шықпай ма өлеңдетіп.  
Жаратылған секілді сыңар дүние,  
Бірімізді-біріміз керек етіп.

Жас күнің қайта айналып оралмайды,  
Баяғы дәуренің кеп қол алмайды.  
Сылдырап ыдыс-аяқ сынғанменен,  
Сезім барда махаббат жоғалмайды.

## КӨК ШАҒАРДАН КӨКТЕМ ТҮСІП ОСЫ КЕЗ

Жіпсітіп алып топырағын жауынмен,  
Алып қолы дән шашады дауылмен.  
Көрінбей-ақ көзге көктем көкеміз,  
Бүршік жарып кездеседі қауыммен.

Қыс ұйқысын қимай ыстық құндағы,  
Жер асты мен жертөлесі құмдағы –  
Жәндіктерге жыбыр біте бастап-ақ,  
Ін аузынан ел қарайды тұрғаны.

Қалқан жерді қағып қашып барады,  
Тұяқ біткен тағасыз һәм тағалы.  
Көк шаһардан көктем түсіп осы кез,  
Сурет салып тұра қалды бағалы.

Көктем даусын қайталап тау бұлағы,  
Көне сайға ентелеп кеп құлады.  
Тылсым мына табиғаттың осынау,  
Үнін тыңдар бос па екен ел құлағы.

## ҚҰС ҰЙҚЫ ӨМІР ҚЫЗЫҒЫҢМЕНЕН ДАУАЛА

Көктем!

Қысты қуып шық суығы өткен,

Қылығы өктем.

Досым едің ғой сағынып жеткен,

Қызылды-жасыл зерлі гүл-шекпен-  
жамылып еппен...Келдің бе?

Екеуміз кешке барайық қыздың үйіне,

Сен шақыр оны сипалап еліт күйіңе.

Әйтпесе шыға қоймайды маған білесің,

Неғылсын әбден жігітті қойған сүйіле.

Жас иіс қой ол жұмақтай жаны жұпарлы,

Жұтынсам болды біздегі батпан жүк арлы.

Ұйытып бойды алатын сырлы Құранды,

Тыңдаған сынды масайам, жүйке жұқарды.

Көктем!

Қүдіретің жетер осылай мені тынықтыр,

Түтектің зор ышқынысы мұнда ұлып тұр.

Төсіңде бөртіп жарысқан жердің үстінде,

Көк шөптің бірін жегім келеді жұлып бір.

Сауытын демі ерітіп сайға жүгірген,

Өзеннің тілі ертек айтады күбірмен.

Маңырап маңы мөңіреп таңы кісінеп,

Оянып кетті кәрі жартастар дүбірден.

Қанаты өлең жазып бара ма ауаға,

Дала оркестрін тыңдайды ұйып тау Ана.

Амандасуда оралып атамекенмен,

Құс ұйқы өмір қызығыңменен дауала.

**АҚАРЫМДАЙ СҮТТЕП БЕРІП ТОНАДЫМ**

Жүрегіме құс жолының жолағын,  
Ақ арымдай сүттеп беріп тонадым.  
Махаббат боп шыққан ілкі сезімді,  
Жүректен ап жүрегіңе орадым.

Ақ жал теңіз мен болғанда қарағым,  
Жас толқындай көкірегімде ойнадың.  
Ұялатып төсіме ой тарамын,  
Тереңімді тентек етіп қойғаның.

Ерке желдей асаулыққа сайланып,  
Жас толқыным жібек төгер бүлгенде.  
Бара жатты бір әлемге айналып,  
Ақ жал теңіз құшағына кіргенде.

Ай сырғалы ару түндей үзіле,  
Жұлдыздай бір көктен қарап өстің бе?  
Найзағайда жасырынған жүзіңе,  
Тік қарауды жазбағандай ешкімге.

Сыймайтындай өмір атты күйге өлең,  
Махаббатым болмысымнан анық тым.  
Әлеміңе сенің көңілің билеген,  
Алып кетші жер жұмақтан жалықтым.

**АРМАНЫМНЫҢ АҚ АСПАН БОП ТӨСЕГІ**

Сынағандай секілді бір бөтенін,  
Шырылдайды үнсіз сезім мекені.  
Сезіктеніп сан дірілден мен сосын,  
Арбат жаққа ақыл қуып кетемін.

Тереңдікпен биіктікті бойлаған,  
Арманымның ақ аспан боп төсегі.  
Ақыл сезім ақ жанымда ойнаған,  
Ақ қағазға ару болып көшеді.

Сұлу көздер сүзген көзге қарасып,  
Сүзген көздер қаракөзге таласып.  
Арбатта жүр сан армандар қосылған,  
Қосылмаған армандар жүр адасып.

Үнсіз сезім шырылдаса мекені,  
Тынысыңнан танымын сен екенін.  
Үнсіз үшқын мұз тауларды еріткен,  
Тілсіз күштің құшағында кетемін.

Ыстық демін жібергенде от ерін,  
Жан жылынып жүрек жіпсіп көк өрім.  
Арбат жақта таппай қойған әлемді,  
Үнсіз сезім шырылынан өтедім.

## ҚАЙТЕМ СЕНІ? – ҚЫТЫҚ ТИІП ҚАҒЫНЫП

Дүниенің қызығын ессіздіктің құралына теңгеріп,  
Еркек құтын, қатын бұтын тең бөліп,  
Жаратқанның тіршілікке сыйлаған,  
Ләззатын қасиетсіз меңгеріп.  
Менің сүрген дәуірімде пенделер,  
Ғашықтыққа жаңаша бір өң беріп,  
Махаббаттың құрып қойды өрнегін.

Құлы болып күйлену, ессіз сәттік дірілдің,  
мақсатына ілінді.  
Ұрғашысы қыңсыласа төбеті үріп тірілді.  
Ес құлағы еліріп дауысына бір үннің,  
Ми санасы маужырап, көздері де жұмылды,  
Міне осыны дүниенің қызығы деп ұғынды.

Шөп желкелер жапсырып жыртық кебін тәуірін,  
Ұят қалғып аршылды сұқтанақтың арыны,  
Қызықтаған қара қыздың бөксесін,  
Еститінін шибөрінің шәу үні.  
Қайтем сені? –  
Қытық тиіп қағынып,  
Санасына сайтан сиген дәуірім.



## **БАҚЫТТЫМЫН МЕН ДЕ АБАҚТЫ ӨМІРДЕ**

Бақытқа мас асқар шың,  
Бұлт бикештің ақ шәлісін иіскеп.  
Пәк күліп кеп алтын арай шашқан күн,  
Жер жомарттың қытығына тиіскен.

Желік қуған орман шу,  
Ерке желдің етегі жүр қойнында.  
Тыншымайды сері мінез аққан су,  
Төсін еміп толмайынша ойдың да.

Түннің тылсым тынысы,  
Қыз жұлдыздың қызығына қаныққан.  
Айналады сәулелердің шынысын,  
Көбелектер көңіл қосып жарықта.

Бақытты ғой бұлақ та,  
Пері қызды шомылдырған есіре.  
Сабыр сақтап сырбазданар қырат та,  
Ерке гүлді отырғызып төсіне.

Бақыты бар көліңнің,  
Сұлу қудың кербездігін көтерген.  
Сексеуілді сері сирақ шөліңнің,  
Бақыты да ақ жауынмен өтелген.

Бақытты ғой көгің де,  
Жер жарына тоймай көзі көгерген.  
Бақыттымын мен де абақты өмірде,  
Бақытым деп Ай еліне жол өрген.

**КҮН ИЕМ-АУ ЕНДЕШЕ**

Сен Күн болсаң, мен Жермін,  
Сыры, мұңы ішінде.  
Сен күлгенде не дермін,  
Тәкәппарлы пішінде.

Ия, Күнсің өткізген,  
От сәулесін шекеден.  
Мені „мұң“-да көп сүзген,  
Сенікін де көтерем.

Күн биікте күлгенмен,  
Қызарып кеп батпай ма?  
Жер жары деп білгеннен,  
Ұялып кеп жатпай ма?

Ұйқысынан таң сәрі,  
Шапақтанып тұрмай ма?  
Жер жарына аңсары,  
Ауып бетін бұрмай ма?

Сағындырған жүректі,  
Күн ием-ау! Шоғын ал.  
Күн мен Жердей тілекті,  
Біз болайық жолығар.

Жастық өтті құрғырын,  
Есін жимай күн бұрын.  
Махаббатта ол кезде,  
Көп болатын ұрлығым.

Жастық өтті ізді мұң,  
Қимай сенге сіздігін.  
Күн мен жердей батыста,  
Жүздесейік біз бүгін.

Сезім шырақ өлмесе,  
Махаббаттың қолын ал.  
Күн ием-ау ендеше,  
Жүрегімнің төрін ал.

Мен өзінді жаным-ау,  
Жаны асыл деп ұнаттым.  
Неге мұнша бағым-ау,  
Үмітімнен құлаттың.

Мен де „шері“ тәкәппар,  
Жаны асыл білсеңіз.  
Көп сөз және лақаптар,  
Сіз танымай жүрсеңіз.

Бұрым қызды көргем-ді,  
Мұндай халде сүйіп пе-ем?  
Жанға баға бергенді,  
Талап етем биіктен.

Жастықта бар көп ұрлық,  
Түн арулап, боссам көп.  
Жаны асылды өмірлік,  
Қосыма әкеп қоссам деп.

Екі жүрек сезінбек,  
Тәңірі куә, киелім.  
Асыл жаным өзің деп,  
Қаннан қалам иемін.

Қарашада Абай тұр,  
Қараша үйге аптығып.  
Күз боп басқа ағай тұр,  
Гүлін жерге лақтырып!

### СӘУЛЕГЕ...

Құмарлық болса менде ол өзіңнен,  
Жұмаққа түсіп тұр-ау жол көзіңнен.  
Ойнаған сұлулықтың найзағайын,  
Көтеріп жүргем жоқ па мен төзіммен.

Сезімге ақыл жаным жүре ме екен?  
Осы ару өртенуді біле ме екен?  
Мен сені ару десем апай болып,  
Несіне Абай болдың іле бөтен.

Толтырып құйдым сезім кесеңізге,  
Жас күнде кетті қанша есеміз де.  
Сен неге көктем болып бүр атпайсың,  
Келгендей мына өмірге кеше күзде.

## **ҚАРА СУДЫ ТӨСЕК ЕТІП ТҮНЕЙДІ**

Ақ бас шыңға қара ақын азанда,  
Сезім толы тұрған шыны көтеріп.  
Жүрек дейтін сыйған алып қазанға,  
Сағынышты десте жырмен өтейік.

Көңіл күннен шырын ішсе шөліркеп,  
Жаным жырдың саумалымен түлейді.  
Ай аспанды тіліп өтіп жұлдыз көк,  
Тау өзенін төсек етіп түнейді.

## **БЕРІП ТӨС ҚОЛДАН...**

Жақсы досқа айтындар дастархан жайсын,  
Менің ұсынысыма тас-талқан қайсың?  
Шақыр онда сұлу Рамилияшымды,  
Көбің көңіл тоңынан жасқанған айсың...

Көңіл қатпарларынан кірбіңдер кетсін,  
Кетпес сөйлеспесеңіз мың күндер өтсін.  
Жалған таразысымен өлшеп кеп жібер,  
Сонда өкпе наздарың кім кімге жетсін.

Жылдар көшер өмірде әріптес болған,  
Кеше тірі жүргеннен барып көш қонған.  
Кінәлі сен секілді құрметтеп жібер,  
Саған күйеу баладай беріп төс қолдан...

## СЕЗІМДІ ЖЫРДА ТҰРА МА ҚҰЙЫЛМАЙ МҮСІН

Ғарышты кезген қос арман тоғысар күнді,  
Махаббатымен серік боп қорысар түнді,  
Іздеген жан ем, тапқандай қуандым ба әлде?  
Жүрекке егіз жаныма болысар үнді.

Жүзінде сыр бар ұяңдау парақталмаған,  
Оқуға оны жігіт пе талаптанбаған.  
Жан едім жүрген өмірде тігерін таппай,  
Шаншылған ине секілді сабақталмаған.

Тәңірдің өзі жіберген сиындаймысың,  
Сезімді жырда тұра ма құйылмай мүсін.  
Көңілде көктеп өмірде боп жүрме қалқам,  
Елессіз қалған көрген бір құйындай түсім.

Алатау өзі аялап, баптаған бабаң,  
Қошеметіменен жаныңды сақтаған далаң.  
Түркістан жаққа иілтіп әкелді өзі,  
Жан бар деп мұнда бақытын таппаған балам.

## **ШЫН СҮЮДЕ СЕЗІМ СӨЙЛЕР, ТІЛ СЫНЫП**

Жаның балдай тәтті ме еді, шырын ба?  
Сеніменен өмір ғажап шынында.  
Салған тағдыр сүйіндірді-ау, әйтпесе,  
Жыр қанжарым жатпас па еді қынында.

Көріндің де неге айналдың елеске,  
Кезіктің де ерте де емес белесте.  
Адам жолы айналмайтын екі заң,  
Бірі өлу, бірі сүю емес пе?

Сырттай сүйсе қайтеді екен бір-бірін,  
Ғашық болу жастықтағы ұрлығың.  
Ақыл жетіп тұрған істі кей сәтте,  
Махаббаттай бүлдіреді-ау құрғырың.

Қателікті біліп тұрып құмары,  
Серіліктің сілкіндірді-ау пырағы.  
Ессіздіктің таусылмайтын бұл әні,  
Неге сені сүйгім келіп тұрады?

Жанарыңнан жас тамғандай жылымық,  
Ақылымды адастырған сыр анық.  
Мен бір ара қалғандаймын бұл күні,  
Жаныңыздың ақ балына шыланып.

Сен сұлусың, әдемісің, керімсің,  
Мен құлыңмын махаббатта бегімсің.  
Құшағыма келші жаным сүйейін,  
Қинай жүрген сезім саған берілсін.

Тек айтпашы ұялам деп қымсынып,  
Шын сүюде сезім сөйлер, тіл сынып.  
Ұятсыздық керек екен кей кезде,  
Кейінгі күн жұрмеу үшін күрсініп.

## МЕН СЕНІ КҮТЕМ

Мен сені күтем,  
Күзбенен күрең тартсам да,  
Үмітімді үзбей телміре карап ақ таңға.  
Қайтемін енді,  
Күнәсіз сүйген жүректі.  
Жазалап алып, жазаға қайта тартсаң да.

Мен сені күтем,  
Өткізіп ертең бүгінді.  
Махаббат дейтін жолына байлап түнімді,  
Күндерім көшер дәлелдеп жүріп өзіңе,  
Жаным-ау сені жаныммен шын сүйгендігімді.

Мен сені күтем,  
Жүректің бітпей соңғы әні,  
Кеткенше еріп, көңілдің секем тоңдары,  
Суатқа түсіп кеткен бір басқа жылқыдай,  
Кумасаң мидан, кумасаң мидан болғаны.



**ТАҒЗЫМ...ЖҮМАТАЙҒА!**

Ертеде емес естіге кеше ғана,  
Ұлы ғашық қайтты елден көше дара.  
Өмір күйі илеген қаншама ерді,  
Сол құлдарда кеткен бар есені ала.

Сарноқайда туған ер Дешті күйін,  
Бойға құйып тыңдатты есті миын.  
Күй менен сөз әуезін, жүрекке егіп,  
Жанға пейіш, пендеге кешті күн қиын.

Өмірге бейімделмеді қаламай жүрек,  
Оны мен мұны көрмеді баладай тілеп.  
Тентектік жетер басында жасындай соғып,  
Қарсы келгенді сипады қарадай білек.

Бұзықтық құрып, кітапқа үміт апарды,  
Күн оқып, түн қыдыртты күліп апанды.  
Серілік қонып басына қадірі асып,  
Кенежирен жалында жігіт атанды.

Сұлтаны құсап ірі елдің атағы аян,  
Ерлерге толып көбейді қатары Ноян.  
Барысы Талды басқан із бақытқа бастап,  
Жүрегі шыдап жолында жатады қай аң.

Соңынан ердің құла, данасы еріп,  
Жүректе шынар жырдың ағашы өніп.  
Шежіре, тарих сырын желден тыңдап,  
Жүргенде кезікті дүр баласы елік.

Еліктің баласы сол қала қызы,  
Ұрғашы жыныстыда дара жүзі.

Төресін ердің танып „мендіксің“ деп,  
Мұнымен би билеуін қалады өзі.

Шықпады биге ердің паңшорасы,  
Болмады дүйім жұрттың таң қалмасы.  
Мойнынан жерге ұрып қызыл шарпын,  
Қыз кетті „аяулы боп“ аңғал басы.

Осы сәт, тағдырына көшті жанның,  
Қасына қона жатты кешкі шамның.  
Ой мүжіп ғарыш жаққа қарай берді,  
Жүйрігін ерттеп мініп ес қиялды.

Алланың берген сыйы тағдырға азық,  
Өлшеулі күні қағар тәңірі қазық.  
Жүректің сырын жұртқа қайтарайын,  
О баста жаратқан соң қарыз жазып.

Сол ару есімімен жазып жырын,  
Ғаламның ашып берді қазып сырын.  
Пенделер қуып жүрген бақпен ойнап,  
Миллиардқа ұғындырып өмір құнын.

Фәнимен тартысты ақын кеуілі егес,  
Қаптады тек сұлулық өңін елес.  
Көктен күш түспей аты намазда бар,  
Қыздың да жолығуы тегін емес.

Арлы өмір сүрсе адам қол қысамын,  
Жақсыға жайылады мол құшағым.  
Көп адам білмей уақыт өткізеді-ау,  
Ғұмырдың „Лә-й-лә-АЛЛА“ мен тоғысарын.

## **СӨЗІҢ ЖАУЛАП ЖАНДЫ АЙҚЫН**

Сөзің жаулап жанды айқын,  
Алды ынтық қып өзіңе.  
Тіке қарай алмайтын,  
Ғашық болдым көзіңе.

Сөзің жүрек көзімді,  
Ашқандай бір күй кешті.  
Сонда ібіліс өзінді,  
Бермеймін деп түйресті.

Мақұлық жүр күйгелен,  
Сүйдірем деп сүйместі.  
Періште жыр күймемен,  
Келіп көңіл үйлесті.

Айырам деп ғашықтан,  
Ол әрекет етеді.  
Мақұлықты машыққан,  
Жаратпаса не етеді?

Атыңды атап жүректе,  
Мен де оған қырсығам.  
Сүйреймін деп түнекке,  
Көрсетеді мың шыдам.

Ол айқаста үн бүркіп,  
Атыңды атап жеңемін.  
Мақұлықты шыңғыртып,  
Маңдайынан тебемін.

Ненің басты желігі,  
Адамдарда уайым жас.  
Жүректегі сенімім,  
Періштемнен айырмас.

## **АЙҒА ҚАРАП ҰЛИДЫ ЖЕРДЕ ӘПЕНДЕН**

Бір сезім өшпепті іште тырнап жатыр,  
Аяулы жүрек дейтін бейкүнәні.  
Лау ете қалса қайтем, ұрлап жат ұл,  
Жанымды мазалайды-ау кей Күн әлі.  
Азабы әлде жанның емісің бе?  
Нарттай батқан іңірдің демісің бе?  
Әйтеуір бір жан болдым саған ғашық,  
Лапылдап жана алмаған демі ішінде.  
Ішірткі ішсем бе екен ақын құсап,  
Махаббат тығылып тұр ақыл тұсап.  
Жүректі ерттеп алды ертелі-кеш,  
Ай қайдам аштырмайды-ау батыл құшақ.  
Нақ жансың Ай келбетін елге әкелген,  
Ғалам нұры-ау! көңілден жасырынсаң,  
Айға қарап ұлиды жерде әпенден.

## **КӨКТЕМ ЖЫЛАП ҚУАНТТЫҢ**

Көктем жылап қуанттың,  
Тоңған жанды жылытып.  
Боядың бетін қыраттың,  
Келіспей тұрған сыны түк.

Ұмытып барып қайғыдан,  
Табиғат әнін естідік.  
Толғағын таңның байқаған,  
Бәйшешек болып өсті үміт.

Бұлтқа мініп ай туды,  
Жұлдыз бетін тұмшалап.  
Жуындырамын деп бар құлды,  
Жылатып бұлтты жүр сабап.

Көк тамырланған көсе жер,  
Көгеріп қайта өсе бер.  
Көшеге шықты күлімдеп,  
Қыстанып жатқан кешегі ел.

Сәулесін еккен күн шығып,  
Сәуірде құрып сейілді.  
Жоғалтпа сен де тіршілік,  
Қабылдап алған мейірді.

**МАХАББАТТЫҢ ЖҮЗІ ӨТІРІК БІРІ ШЫН**

Шыққан күннің сәулелері келсе еніп,  
Тұлымшағы қарағайдың теңселіп.  
Нұр сүйеді ал мен жүрмін көтеріп,  
Сенен жеткен терең ойды еңсеріп.

Көңілімнің күнді түртіп құздары,  
Көшкіні ұрып сына түсті мұздары.  
Мен тоңуды қояр едім ойға да,  
Дарымаса бұл жалғанның ызғары.

Қиын сенің түс өңіме көшкенің,  
Бүлкілдетіп қос түйнекті төс керім.  
Өртенбесем тияр кім бар шілдеде,  
Шашы жалбыр мыстан желдің ескенін.

Ақ саусақтар қара шашқа еніпті,  
Аралайды қара орманды көрікті.  
Аршын төсің қытықтап кеп кеудемді,  
От ерінің басты ыстық желікті.

Суырылса қында ұстаған қылышым,  
Табиғат боп тамылжиды ұлы ісің.  
Көктеп, солып жататұғын өмірде,  
Махаббаттың жүзі өтірік бірі шын.

## **ҚЫЗҒА ТӨСЕП ЖҮРЕГІН ДӨҢГЕЛЕНІП**

Еркелігі тербеген сырын айтып,  
Махаббатта басталған жырын айтып.  
Бозбалаға бойжеткен сын тағады,  
Өректіген көңілін бір мұңайтып.

Қыз бойжетті биледі желге етегі,  
Түк көрмеген жан ба едің сен не тегі.  
Көздеріңді көгендеп қарап қапсың,  
Ақ балтырлы, жел-қайың тербетеді.

Жел сылқ күліп шашына салады өрнек,  
Сезім қанын ысытып, бойын кернеп.  
Қыз масайып жастықтың шарабына,  
Қуған желмен толқындап кетеді өрлеп.

Шомылдырған күн ынтық сәуле төгіп,  
Қыз көлеңке іздейді әуреге еніп.  
Жер табанын сүйгенге мәз болады,  
Қызға төсеп жүрегін дөңгеленіп.

Түн сезімін білдірер кірпік қағып,  
Жұлдыз көзін қадайды тінтіп жанып.  
Өрмекші ой тор құрып жүрегіне,  
Артын күтіп отыр-ау, жігіт бағып.

## МЕН САҒАН ҒАШЫҚ БОЛДЫМ ОН ҮШІМДЕ

Мен саған ғашық болдым он үшімде,  
Жасымды жазғырмаймын ол үшін де.  
Шын сүю жанның баққан арпалысы,  
Махаббат тәңірі сен қол ұшын бер.

Көрмесем тұра алмайтын халге жеттім,  
Жабыққан көңілімді әнге жектім.  
Самалдың қанатына мініп алып,  
Сен жатқан жерді ерте таңмен өптім.

Ата-анаң сені туған бір мен үшін,  
Жаныңа жоласа өзге күндеді ішім.  
Тағдырдың сені маған кезіктірген,  
Дәмі бал қарыздармын күндері үшін.

Шаршап кеп құлағанда күн төсекке,  
Бізге сәт туар еді бір есепте.  
Боз таңға қимастықпен сіңді түндер,  
Қиыннан қыз жолына гүл төсеткен.

Көтерген он үшімде сезім туын,  
Көрді де дәмін татты көзім сыйын.  
Өткеннің табытына мініп кеткен,  
Күндерді еске алатын кезің қиын.



**ҚЫЗ ЖҮРЕГІН АЛДЫМЕН ТІЛ АЛДАЙДЫ**

Қыз жүрегін алдымен тіл арбайды,  
Сосын соқыр сезімдер тіл алмайды.  
Аңғал қыздың ішінде қызыл жалын,  
Кетсе өртеніп ақырын кім аңдайды?

Басар өртті байыпты ақыл ғана,  
Қызыл шоқта құсалық жақындама.  
Ойнап өлім құшарсың жалған сезім,  
Болса ойында аулақ жүр пақыр бала.

Қыз сүйсе егер отыңнан күл қалады,  
Тұман күнің сейіліп нұр тамады.  
Тозақ жұмақ болады қыз қаласа,  
Зәмзәм суға толады мұң табағы.

Қыз сезімін оятар ұры құмар,  
Ақыл ғана танытар қылығын ар.  
Қыз обалы жігітті ойландырсын,  
Нала кері келген-ақ күні тынар.

Қыз болашақ сәбидің омырауы,  
Ақ жүректі көктетер өмір бауы.  
Ақ ниетті ақ арман аяласа,  
Қыз ғұмырдың соғылар қоңырауы.

## ЖАСАП БАҚТЫМ АЙ КӨРКІНЕ ТЫҢШЫЛЫҚ

Ләйлек білек ару қайта кезікті,  
Ішімде ұлып сезім тұрды сезікті.  
Баяғы күн оты жанған көзінде,  
Көрінбеді уақыт оны езіпті.

Өткен күндер оралып кеп шер төкті,  
Алақанның уысында өртетті.  
Құлазып мен қарап тұрдым қадалып,  
Есіме алып аяқталмаған ертекті.

Жүрмейтінді оған өмір еп-себі,  
Көретіндей көз біткендер тек сені.  
Айдың өзі таласа алмас гүл өңін,  
Қанша жігіт арман етіп көкседі.

Қайта көріп сол аруды толқыдым,  
Ғашық болған оралар ма сол күнім.  
Сыңғырына сиқыр байлап қоятын,  
Құлағынан тастапты ол шолпыны.

Жасап бақтым Ай көркіне тыңшылық,  
Айтарым да көп еді оған – тіл сұлық.  
Есіме алып есім кетіп көп тұрдым,  
Бал дәуреннің базарында тұншығып.

Қарасқан көз арасында із қалды,  
Күндерді өшкен туар күнім қызғанды.  
Тағдыры ғой өз жөніне кеткенде,  
Жүректе от, көңілімде мұз қалды.

**СІЗ СЕНБЕЙ ҚОЙДЫҢЫЗ, ҰНАТАМ ДЕП**

Сіз сенбей қойдыңыз,  
Ұнатам деп ағымнан жарылсам да.  
Жібімей қойды мұз,  
Үр ботам деп жаныңнан табылсам да.

Мен түнге айналдым қандай рахат,  
Көзіңе көрінбей-ақ мандай тақап.  
Өбе аламын.  
Күндіз терлететін ең,  
Өзіңді өрлететін ең,  
Қазір шешінгеніңді де көре аламын.

Жаның ұйқыға мінген,  
Мен қойныңа кіргем.  
Қалағанымша тоят табам,  
Асауды кісінетейін де,  
Жұмаққа шауып өтейін бе,  
Жарағанымша оятпа адам.

Жалықтым сұлық тәніңнен,  
Ессіз қылық та мүлдем.  
Жанды жерітеді екен,  
Айналып қайта өзіме.  
Нәпсіден қаштым безіне,  
Күйге елітер бөтен.

Сенім көңілге қонбай,  
Сүймей жаныңмен солмай.  
Махаббат ойын жаным,  
Жүректен тапсаң мекен.  
Ғашықтық асқақ екен,  
Мен сізді мойындадым.

**БОЯМА СЕН ӨҢІНДІ**

Сезіміне жаны би,  
Суалтпаған көңілді.  
Әдемісің табиғи,  
Бояма сен өңінді.

Шыққан жасыл шетеннен,  
Әнімісің құстардың.  
Қызғандырған бөтеннен,  
Мүсініңе құштармын.

Ойға еніп мың сан күн,  
Көктемнің құсынан.  
Сезімімді жұмсармын,  
Жүрегімнің тұсынан.

Сен екенсің олжам да,  
Кен шығардың кеудемнен.  
Қолы жетпей бір жанға,  
Мәжнүн болып келгем мен.

Сезім болса жүректе,  
Сөз айтпай-ақ сүйеді.  
Сонда еркемнің дір еткен,  
Балқып кетер сүйегі.

## **КҮН ЕЛІМ**

Жаным. Мен сені ойладым сағына,  
Бағыма. Туғансың өзің білемін.  
Күн елім. Найзағай түстес реңің,  
Түн түнегін көтеріп кетті тағы да,  
Мен күлемін.

Ойламай. Бас қоям қалай жастыққа.  
Аптықпа. Өректіп тұрған көңілім.  
Мені ұғын. Тудырар ол небір үн,  
Желігім жетелеп кетер мастыққа,  
Мен жерідім.

Қиялым, түссеңші жерге аспаннан,  
Асқардан, қасыма келіп түр төсек.  
Ол да сеп, талықсыр демің қашқаннан  
Жан сыр көсеп.

**СЕН ЕСІМЕ ТҮСЕ БЕРДІҢ НЕСІНЕ**

Қарап тұрды аспан көзі тесіле,  
Қуатым жоқ өзіңменен егеспек.  
Сен есіме түсе бердің несіне,  
Махаббатты бірге өлтірген емес пе ек.

Махаббаттың міне алмадық көшіне,  
Бізді айырған пікірлердің сайысы.  
Сен есіме түсе бердің несіне,  
Тағдырдың бұл тықыршытқан қай ісі.

Ұстап көрген жан болар ма есіле,  
Шіркін қандай көрінеді бақ түсі.  
Сен есіме түсе бердің несіне,  
Жұматайдың жыр оранған ақ құсы.

Толқын -толқын сезімдермен есіре,  
Көктем елден кете бере күз ұрды.  
Сен есіме түсе бердің несіне,  
Сүйреп әкеп ауадағы жүзінді.

Үр кездегі түйе арқа төсіне,  
Желік қолдың елти түрткен түлені.  
Сен есіме түсе бердің несіне,  
Өткен күннің үзілмеген жүгені.

## **КӨЗДЕРІҢНЕН ТҮСКЕН СӘУЛЕ ӨРТЕУДЕ**

Көздеріңнен түскен сәуле өртеуде,  
Ұшқынына байланып тұр ер кеуде.  
Қиыстырып жолымызды бұл тағдыр,  
Таныстырып тұр дейсің бе бекерге.

Ой тербеген бір сезімнің бары анық,  
Алғашқы оның махабатта қадамы.  
Күннің күміс күлкісіне таранып,  
Кірпіктерің неге жебе қадады.

Денемде ойнап бір асыл күй барады,  
Ұнатарсың шымырлатқан әуенін.  
Аяласаң сезім бүрін жарады,  
Жүрек айтқан тыңдап сөздің мәйегін.

Су астында тұншыққан ай келбеті,  
Өзгермес су сапырылып тұнса да.  
Сенсіз сұлу болар ма екен жер беті,  
Барша жұлдыз жымың қағып тұрса да.

Сен де қалқам өзінді аймен бір сана,  
Керім түннің кербез басқан шырағы.  
Ал мендегі сезім билеп тұр сана,  
Көзін жаңа таудың ашқан бұлағы.

**ЖАТАҚХАНА БІЛМЕГЕНІҢ БІЛІП АЛ**

Мұндай үйді көрмеп пе едің не тегі,  
Еденінде гүлдің өскен шетені.  
Жатақхана білмегенің біліп ал,  
Жердегі бар жұлдыздардың мекені.

Оқу оқып ауылда жүр бір есі,  
Бір әулеттің үміт артқан киесі.  
Мұнда тұрып жатыр қазір жанымен,  
Гүлді идірген самалдардың иесі.

Той жасап-ақ жіберетін бір кеште,  
Армандардың қанатына мінгескен.  
Өңкей өрім жайнағандай гүл десте,  
Мұнда сезім иелері күн кешкен.

Қараңғының өзі жарық мұндағы,  
Ән естілсе ұйып қала тыңдады.  
Бір арудың жас оянған сезімін,  
Бір жігіт кеп жүрегінен ұрлады.

Махаббатын жүрек табар шоқ түсіп,  
Екі сезім өртенеді от құшып.  
Көбейтеді күйеулердің қатарын,  
Бір ауылға бірі келін боп түсіп.

Бөліп жеген жас күніңнің ырысын,  
Дос табасың, өзің оның құлысың.  
Бұзбаңдаршы дәл осындай адамдар,  
Құс кеуделер дүрсілінің тынысын.



Мұнда өтер жас өмірдің сынағы,  
Бірі сынып, мыңы түлеп шығады.  
Жатақхана білмегенің барып көр,  
Білім қуған білектілер жұмағы.

## **КЕЛЕР КҮННІҢ КЕСЕСІНДЕ БАЛ ТҰНАР**

Бір жүрекке айналғанда жартылар,  
Өмір жүгі бір иыққа артылар.  
Бақыттарың баянды боп кетуге,  
Босағада күзетшің боп ар тұрар.

Келер күннің кесесінде бал тұнар,  
Болсын өмір есесінде ар тұмар.  
Бүгін бақыт күймесімен жол баста,  
Сендерге елдің ертеңгі ісі артылар.

Бабан салған жолға міне түстің бе,  
Кедірсіз деп ойлама оның үстін де.  
Түсінісіп бір-бірінді өніңдер,  
Мұратәлі күліп кетсін құс түнде.

Жақсылардың жайлауына мұрын тық,  
Нақылының сәулелерін мың үн қып.  
Сендер бақыт құшсын дейді-ау, бір нәрсе,  
Әжең әне істеп жатыр ырым қып.

Қарсы алыңдар бозға мінер әр таңды ақ,  
Жақсылықтың дастарханы қалтаңды ап.  
Жаратылсын қызығыңа бар малың,  
Бұл өмірде ұрпағың мен ән қалмақ.  
Өтпе жалған қызылына жаутаңдап.



**ЖҮРЕК СЫРЫН ЖАЙДЫ КӨК БӨРІ МҰҢ**

Жүрек сырын жайды көк бөрі мұң,  
Ішке түсіп саумал сүті демінің.  
Сыбыр қағып сөйлегенде гүл төкті,  
Жарты Айдай жаратылған ерінің.

Құлап аққан бұлақ үнді күлісің,  
Қырық қыздың ішіндегі дүрісің.  
Дүниені тоқтатып сәт қойғандай,  
Көз арбаған сенің кербез жүрісің.

Қара шашың сансыз сәуле қадалған,  
Қара түннің тамырынан нәр алған.  
Ай бетіңе жағылған қос қара түс,  
Қара түннің қаламымен боялған.

Қанатының қауырсынын кірпік қып,  
Қара Айдай қас астына түн тікті.  
Сендегі бар әсемдіктің сиқыры,  
Мендегі Ай жарығына ынтықтық.

Көр аунатып қарашығын көзіңнің,  
Найзағайы ойнап бойда сезімнің.  
Мен жаныңның көріп кемпір қосағын,  
Тағы бір түн дөңбекшүмен көз ілдім.

## **ҚЫЗ АУЛЫНЫҢ КЕШІНДЕ ТҮНЕУ АЙЛЫ**

Махаббат үшін ішейік кел бауырым,  
Болады бір кесені емге алуың.  
Жігіт болсаң көтер деп ел сынаған,  
Қырық шырақ байлаған қыз ауырын.

Махаббат үшін жұтады біреу қайғы,  
Өміріне ойланар тіреу жайлы.  
Азат ойлы сезіммен қандай бақыт,  
Қыз аулының кешінде түнеу Айлы.

Махабат үшін жатады дос өкпелеп,  
Қолы жетпей қалған соң өсектемек.  
Тіл емес жүрек сөйлер махаббатта,  
Етпейді және оған есеп көмек.

Махаббат үшін де бар тағын тастар,  
Жүрек көрпе жамылып, арын жастар.  
Махаббат деп көсемсір, мен аяймын,  
Бір-бірін алыс кетсе сағынбастар.

Жүректі берме тәнге күдікті етіп,  
Жұмақ көп жер бетінде бақ ашқасын.  
Жүрексіз есіктерге кіріп кетіп,  
Тілейік ешкімнің де адаспасын.

**ГҮЛМЕН ТҮСТЕС БАЛАСЫҢ**

Көп адамның бірісің,  
Тұрысың да жүрісің.  
Көзде бірақ отың бар,  
Жарық етер түн ішін.

Гүлмен түстес баласың,  
Жерде айдай дарасың.  
Көлеңкеңді қондырды,  
Маған бір сәт қарасың.

Жүрегімнің дірілі,  
Тіліме кеп ілінді.  
Бұл сүю ме, күйю ме,  
Оқымадым ілімді.

Сыпайы кеп жымыып,  
Қарасыңнан қайнадым.  
Асау ұлды мың иіп,  
Жүрегіңе байладың.

Сезім деген немене,  
Десем де өзім елеме.  
Маза бермей қойды ғой,  
Түскен күндей төбеде.

Қыз үйіне ынтықтық,  
Айла таппай бүркіттік.  
Қарауыл боп жүрмін мен,  
Көңілімді мылтық қып.

Қызық қуған күнімді,  
Мұң басты ма бір үнді.  
Балауса бал өмірдің,  
Жеңі неге түрілді.

Жаныма сыр тастадың,  
Жұмбағын еш ашпадың.  
Балалықты быт-шыт қып,  
Қандай өмір бастадың.

### **ЖУСАН ИСІН СЕЗІНБЕГЕН ҚАЛАҒА**

Күннен қашып көлеңкеге енді кеп,  
Отырды отқа ат шылбырын ұзатып.  
Қой соңында жүрген жігіт өңді деп,  
Шықпайтындай түрі қазір қыз атып.

Түрі орнына келер жуса қой шаңын,  
Мазалаған ол жай емес жүйкені.  
Қинайтыны қиялында ой шамын,  
Жағатұғын таба алмай жүр пілтені.

Қалада бір көріп еді ес біле,  
Хас сұлуды ертегіде көретін.  
Сол бір ару елес болып кеш кіре,  
Көңілінің қонағы боп енетін.

Тілдеспек боп сонда қала гүлімен,  
Сөз бастаған жігіт дала тілімен.  
Ауыл жайлы айтып еді керім қыз,  
Ұғыса алмай қойды ақыры мұнымен.

Таба нанды тітіркенді қыз естіп,  
Көмесіңдер оны қайтіп тезекпен.  
Апам көмген сол нанды жеп біз өстік,  
Деп ұқтырып көрмекші еді кезекпен.

Ол да қыздың санасынан жат көшіп,  
Иландыра алмады ауыл асына.  
Қалада ақ жүрем деді бақ кешіп,  
Ауылыңда сор тілеп пе ем басыма.

Шата тілде сөйлескенін кешсе де,  
Дәл осылай деген қыздан шошынды.  
Не бұрқасын, боран көріп өссе де,  
Тағы мінез түсініктен тосылды.

Одан ары қозғамады сыр айтып,  
Қуыршақ қыз көрсетті шын келбетін.  
Тексіздігі жігіт жанын мұңайтып,  
Түсіндірер мұның халін елге кім.

Мөлдір бұлақ жусан басқан қырымның,  
Желігінен желді ап қашқан құлынның.  
Дүбірі бар сол ауылда өткеннің,  
Қасиеті сонда жатыр бүгіннің.

Содан бері қойшы жігіт ой баққан,  
Бар аңсары ауа берді далаға.  
Бармақ емес жасаса да той мақтан,  
Жусан исін сезінбеген қалаға.



## **ТАҒДЫР ҰРМАСЫН**

Түн тіл салған мезгіл жарыққа,  
Күн қызығы бітіп тамырланғанда жиекке.  
Мен сені шақырдым тамұққа,  
Басыңды сүйеп тұрдың сен жаным иекке.  
Тұра берсек өскен емендей –  
Қатарласып біткен бұтақтары айқасып.  
Тыңшының тілімен елеңдей,  
Сыр тартсақ жапырақтарымызбен байқасып.

## **МЕРЕКЕЛЕРІҢМЕН...**

Мерекелеріңмен Ана, қыз, сүйікті жар,  
Ай мен күндей аспанда биік туар.  
Табиғат та өздерің адамзатты,  
Мәңгі көктем жүрекпен сүйіп тұрар.

Сіздер барда біз бармыз жусан шашты –  
Қырға шыққан қу өмір қусаң қашты...  
Бір махаббат тамшысы көзден түссе,  
Бусандырып жіберер бусанбасты.

**КӨРМЕК ЖҮЗІН КЕМПІРҚОСАҚ**

Найзағай ер дүркіреп кеп,  
Көрмек жүзін кемпірқосақ.  
Көмейіңнен сыр тілек төк,  
Мұнда қалсын ел бір босап.

Астары жоқ бұлт көйлегі,  
Көрінді ме сәуле денең.  
Таңданыстан жұрт сөйледі,  
Сұлулық-ай әурелеген.

Кәрі аспанның ерке қызы,  
Сұлулық жоқ сенен өткен.  
Маржан төгер жерге жүзі,  
Жаратылған кереметтен.

Сен шығарсың жердегі бар,  
Сұлулардың бір шешесі.  
Көрген жігіт елдегі нар,  
Қандай жарқын пешенесі.



## **ОТ ТҮН**

Құшағымда талықсыдың,  
Сүйіп тұрып ернімнен.  
Саған ғана жан ыстығын,  
Сездіре алар ермін мен.

Көз жұмылып ыңыранды,  
Балқып -шалқи қос дене.  
Құмарлықтың қыбы қанды,  
Жан қалауын хош көре.

Тән сұлық та жан ессіз,  
Сана сүттей ұйыған.  
Ұятсыздық демессіз,  
«Адам» бітер сыйынан.

Табиғаттың берген күйін,  
Айналдырған мазаққа.  
Таң қаламын жоқ па тыйым,  
«Пенде» дейтін ғажапқа.

Көбеюдің жұмағынан,  
Бал жала бек адамзат.  
Ібілістің бұлағынан,  
У ішпе тек адамзат!

## ШЫН МАХАББАТ ДЕГЕНІҢ ОСЫ ЕМЕС ПЕ?!

### БАЛЛАДА

Қыз бен жігіт –  
Ғашықтар боп көп жүрді жұрт қызығар,  
Елемей жаттың қадар көзқарасын.  
Тағдырдан кеп соққанда бір күн ызғар,  
Бүгінделмек жүректер бұзды арасын.

Қызды алып қашқан өзге бір жігіт кеп,  
Сұлуды қалған шығар ол да ұнатып.  
Бақыт күнін қалдырар кім біліп тек,  
Тал қариды арманы мұңға батып.

Қыз көнбей қойды көпке азғырса да,  
Жабылып кемпір біткен жазғырса да.  
Алдау мен арбау айтқан ауыздардың,  
Отырды ортасында қыз бейшара.

Бір апа келіп кірді кеңесіне,  
Қатты айтты қызға қарап о несі де?  
Еліңнің сенесің бе ертеңгі күн,  
Есік аттап келген қыз демесіне.

Осы сөз орақ болып жұлған гүлді,  
Түсірген келін үйге думан күлді.  
Артықсың ба деп жүріп бәрі қыздың,  
Махаббатын ақыры құрбан қылды.

Өзге бақтың қыз өсті құшағында,  
Сүйгені іштей орап құса мұңға.



Көндігіп бұйрыққа осы жүрген кезде,  
Бір ұрпақ бой көтерді құрсағында.

Ана болып ұмытты қыз өткенін,  
Мінезін де сіңдірді түзеп келін.  
Бір ақ ұлды әулетке, бір ұл силап,  
Ағайынның ерітті мұз өткелін.

Сүйді оны күйеуі, ағайыны,  
Шашты іштегі баяғы арай мұңы.  
Өмір деген шебер-ақ алтын етіп,  
Жіберетін тотыққан қалайыны.

Бір махаббат өшкенмен дара туған,  
Бір махаббат оятты бала туған.  
Алып қашқан кешегі күйеуін де,  
Сүйді ол тағдырым деп жаратылған.

Қайта маздап қарсы алды жастан таңды,  
Бақыт дейтін кешірді бастан дәмді.  
Өмір деген қайтадан тудыратын,  
Жырау екен жаңа бір дастандарды.

Кім білсін қандай алда жолы жатты,  
Бұл тағдыр жұмсақ бірде қолы қатты.  
Көндігіп күй тудырған жаңа әуенмен,  
Атылған оқыстан бір оғы батты.

Қайғыға толды қайта шерлі кеуде,  
Көрінер өмір ерте көр біреуге.  
Темір тұлпар соғылып жол апаттан,  
Қимайсың жап жас жанды өлді деуге.

Баласы өліп бір әулет зарлап қалды,  
Күйеуі өлген жас келін қарғап таңды.  
Жастығынан оянған жалғыз басы,  
Ауырлықты көтеріп салмақтанды.

Күйеуінен қалған ұл медет болды,  
Жібітті басқа қонған бөлек тоңды.  
Өбектеп алыс жақын бар ағайын,  
Қайғыны қуды күшті жебеп қолды.

Кешірімес тәңірге кім тас атпақты,  
Тәубә тіл жүректерді қашап қақты.  
Өлмек жоқ өлі артынан деген елмен,  
Тірі адам тіршілігін жасап бақты.

Жаланып жылдар өтті уы тарқап,  
Кезекті екі аяқты адамға ортақ.  
Жасып қалған көңілдер тыныс алды,  
Сәбидей аяқ басқан балаң қорқақ.

Жетер жерге жеткізер жол адасып,  
Үріккен құс қайранға қонар ашық.  
Алдамшы арман арқалап қала жаққа,  
Келін тұрды жұмысқа орналасып.

Алдағы күнге бойда сезік тұрды,  
Өмір де өр мінезін тез ұқтырды.  
Бұйығы күн кештірген бұл тағдыры,  
Баяғы махаббатын кезіктірді.

Адастырған тағдыры он алтыда,  
Жағасынан аямай алды алқына.



Болмайтындай секілді ұнатуға,  
Бойда бірақ ерік жоқ оны айтуға.

Санасызға бұл бір іс мазақ арты,  
Бұйырмасын ешкімге жаза жалпы.  
Жігіт шықты алдынан сол баяғы,  
Махаббатын сақтаған таза қалпы.

Сол баяғы ынтықтық үркек сезім,  
Тіл ұшына байлайды тіркеп сөзін.  
Бір-біріне түскенде қарсы қарап,  
Екеуі де кетеді бүркеп көзін.

Қыз күнінің шаттығы енді есіне,  
Жалаң аяқ жүгіріп келді есіре.  
Қыз жылайды мұайып сол баяғы,  
Он алтының еніп бір бөлмесіне.

Оянды сол от сүйіс өліп-өшу,  
Нұрлы сезім жібегін жеңіп есу.  
Қолдан келсе екеуі қалап-ақ тұр,  
Алғашқы бір сәттерге кері көшу.

Тірілген бір дірілден күйге енбеген,  
Баяғыша қос құшақ күй көрмеген.  
Сүйгенінен айрылып бір кездері,  
Жігіт әлі басқаға үйленбеген.

Содан бері жігітте жүріс өнбей,  
Жолығар деп қыздардың бірі сендей.  
Біреудің сен жары боп жүр дегенге,  
Өтер жандай өмірден тірі сенбей.



Қос жүректің ағылды мұны селдей,  
Тарқатылды байлауы дұрыс өрмей.  
Жігітті қыз жоғалтты кешегі күн,  
Орыс тартып әкеткен күміс ердей.

Екі жасты билейді дара сезім,  
Махаббаттың тірілтіп бала кезін.  
Қос қуына ұқсайды сыңар ұшқан,  
Өмір дейтін айдыңның қарашы өзін.

Миы мисыз көтерер түрлі намыс,  
Біреу түзу екен деп басар шалыс.  
Білеріміз шын сүйген жүректердің,  
Табысқаны қашанда шын қуаныш.

Он алтының бір әні келді есіне,  
Түрлі тілде сөйлейді ел де есіре.  
Алдамшы бір үміт деп қыз ойлаған,  
Бірақ жігіт қоймады сенбесіне.

Ай да шаттық тілеп тұр жерлесіне,  
Сұлулықта жердегі теңдесіне.  
Көне тілді төбелер екі жастың,  
Жаратқаннан береке бер де ісіне.


Біз онсыз да кешіктік жүр басалық,  
Салайық көп қуансын мұңға шарық.  
Деген жігіт ұсынып ақ жүрегін,  
Қызды әкетті ертесін сырға салып.

Ойланғанға қашанда уақыт тірек,  
Ойлыларға жүрсінші уа құт түнеп.



Махаббатқа қуанып Отырардың,  
Сыбырлайды қамысы бақыт тілеп.

Тағдыр жазса маңдайға өс егесте,  
Ұрлатпа да сырыңды бос елеске.  
Замананың жастары үлгі аларлық,  
Шын махаббат дегенің осы емес пе?!



## МАЗМҰНЫ

### БІРІНШІ БӨЛІМ АЙ АБЫЗ ДЕРТТІ ҚОЗҒАЙДЫ

Сөз анасы есендік.....	4
Сырлытастарға қашап жазылған.....	7
Қазақ, қазақ бір Ұлы сөз, еркін ұл.....	9
Түркістан түрік анасы.....	10
Сыйлағай күнге тыныштық.....	12
Түркістан сөз анасы түрік үшін.....	13
Шыңғысханның шындығы	
1.Бұлақ көзі.....	14
2.Қаһандар мен қаймана.....	15
3.Хан Әке.....	16
4.Тәңірінен сұрау.....	18
5.Алтын тәж.....	20
6.Мұрагер.....	25
7.Түйін.....	28
Асқақ елдің тілегі.....	28
Аспан сүйіп жерді.....	29
Жылға тілек.....	30
Жауыныңмын.....	31
Намыссыздар оқимасын.....	32
Тәуелсіздікке тоғыз.....	33
Әбіш Кекілбаев..Сіз де өттіңіз.....	34
Нұрмұхан Оразбеков қазасына.. Қоштасу.....	35
Берер дәні.....	36
Балбал абызым даламмен мұңдас.....	37
Құдайға мына халық құл!.....	38
Құлды да тыңда бір рет.....	45
Қожаберген Толыбайұлының монологы.....	47
«Елім-ай»дастаны үйлесімімен.....	50





Кейде жаным құлазиды досты іздеп.....	52
АйАбыз.....	53
ТемірханМедетбекмерейтойына.....	54
Опалыдүние,–адамдарнедепжылайды?.....	55
Аттары алты қырда шаң қағатын.....	56
Қарама бірақ – жалданып күлген.....	57
Киіктің зары(2015 жылы киік қырылды).....	58
Күреңді ерттеп... Ислам Әбішевке.....	59
Райхан Әбубәкірқызы Алдашоваға.....	61
Көңіл жеткен құзда тұрып ұялам.....	62
Адамдық асыл ұлылық.....	63
«Меркі» шипажайындағы 527 бөлме балконынан.....	64
Ақ бұлттай жаным, жарасым! (Т.Айбергенов рухына).....	66
Жиырма жастағы жігітпін ғашық.....	68
Құдайға Құл адамға Бек.....	69
Күнге дұрыс жол жүріп келеміз бе?.....	70
Тәуелсіздік еншіме тиіп ерек.....	71
Даласын аялайтын Күн ұстасын.....	72
Ақ күміс аққан кезде тасты жуып.....	73
Алақанымда Алматым – уысымда.....	74
Былдырап тілі шыққан бұлақ көркем.....	75
Мұқағали рухына.....	76
Өр Алтай үйреттің сен биіктікті.....	80
Күміс белбеулі Ертісім.....	81
Өскемен өскен елім, өз Кемелім.....	82
Аққудың ақ бесігі.....	83
Алтын саусақпен қаққаны.....	84
Өлең кешін.....	85
Табыс.....	86
Шымкенттегі әуе апаты құрбандарына.....	87
Кентау қаласының Тәуелсіз елге арызы.....	88

Қожанасырдай айтатын құлап барып ән!.....	89
Күн астында қыраным.....	90
Жаңақорғаным.....	91
Менің, сенің яки елдің таңбасы.....	92
Ойым озат дейін десем.....	95
Қайраткер Б.Дәрімбет рухына!.....	96
Ошағыңнан «от» ал да.....	98
Элита мен эпопея.....	99
Сұңқар ақын Сәкен рухына! Қызыл ту шылауың.....	100
Көңіл жылайды.....	101
Жаңаарқа.....	102
Түркістаным – жан шарабым.....	103
Аллаға деген махаббат ғана тұрақты.....	104
Алғыс күні.....	105
Рухани Астанаға!.....	106
Сырлытас.....	107
Сырлытасқа.....	108
Ғасырлар қақпасы бол қасиеттім.....	109
Рахманқұл Бердібай рухына!.....	110
Елім сен бақыттысың-ә.....	111
...Өлең...Ардақ дос.....	112
Еренге.....	113
Махаббатбірақретжолығады.....	114
Салбосын, Ұлман, Ақтай аналарыма.....	115
Кешеден жоқ қонақ.....	116
Қарашадан хан болған.....	117
Әніңді.....	118
Жанат Бақытпен ФК-те сырласу.....	119
Көршілер.....	120
Солжанды мәңгі іздеймін.....	121
Сәрсен Жанарға.....	122
Сағыныш жанды тонады.....	123

Азамат керек қоғамға.....	124
Бір ауыл жыр құсады.....	125
Жарынан айрылған жақсыға.....	126

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

### СЕЗІМІМНІҢ САУСАҚТАРЫ ЖҮЗІКСІЗ

Сезімімнің саусақтары жүзіксіз.....	128
Алтындап түнге ілінген- ашады жабық жақшаңды.....	129
Шах-тың бір-ақ тасын жеп.....	130
Алқалы аспан сезім күйі сегіз көлге шомылып.....	132
Жандостай соқсын жүрегің.....	134
Әбдікәрім Манапұлына.....	234
Қасқа жол салған Өлеңге-Қасымхан ерте білген бе.....	135
Поэзия сенің атың Назым қыз.....	137
Қара түнім туар әйел ерінді.....	138
Қазақтың қанында жасаған КІСІЛІК.....	139
Саралы сөз тағынан, Қағанаттың қағынан...	140
Көрмейміз ... Түркістан көшелерінен (Ө.Сәуірбаев рухына).....	141
Адамның кейпіне еніп кел.....	142
Аспанда да кілең қазақ тұратын.....	144
Жаңбырдың жұтып жұпарын, жастәніңді.....	145
Адам неден жаңылдың.....	146
Өлеңі жоқ адамнан сескенемін.....	147
Жұлдыз біткен жерге аяқ басады.....	148
Қара жол қарап тұрсам бір нүктеге.....	149
Бабамның өткір найзасын.....	
Қанжарын қадап қалғанда тағдыр.....	150
Жымың етіп қалғанда .....	152

Астанам мейірім тірегі .....	153
Аман -ар ма нағашым.....	154
Қазалы жанға.....	155
Жары жақсы қандайдың.....	156
Өзіңнен асқан зор мықты.....	157
Өлеңге бер деп керегін.....	158
Егесу.....	159
Торығу.....	160
Кір түсірме жағаңа.....	160
Әр нәрсенің болатынын киесі.....	161
Құзға біткен қос мүйізден ұялам.....	162
Әзәзіл ермегі.....	163
Қателікке ұрынып сынды аяғы күйемнің..	164
Бақ пен сорды ажыратар бірің жоқ.....	165
Уәдеден тайған бауырым.....	166
Бейкүнәлілік.....	167
Сырлытастан сырұқты да мінді атқа.....	168
Еркек жұлдыз екіреніп аспандық.....	169
Өмірге келгені үшін кінәлі адам.....	170
Ашу дұшпан ұмытып тіршілікте.....	171
Жүрексіз жол.....	172
Алжасу.....	173
Көңілге көтере алмас тас түскенде.....	174
Жүрек тілін шығарып амал ізде тыңайтар..	175
Мұннан бақыт іздегенді жүдетпе.....	176
Беріп төс қолдан.....	276
Нұржанымның рухына!.....	177
Сүйей біл.....	178
Аспанда ілулі тұр көңіл кілті.....	179
Өмір тұрды кірпігіне байланып.....	180
Қыжыл.....	181
Мұңсыз күйде ертеңгі мұңлық не-бір.....	182
Күйінуің тұрмайды шөл басуға.....	183



Үстінде жердің өлетін күнін қумаған.....	184
Өлең- алақандай анаң бар пәк тілекті.....	185
Бас дәрігер Ануар Баянұлына.....	186
Шен таққан шағалдардың сатқындығы.....	187
Сөйлеймін арман тілінде. Бүгін де.....	188
Адасса алып тауды құм ететін.....	189
Жатқанда ұйықтап ұрпақта өзіндік сана.....	190
Көбінің көзі аспайды көлеңке тұстан.....	191
Ақ семсері Көк қолының көктегі.....	192
Көлік апатына түскен Айдар досыма!.....	193
Күн қуып жүріп Ай міндім.....	194
Жастарым аман жүрші тек.....	195
Қуаншы бүгін сенің туылғаның.....	196
Күн төккен жебесінде алтын шашақ.....	197
Өмір деген Астана жолы емес қой.....	198
Қыран көзді жаны кемге, кекесін.....	199
Түркістаны тұмары.....	200
Ар мен базар ағайын боп көрінгенде билікте.....	201
Кесек құюшылар мен зәулім үй.....	202
Қырық тесік шапанын жайып көкке.....	203
Адам жаны мейірімнен айрылған.....	204
Мекемтас ағаға!.....	205
Тозақ жаққа тура тартар ұпайын.....	206
Ағылшын тілі мұғалімі.....	207
Астанаға апаратын секілді.....	208
Қашғарилар ақылындай бұл өмір.....	209
Жыла жаным жылап ал жеңілдерсің.....	210
Күлу үшін өмір сүре біліңдер.....	211
Кемтар ойдың кесірі елге тигенде.....	211
Батыраштар ұрпағынан түңілем.....	213
Қуқұлқынды артық көріп тірлікте.....	214
Күн кешіп ек сөз пісіріп, хат еміп.....	215

Сыртқы күштің әсерімен қол бастап.....	216
Құлагерлер бәйге алған жоқ расында.....	217
Бақыттың жазын бір-бірімізге тілейік!.....	218
Жел кезеді даланы тынысындай тәңірдің.....	219
Айтылған сөзім жауған қар.....	220
Өмір билеп.....	221
Бабалар сөзі қуат бер.....	222
Қызық қу да ұятын көтеріп кет.....	223
Ажалға да бабам сақ-сақ күлетін.....	224
Қазақтан иман ұрланса.....	225
Ондағы өмір рас қой.....	226
Қалқалап бағын қауырсын.....	227
Көкжиекті күн билейді елжіреп.....	228
Ей момын шарап құйшы шөл қысты ма?.....	229
Ой кеңсе кілтін ашуға.....	230
Ұлттық кітапханада Мұхтар Мағауинмен дидарласу.....	231
Иесі өзің ел көнді.....	232
Төрт аяқ атқа жатқызып.....	233
Әйтсе де ғасыр сенен іздеп жүрмін.....	234
Әбдікәрім Манапұлына.....	234

### ҮШІНШІ БӨЛІМ

## МАХАББАТ ТА ЕРТЕГІ ТЫҢДАЙ БІЛСЕҢ ҚИЯЛЫҢДЫ ҚҰНДАҚТАР БІР ШЫНДЫҒЫ

Сары шашты қыз.....	236
Сағынып жүр.....	237
Өткен күнім өтпесінші деп тілеп.....	238
Жауқазыннан үміт күтіп.....	239
Кезімде күзім піскен.....	240
Кешір мені.....	241

Сыңар аққу сезімі.....	242
Қайран өмір.....	243
Ғашық жүрек.....	244
Бақыттан жаралдың ба.....	245
Жатақхана.....	246
Ақ көйлекті аруым.....	247
Жігіт сыры.....	248
Қиялдағы арман.....	249
Айнұрым.....	250
Қызыл көйлек.....	251
Кеш келген махаббат.....	252
Аспанға қаққан шегесі.....	253
Шынды серік ету жанға.....	254
Өткен күн.....	255
Саналы сағынышым сағым толқын.....	256
Шаштарың меңсіз түннің кірпіктері.....	257
Таң азанда гүлге түскен шықтай қондың.....	258
Торығып қайтпай адамдар.....	259
Жатақханаға келетін едің.....	260
Бейкүнәлікті жылатпа.....	261
Түсініп ал тек түс аумай.....	262
Не іздейді... Бұл жүрек ем іздейді.....	263
Махаббатпен кетермін жұмағыңа.....	264
Көңіліме көктеп суретін қойғаны несі.....	265
Сәулеге1.....	265
Сәулеге2.....	266
Өмір өте шықпай ма өлеңдетіп.....	266
Көк шаһардан көктем түсіп осы кез.....	267
Құс ұйқы өмір қызығыңменен дауала.....	268
Ақ арымдай сүттеп беріп тонадым.....	269
Арманымның ақ аспан боп төсегі.....	270
Қайтем сені?- Қытық тиіп қағынып.....	271

Бақыттымын мен де абақты өмірде.....	272
Күн ием-ау ендеше.....	273
Сәулегез.....	275
Қара суды төсек етіп түнейді.....	276
Сезімді жырда тұра ма құйылмай мүсін.....	277
Шын сүюде сезім сөйлер, тіл сынып.....	278
Мен сені күтем.....	279
Тағзым... Жұматайға!.....	280
Сөзің жаулап жанды айқын.....	282
Айға қарап ұлиды жерде әпендең.....	283
Көктем жылап қуанттың.....	284
Махаббаттың жүзі өтірік бірі шын.....	285
Қызға төсеп жүрегін дөңгеленіп.....	286
Мен саған ғашық болдым он үшімде.....	287
Қыз жүрегін алдымен тіл алдайды.....	288
Жасап бақтым Ай көркіне тыңшылық.....	289
Сіз сенбей қойдыңыз, ұнатам деп.....	290
Бояма сен өңінді.....	291
Күн елім.....	292
Сен есіме түсе бердің несіне.....	293
Көздеріңнен түскен сәуле өртеуде.....	294
Жатақхана білмегенің біліп ал.....	295
Келер күннің кесесінде бал тұнар.....	296
Жүрек сырын жайды көк бөрі мұң.....	297
Қыз аулының кешінде түнеу Айлы.....	298
Гүлмен түстес баласың.....	299
Жусан исін сезінбеген қалаға.....	300
Тағдыр ұрмасын.....	302
Мерекелеріңмен.....	302
Көрмек жүзін кемпірқосақ.....	303
От түн.....	304
Шын махаббат дегенің осы емес пе?.....	305
Мазмұны.....	311



# Досбол ИСЛАМ

## Сырлытас

*Өлеңдер*

(Қазақ тілінде)

«Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасының директоры –  
**Қасымхан БЕГМАНОВ**

Редакторы: *Асан Қарамырза*

Техникалық редакторы: *Талгат Әлімжанұлы*

Безендірген: *Мейрамбек Еңсепбай*

*Бөлімдерге Шәкен Бөкетовұлының  
туындылары пайдаланылды*

Басуға 12.04.2016 ж. қол қойылды

Қаріп түрі «Times New Roman». Офсетті басылым.

Пішімі 84x108<sup>1/32</sup>. Шартты баспа табағы 17

Таралымы 2000+120 дана.

Тапсырыс №

«Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасы  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,  
Абай даңғылы, 143. офис 400  
Тел.: +7(727)3944293, Ұялы тел.: 87772119934.  
Эл.пошта: dastur\_09@mail.ru

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.

ISBN 978-601-7505-27-1



9 786017 505271



## Өмірдерек

Досбол Ислам барыс жылы өмірге келді. 1991 жылы Түркістандағы А.Байтұрсынов орта мектебін «күміс медальмен» бітірді. Тараз қаласындағы «Гидромелиоративтік институтының» автомеханика факультетіне әңгімелесу негізінде оқуға қабылданып, 1993 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне шақыртылып, 1997 «қызыл дипломмен» бітірді. 1998 жылы Алматыдағы Республикалық «Қазақ Елі» газетінің арнаулы тілшісі, «Түркістан» газетінің хат секторының жетекшісі қызметтерін атқарды. 2001 жылы филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін қорғап, 2011 жылы (Phd) қауымдастырылған профессор ғылыми атағын алды. Досбол Ислам халықаралық, республикалық, шет ел конференцияларына қатысып 40-тан аса ғылыми мақалалар жариялады. Ғалымның «Ақын әлемі» монографиясы, «Қазақ лирикасы», «Бүгінгі сөздестеге ой жүгіртіп» оқу құралдары, «Ақын тілі – арман тілі» жыр жинақтары кітап болып жарыққа шыққан. Ақын Досбол Ислам «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» атты республикалық жыр мүшәйрасының I, II-Республикалық жазба ақындар мүшәйраларының (III-орын) жүлдегері. «Ақтөс абадан» прозалық туындысы мен «Қан жұтқан ақпан» драмалық шығарма авторы.